**ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**БЕКІТЕМІН**
**Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-Ректор**
**_____ Қ.Р.Балабиев**
**«31» 08 2026ж.**

# ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТТІҢ 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Ғылыми кеңестің мәжілісінде
қаралды және бекітілді
Хаттама № 1, «31»08 2026 ж.

**Шымкент, 2026 ж.**

| Р/с. | Мазмұны | беті |
|---|---|---|
| **1** | **Кіріспе** | 5 |
| 1.1 | Университеттің кадрлық құрамы, профессор-оқытушылардың саны және сапалық деңгейі | 11 |
| 1.2 | Ғылыми кеңес пен кеңейтілген Басқарма отырысының құрамы, қаралған мәселелер, шешімдер және олардың орындалуы. | 11 |
| 1.3 | Қорытынды. | 14 |
| 1.4 | Ұсыныстар. | 14 |
| 1.5 | SWOT-талдау | 15 |
| **2** | **Оқу процесін ұйымдастыру** | 16 |
| 2.1 | Реестрге тіркелген білім беру бағдарламалары саны (ҚР, QS ТОП-700): Инновациялық ББ, Бірлескен ББ, Қосдипломды ББ | 16 |
| 2.2 | Жетекші рейтингтерде орын алатын білім беру бағдарламаларының саны (Атамекен, НААР, QS-EECA пәндік рейтингтеріндегі орны (ТОП-500) және т.б. ). | 18 |
| 2.3 | Студенттер контингенті | 20 |
| 2.4 | Магистранттар мен докоранттар контингенті | 22 |
| 2.5 | Қысқы/көктемгі емтихан сессиясының мониторингі | 23 |
| 2.6 | Жазғы семестрді ұйымдастыру және мониторингі | 45 |
| 2.7 | 20__-20__ оқу жылында университеттің профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыруы | 47 |
| 2.8 | Бейресми білім беру бағдарламасы, Күміс университеті білім беру бағдарламасы, 6-74 жас аралығындағы цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған бағдарламалар бойынша мәліметтер. | 48 |
| 2.9 | Қайта даярлау курстары | 49 |
| 2.10 | Академиялық ұтқырлық | 50 |
| 2.11 | Халықаралық байланыстар | 51 |
| 2.12 | Оқытушылық қызметке тартылған шетелдік сарапшылардың үлесі | 52 |
| 2.13 | Ағылшын тілінде оқытатын ОПҚ туралы мәліметтер (пайыздық үлесі) | 59 |
| 2.14 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қолайлы жағдайлар жасалуы | 61 |
| 2.15 | Қорытынды. | 63 |
| 2.16 | Ұсыныстар. | 64 |
| 2.17 | SWOT-талдау | 65 |
| **3** | **Оқу-әдістемелік жұмыстар** | 67 |
| 3.1 | Кафедра пәндерінің оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуі. | 67 |
| 3.2 | Білім алушылардың өзіндік жұмыс түрлері бойынша тапсырмалар мен курстық жұмыстардың орындалуы және бағалануы | 70 |
| 3.3 | Кафедраның профессор-оқытушылар құрамының ашық сабақтарда оқытудың жаңа белсенді инновациялық әдістері мен мультимедиалық құралдарды қолдануы | 72 |
| 3.4 | Факультет, кафедралардағы ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік семинарлардың жұмысы | 82 |
| 3.5 | Профессор-оқытушылар құрамының оқу-әдістемелік жұмыстарының көрсеткіші (оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар, нұсқаулар, силлабус – оқу кешендері, зертханалық, практикалық жұмыстардың әдістемелік нұсқаулары) | 90 |
| 3.6 | Электрондық оқу басылымдарын дайындау. | 92 |
| 3.7 | Оқу процесіне инновациялық педагогикалық әзірлемелерді ендіру. | 95 |
| 3.8 | Жаппай ашық онлайн курстарын (ЖАОК) әзірлеу. | 97 |
| 3.9 | Дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыру | 102 |
| 3.10 | Қорытынды. | 104 |

| | | |
|---|---|---|
| 3.11 | Ұсыныстар. | 105 |
| 3.12 | SWOT-талдау | 106 |
| 4 | **Қорытынды аттестаттау** | 106 |
| 4.1 | Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру жұмыстары | 106 |
| 4.2 | Қорытынды аттестаттау нәтижелері | 110 |
| 4.3 | Бітірушілердің ПББ (Педагогтердің білімін бағалау) нәтижелері | 113 |
| 4.4 | Бітірушілердің жұмысқа орналасуы | 116 |
| 4.5 | Қорытынды. | 117 |
| 4.6 | Ұсыныстар. | 118 |
| 4.7 | SWOT-талдау | 118 |
| 5 | **КӘСІПТІК ПРАКТИКА** | 119 |
| 5.1 | Кәсіптік практиканың ұйымдастырылуы және бағалау нәтижелері | 119 |
| 5.2 | Кәсіптік практиканың жұмыс бағдарламалары, білім алушыларға ұсынылатын құжаттармен қамтамасыз етілуі | 123 |
| 5.3 | Магистранттар мен докоранттардың практикасы | 124 |
| 5.4 | Оқу процесіне тартылған жұмыс берушілердің, бизнес құрылымдар өкілдері туралы мәліметтер | 129 |
| 5.5 | Кафедра филиалдары туралы мәліметтер | 132 |
| 5.6 | Қорытынды. | 133 |
| 5.7 | Ұсыныстар. | 135 |
| 5.8 | SWOT-талдау | 135 |
| 6 | **Тәрбие жұмысы** | 136 |
| 6.1 | Университет, факультет пен кафедра бойынша топтарда өткізілген тәрбиелік іс-шаралар жайлы мәлімет (мазмұны мен формасы туралы). | 136 |
| 6.2 | Азаматтық және патриотизм деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде студенттердің өзін-өзі басқаруы және пікірталас қозғалысы арқылы тартылған білім алушылардың үлесі | 138 |
| 6.3 | Білім деңгейі бойынша білім алушылардың жалпы санынан волонтерлік қызметпен айналысатын студенттердің үлесі | 138 |
| 6.4 | Патриоттық сананы қалыптастыру | 139 |
| 6.5 | Рухани-адамгершілік даму бағыты. | 141 |
| 6.6 | Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімге тәрбиелеу | 141 |
| 6.7 | Құқықтық тәрбие | 142 |
| 6.8 | Салауатты өмір салтын қалыптастыру | 142 |
| 6.9 | Жастар бастамаларын қолдау | 143 |
| 6.10 | Ақпараттық-насихаттау жұмысы | 144 |
| 6.11 | Қорытынды, ұсыныстар | 147 |
| 7 | **Кәсіби бағдар жұмыстары** | 149 |
| 7.1 | Университет бойынша өткізілген кәсіби бағдар беру іс-шаралары жайлы (мазмұны, формасы туралы толық мәлімет). | 149 |
| 7.2 | Түркістан облыс аудандары, Шымкент қаласы бойынша бөлінген мектептер саны. | 152 |
| 7.3 | Қорытынды. | 153 |
| 7.4 | Ұсыныстар. | 153 |
| 7.5 | SWOT-талдау | 154 |
| 8 | **Ғылыми-зерттеу жұмыстары** | 155 |
| 8.1 | Факультеттің/кафедраның ғылыми-кадрлық әлеуеті, ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары, оның орындалуы, ғылыми-зерттеу жұмыс жобалары, бағдарламалардың жоспарлануы мен іске асырылуы | 155 |
| 8.2 | Республикалық, халықаралақ жобалар: ERASMUS+, HORIZON, ҚР ҒжБМ ҒК бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша | 161 |

| | | |
|---|---|---|
| | жобалар, ҚР ҒжБМ ҒК гранттық қаржыландыру бойынша жобалар, Стартап жобалар, оның ішінде бастамалық (инициативалық) жобалардың саны, жетекшілері мен орындаушылар туралы мәліметтер | |
| 8.3 | Жарияланымдар: баспадан шығарылған монографиялар, ғылыми мақалалар, конференция еңбектері (атауы, авторлары, жарияланған орны (Clarivate Analytics, Scopus базаларындағы), көлемі) | 162 |
| 8.4 | Патенттер және алдыңғы патенттер, иновациялық патенттер, авторлық туындылар (өнертабыстарды), зияткерлік меншік обьектісінің мемлекеттік тіркелуінің болуы, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерінің өндіріске енгізілгені, оқу үдерісіне енгізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері мен енгізу туралы актілер (саны және актінің көшірмесі). | 162 |
| 8.5 | Ғылым саласындағы ОПҚ жетістіктер мен марапаттар (ҚР салалық министрлігімен бекітілген ресми тізімі бойынша): елеулі жетістіктері | 163 |
| 8.6 | Ғылыми атақ алу (ҚР ҒжБМ немесе ОҚПУ дипломын алған жағдайда) | 164 |
| 8.7 | Қорытынды | 164 |
| 8.8 | Ұсыныстар | 166 |
| 8.9 | SWOT-талдау | 166 |
| 9 | **Материалдық база және оқулықтармен қамтамасыз етілуі** | 168 |
| 9.1 | Білім беру бағдарламаларына арналған зертханалық және арнайы кабинеттер | 168 |
| 9.2 | ББ бойынша қажетті кітап қоры және кітап қорын толықтыру | 172 |
| 9.3 | Студенттік жатақханалардағы енгізілген төсек-орындардың саны | 174 |
| 9.4 | Қорытынды. | 175 |
| 9.5 | Ұсыныстар. | 176 |
| 9.6 | SWOT-талдау | 176 |
| 10 | **Сапа менеджмент жүйесі** | 177 |
| 10.1 | Сапа менеджменті жүйесін жақсарту жұмыстары туралы | 177 |
| 10.2 | Ішкі аудит қорытындысы бойынша атқарылған іс-шаралар туралы | 178 |
| 10.3 | Аккредиттелген білім беру бағдарламасы | 185 |
| 10.4 | Университет KPI жүйесі | 186 |
| 10.5 | Мониторинг | 187 |
| | Қорытынды | 190 |
| | Ұсыныстар | 191 |
| | SWOT-талдау | 192 |

## Кіріспе

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті сапалы заманауи білім беру мен ғылыми саланы дамытқан оқу орны.

Заман талабына сай өз білім алушыларын еліміздің ұлттық құндылықтарын сіңірген, рухы биік, тағылымды тәрбиеге ие жаңа форматтағы маман етіп шығаруда, оқу процесіне жасанды интеллектіні енгізу, инклюзивті білім беру тәсілдерін қолдану арқылы бәсекеге қабілетті түлек даярлауда. Университетте дамыған инфрақұрылымдық орта қалыптасқан, студенттерге қолайлы кампустармен қамтамасыз етілген. Оқу процесін тиімді ұйымдастыру үшін соңғы технологиялармен жабдықталған зертханалар мен аудиториялар бар. Лабораториялар студенттердің тәжірибелік дағдыларын дамытуға мүмкіндік берсе, заманауи аудиториялар сапалы білім алуға қолайлы жағдай жасайды.

Университеттің даму бағдарламасы оқу ордасының одан әрі дамытуын және оның білім беру нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізгі мақсаттарын, міндеттері мен нақты бағыттарын тұжырымдайды.

Даму перспективларының негізгі тетіктері:

- Педагогикалық білім беру моделін жаңғырту;
- Ғылымды дамыту;
- Интернационализация;
- ОПҚ мен білім алушыларды әлеуметтік қолдау.

2025-2026 оқу жылы университет құрамында 1институт, 6 факультет жұмыс атқарды. Олар: Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты (ЖООКББИ), тарих және педагогика, филология, физика-математика, жаратылыстану, дене шынықтыру және спорт, өнер және білім факультеттері. Кафедралардың жалпы саны -21.

2025-2026 оқу жылында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің кадрлар әлеуеті потенциалы - 800 қызметкерді құрайды. Оның ішінде 425 оқытушы-профессорлар құрамы, штат бойынша 392. Ғылыми атағы мен дәрежесі бар оқытушылардың штат бойынша көрсеткіші 52,4 пайызды көрсетеді.

Университеттің білім беру қызметі білім берудің үш саласы бойынша жүзеге асырылады: Педагогикалық ғылымдар, Өнер және гуманитарлық ғылымдар, Жаратылыстану ғылымдары. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үш деңгейі: бакалавриат – 53 ББ (*оның ішінде 16 ІР*), магистратура – 22 ББ (*оның ішінде 1 ІР*), докторантура – 14 ББ, күміс университеті -14 білім беру бағдарламасы негізінде білім алушыларды дайындау бойынша жүзеге асырылады.

**Инновациялық білім беру бағдарламалары**

Бакалавриаттағы 16 және магистратурадағы 1 инновациялық білім беру бағдарламасы педагогикалық білім беру сапасын күшейту мақсатында Дүниежүзілік Банктің **«Орта білім беруді жаңғырту»** жобасы шеңберінде жасалынып бакалавриатта -1058 студент, магистратурада «Цифрлық педагогика» білім беру бағдарламасында -15 магистрант білім алуда.

**Бірлескен білім беру бағдарламалары**

Түркия мемлекетінің Гази университетімен бакалавриат бойынша бірлескен «6В01512 Физика мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы жасалынып келісуге жіберілді.

**Қосдипломды ББ**

Қосдипломды білім беру бағдарламаларын дамыту жұмыстары жалғастырылып, Солтүстік (Арктикалық) федералды университетімен бірлескен «7М01702 – Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша **3** магистрант оқуын сәтті аяқтап, қос диплом иегері атанды. Сонымен қатар, Қытайдың Сиань шетел тілдері университетімен «6В02303 – Филология (ағылшын және қытай тілдері)» білім беру бағдарламасы бойынша қосдипломды бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында келісімдерге қол қойылды.

Гази, Анкара, САФУ, Сиань университеттерімен қос диплом білім беру бағдарламалары жасалынды.

Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінің (HAAP / IAAR) рейтингісі бойынша – 8 орын, педагогикалық жоғары оқу орындары арасында 2-орын иеленді. Сонымен қатар жалпы аккредиттелген білім беру бағдарламасы (Бакалавр- 40, магистратура -18, докторантура -9) – 80% құрайды.

***Білім алушылардың контингенті.*** - **8421** (4328 грант+142 ЖАО гранты+3951 ақылы), соның ішінде:

- ❖ Колледжде-249 студент (241 грант+8 ақылы);
- ❖ Бакалавриатта- 7439 студент (3445 грант+142 ЖАО гранты+3852 ақылы);
- ❖ Магистратурада-579 магистрант (530 грант+49 ақылы);
- ❖ Докторантурада -110 докторант (96 грант+14 ақылы);
- ❖ Қайта даярлау -28 тыңдаушы;
- ❖ Тілдік дайындық- 16 тыңдаушы (16 грант).

2025 жылы оқу орнын 1995 түлек тәмамдады. Оның ішінде бакалавриат – 1817, магистратура – 161, докторантура – 17 түлек. Жалпы алғанда, оқу орны бойынша 1647 түлек жұмыспен қамтылып, жалпы жұмыспен қамтылу деңгейі 83% құрады.

2025-2026 оқу жылында университетте 76 ОПҚ ағылшын тілінде дәрістер жүргізді. Олардың жалпы ОПҚ санындағы пайыздық үлесі 17,75%-ды құрады.

2025 жылғы күнтізбелік жылы университеттің 3203 білім алушысына Coursera платформасында білім алу мүмкіндігі ұсынылып, 700-ден астам түрлі курсқа қолжетімділік қамтамасыз етілді. Нәтижесінде 2690 білім алушы кемінде бір курсты сәтті аяқтап жалпы саны 9167 сертификат алынды. Оның ішінде 3423 сертификат қазақ тілінде, 5411 сертификат ағылшын тілінде, 226 сертификат орыс тілінде және 107 сертификат басқа тілдерде рәсімделді. Бұл көрсеткіштер білім алушылардың цифрлық білім беру ресурстарын белсенді пайдаланып, кәсіби және тілдік құзыреттіліктерін дамытуға жоғары қызығушылық танытқанын көрсетеді.

Coursera платформасын пайдалану нәтижесінде лицензияларды игеру деңгейі жоғары көрсеткішке жетіп, кемінде бір курсты аяқтап сертификат алған білім алушылар үлесі 1309,4%-ды құрады.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бастамасымен іске асырылып жатқан «AI-Sana» инновациялық бағдарламасы аясында университет білім алушыларының жасанды интеллект саласындағы құзыреттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

«AI-Sana» бағдарламасының негізгі мақсаты – білім алушыларға жасанды интеллект және AI-кәсіпкерлік бағыттары бойынша қосымша білім мен дағдылар беру, салалық стартаптарды дамытуға және инновациялық жобаларды жүзеге асыруға жағдай жасау. Бағдарламаның дайындық кезеңінде оқыту Coursera және Astana Hub платформаларында ұйымдастырылды.

Сонымен қатар AI-Sana бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Astana Hub-пен бірлесіп Lerna және Skillbox платформаларында «ЖИ негіздері: ChatGPT» тегін курсын ұсынды. Курс қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қолжетімді болды.

Аталған курс бойынша университеттен жалпы саны 8151 білім алушы оқудан өтті. Оның ішінде 7538 бакалавриат студенті, 605 магистрант және 106 докторант курсты сәтті аяқтады. Сонымен қатар 444 профессор-оқытушы курстан өтіп, тиісті сертификаттарға ие болды.

Бағдарлама нәтижесінде білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының жасанды интеллект құралдарын пайдалану, цифрлық технологияларды білім беру және ғылыми-зерттеу қызметіне енгізу бойынша құзыреттіліктері артты. «AI-Sana» бағдарламасы университеттің цифрлық трансформациясын қолдауға, инновациялық ойлауды дамытуға және заманауи еңбек нарығының талаптарына сәйкес кадрлар даярлауға ықпал етті. https://www.facebook.com/share/p/179vE7pmfA/

2026 күнтізбелік жылға Coursera компаниясының 300 пайдаланушы лицензиясы берілді (2026 жылғы 6 ақпандағы №14-0/621, 2026 жылғы 27 наурыздағы №14-0/1495-вн хаттарына сәйкес).

Берілген 300 лицензияға 1-лекте 600 білім алушыға шақырту жіберіліп, әрбір білім алушы кемінде бір сертификат ала отырып 1037 сертификатқа ие болды, оның ішінде 522 сертификат қазақ тілінде, 493 сертификат ағылшын тілінде, 22 сертификат орыс тілінде рәсімделді. Лицензияларды игеру деңгейінің үлесі 194,33% құрап отыр.

2025 жылдың сәуір айынан бастап Coursera жобасы аясында жоғары оқу орындарының оқытушыларына арналған «Getting Started with Course Builder» курсы ұсынылды. Курс Coursera платформасына жаппай ашық онлайн курстарды (МООК) жүктеу және әзірлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталды. Университет тарапынан МООК авторы болуға әлеуеті 45 оқытушы курсты аяқтап, сертификат алды.

2025-2026 оқу жылында кәсіптік практиканы өткізуге арналған 202 мекемемен 356 келісім шарт жасалды. Жалпы 5078 студент Шымкент қаласындағы 143 практика базасында кәсіптік практикадан өтті. 4 курс білім алушыларының (1950 студент) 3,2 пайызға жуығы сұраныс хат негізінде (62 келісім шарт) педагогикалық практикадан өтуге жіберілді. Жалпы университет бойынша «өте жақсы» бағаланған білім алушылар 24%-ды құрайды. «Жақсы» бағаланғандар үлесі – 72%. Кәсіптік практика бойынша үлгерім көрсеткіші мен сапа көрсеткіші – 96% болды.

2025-2026 оқу жылында дуальды оқыту жүйесін жүзеге асыру бойынша Шымкент қаласы Білім басқармасына қарасты 17 мекемемен (мектеп, балабақша, колледж, балаларды түзету дамыту орталығы) ынтымақтастық келісім шарттары жасалды. Ынтымақтастық келісім шарты негізінде 19 білім беру бағдарламасының білім алушылары үшін әдістемелік пәндерден практикалық сабақтар кафедра филиалдарында жүргізіледі. Дуальды оқыту жүйесі элементтерін енгізу арқылы түлектердің практикалық даярлық сапасын көтеру процесіне 14 практик-мамандар тартылды.

**2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша, Интернационалдандыру дамыту бағыты бойынша нәтижелі жұмыстар атқарылды.**

Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Польша, Чехия, Түркия, Өзбекстан және Әзірбайжанның жетекші жоғары оқу орындарына **48** білім алушы оқуға жіберіліп, шетелдік серіктес университеттерден **12** студент қабылданды.

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша **39** білім алушы қабылданып, **8** студент отандық жоғары оқу орындарына оқуға жіберілді.

Сонымен қатар, шетелдік жоғары оқу орындарынан **20** ғалым тартылып, білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамына дәрістер, семинарлар және тренингтер өткізді. Өз кезегінде университеттің **49** оқытушысы Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркияның жоғары оқу орындарында дәріс оқып, халықаралық тәжірибе алмасты.

Ғылыми кадрлардың халықаралық құзыреттілігін арттыру мақсатында магистранттар мен докоранттардың шетелдік ғылыми тағылымдамаларын ұйымдастыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. **23** магистранттың ғылыми тағылымдамасына қажетті құжаттары рәсімделіп, **37** докторантқа құжаттамалық қолдау көрсетілді. Сонымен қатар, «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» санаты бойынша **7** университет ғалымы халықаралық стипендия иегері атанып, АҚШ, Ұлыбритания және Германияның жетекші университеттерінде ғылыми тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болды.

Халықаралық әріптестікті дамыту бағытында **15** халықаралық және **9** отандық келісімшарт жасалып немесе жаңартылып, университеттің серіктестік желісі кеңейтілді. Қосдипломды білім беру бағдарламаларын дамыту жұмыстары жалғастырылып, Солтүстік (Арктикалық) федералды университетімен бірлескен «7М01702 – Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша **3** магистрант оқуын сәтті аяқтап, қос диплом иегері атанды. Сонымен қатар, Қытайдың Сиань шетел тілдері университетімен «6В02303 – Филология (ағылшын және қытай тілдері)» білім беру бағдарламасы бойынша қосдипломды бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында келісімдерге қол қойылды.

Университет халықаралық гранттық жобаларға белсенді қатысып, CAREC Institute ұйымының 8 080 АҚШ доллары көлеміндегі грантын және Erasmus+ бағдарламасы бойынша 1 510 еуро көлеміндегі грантты жеңіп алды. Бұл университеттің халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігі мен жобалық әлеуетінің артып келе жатқанын көрсетеді.

Университеттің халықаралық рейтингтердегі позициясын жақсарту мақсатында QS World University Rankings (QS WUR) рейтингінің жаңартылған әдіснамасы мен бағалау критерийлеріне талдау жүргізілді. QS Asian University Rankings 2026 рейтингіндегі университеттің (#1301–1400) нәтижелері сараланып, күшті және жетілдіруді қажет ететін бағыттар айқындалды. Сонымен қатар, QS Sustainability рейтингіне қатысуға дайындық шеңберінде университеттің ресми сайтында (https://goals.okmpu.kz/ ) тұрақты даму бағытындағы арнайы парақша ашылып, қажетті ақпараттармен толықтырылды. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде университеттің халықаралық рейтингтердегі көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған іс-шаралар айқындалды.

**Тәрбие және әлеуметтік жұмысты жақсарту:** ҚР Конституциясы, ҚР Білім туралы заңы, Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында және Ұлттық құрылтай отырыстарында берілген тапсырмалары және ЖОО Жарғысы мен ішкі ережелері негізінде түзілді. Барлық тәрбие жоспарларына 2025 жылдың желтоқсан айынан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 5 қарашадағы № 1081 Жарлығымен бекітілген ҚР Ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары бойынша қажетті толықтырулар енгізілді. Бұл орайда «Адал азамат», «Толық адам», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан», «Нашақорлықпен күрес», «Қарызсыз қоғам» жобалары мен тұжырымдамалық бағыттары үнемі назарда болды. Сонымен қатар есепті кезеңде білім алушы жастар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, діни экстремизм мен терроризм идеологиясына қарсы иммунитет қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлықтың алдын алу бағыттарында кешенді іс-шаралар өткізілді. Аталған жұмыстарға құқық қорғау органдарының өкілдері, теологтар, медицина қызметкерлері, қоғам белсенділері мен сала мамандары тартылды.

**ҚР ЖОО арасында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ жатақханамен студенттерді толықтай орынмен қамтыған бірден бір оқу орны.** Биылғы оқу жылында жалпы жатақханалардағы орындар саны – **3123** орынды құрады. Platonus LMS жүйесі өтініштер қабылданып, 100% өтініштер өңделіп, 1422 білім алушы жатақханамен қамтылды. Жатақханаларда 28 тұл жетім, 23 білім алушы мүгедектігі бойынша 100%-50% жеңілдіктер алды.

Бүгінгі күнге ЖОО-да жалпы саны 12 құрайтын әлем чемпионы, 14 Азия чемпионы, 155 Қазақстан чемпионатының жүлдегерлері мен Халықаралық турнирлерінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері бар.

“МҰРА” ұлттық шығармашылық орталығы - білімгерлерге ұлттық тәрбие беру, ұлттық дәстүрлі өнер игеруді, жастардың тұлғалық қабілетін шыңдауды мақсат тұтады. Орталықтағы үйірмелерге 367- дан астам студенттер қатысады және қабілетін арттыруда. Үйірмелер бойынша жоспарланған 72 сағаттық курсты игерген студенттерге сертификат беріледі.

**Ғылыми-зерттеу қызметін дамыту.** Университеттің ОПҚ біліктілігінің жоғары деңгейі ғылым мен білім берудегі жыл сайынғы жетістіктерімен расталады, олар: «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегерлері, ғылыми-зерттеу жобалары, республикалық және халықаралық конкурстарға, конференцияларға, симпозиумдарға және т.б. қатысу.

2025 жылы университетімізде ғылым бағыты бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде 1 жоба, ҚР Білім және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру конкурсы негізінде 8 жоба, жас ғалымдарға арналған гранттық қаржыландыру бойынша 4 жоба іске асырылуда.

2025 жылы университетімізде іске асырылып жатқан 13 ғылыми зерттеу жобаларының жалпы құны 1 072 884 811 теңге. Соның ішіндегі 745 млн.тенгені құрайтын 6 жоба 2025 жылы алынды және оның біреуі нысаналы- бағдарламалық қаржыландыру жобасы бойынша. Университетте 2025 жылы 4 ***диссертациялық кеңес*** ашылды: «Информатика педагогін даярлау», «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау», «Математика педагогін даярлау», «Химия педагогін даярлау». Осы диссертациялық кеңес шешімімен 3 докторантқа философия докторы (PhD) дәрежесі берілді.

Ғылыми жобаларға жетекші бола алатын ғалымдардың саны 55-ке жетті. Kazakh National H-index Ranking деректері бойынша профессор-оқытушы құрамының 160-тан астамында H-индексі бар. Ал h-индексі 3-тен жоғары ғалымдардың саны 40-қа

жақындады.

2025 жылы 5 Халықаралық және 1 Республикалық конференция өткізілді. Конференция жинақтарына алыс-жақын шетелдер мен республикамыздың оқу орындарынан келіп түскен 2000-нан аса мақала жинақталып, 4 электронды жинақ дайындалды.

Халықаралық ынтымақтастық бойынша Европа елдерімен 62%, ТМД елдерімен 29%, Оңтүстік және Шығыс Азия елдерімен 9% меморандумдар жасалынды.

2025 жылдың 29 сәуірінде ҒжЖБМ тарапынан Гази университетінің филиалы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің базасында ашылсын деген бұрығына қол қойылды.

Түркия Республикасының «Жоғары білім туралы» заңының 39 бабына сәйкес Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің базасында Гази университетінің филиалы ашылсын деген ресми шешім қабылданды. Филиалдың құжаттарын рәсімдеу жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілуде.

Оқытушы-профессорлар құрамының индикативтік жоспары ***kpi.okmpu.kz*** жаңа жүйесінде жүргізіледі. Жоғары оқу орнындағы ОПҚ жұмысын бағалаудың негізгі критерийлерінің бірі оқытушының Индикативтік жоспары болып табылады, ол сонымен бірге университеттің KPI ішкі механизмі ретінде әрекет етеді.

Университетте сыртқы және ішкі электрондық құжат айналымын автоматтандыру үшін ***https://okmpu.documentolog.kz*** ЭҚЖ жүйесі енгізілді. Мемлекеттік органдармен хат алмасу ***dokumentolog.kz*** жүйесінде жүргізіледі. Қазіргі уақытта университеттің бизнес-процестерін жөнге салу, ішкі нормативтік құжаттаманы енгізу жүргізілуде. Платонус 6.0 автоматтандырылған ақпараттық жүйемен жүргізіледі.

Оқырмандарға қызмет көрсету үшін кітапхананың жеті бөлімшелерінде (бас оқу залы, ғылыми оқу залы, электронды оқу залы, №1 салалық оқу залы, №2 оқу залы, №3 оқу залы, абонемент) қызмет көрсетеді.

2025-2026 оқу жылына оқырмандардың саны – 7600 жоспарланған, оқырман санының орындалғаны – 7612, яғни 12 оқырманға (100%) артық орындалды.

2025-2026 оқу жылына келушілер саны 56000 жоспарланған, келушілер санының орындалғаны – 56557, яғни 557 келушілер (101%) жоспардан артық орындалды.

2025-2026 оқу жылына кітаптың берілу саны - 68000 жоспарланған, кітаптың берілу санының орындалғаны – 67523, яғни 523 кітаптың берілуі (101%) жоспардан артық орындалды.

Электронды оқу залында және ғылыми оқу залында студенттер, профессор-оқытушылар құрамы және қызметкерлер Интернет желісіне Wi-Fi арқылы 100 мбит/сек жылдамдықпен кіре алады.

Ғылыми кітапхананың пайдаланушылары оқу процесі мен ғылыми зерттеулеріне қажетті ақпаратты іздеу және өз бетінше жұмыс істеу үшін Интернет желісін қолдана алады, оның ішінде:

ОҚПУ кітапханасының сайты: http://library.okmpu.kz

«Web.ИРБИС» электрондық каталог: http://irbis.okmpu.kz

«Alemlibrary» электрондық кітапхана -http://alemlibrary.kz

«Alemlibrary» электрондық онлайн кітапхананың 700 атауы қазақ және орыс тілдерде білім салалары бойынша мультимедиялық оқулықтар мен оқу құралдары сатып алынды. ОПҚ және білімалушылар оқу әдебиеттерін электронды форматта және бейне дәрістерді білім беру мақсатында пайдалана алады.

Бүгінгі таңда университет медиорталығының бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен өзара түсіністік, сенім және ынтымақтастық қатынастарын жолға қою бойынша тиімді жұмыс тәжірибесі жеткілікті. Министрліктің баспасөз қызметіне барлық әлеуметтік желіге орналастырылған посттардың сілтемелері жіберіледі, ай сайын атқарылған жұмыс жөнінде есеп беріледі. Осы уақытқа дейін министрлік тарапынан сын-ескертпелер түскен емес. Министрліктің баспасөз қызметі тарапынан университеттің едиорталығына келген барлық тапсырмалар дер кезінде сапалы әрі уақытылы орындалуда.

**1.1. Университеттің кадрлық құрамы, профессор-оқытушылардың саны және сапалық деңгейі**

2025-2026 оқу жылындағы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің басқарма мүшелерінің құрамы 5 адамнан тұрады:

- Басқарма төрағасы – Ректор;
- Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор;
- Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;
- Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор;
- Басқарма мүшесі – Интернационалдандыру және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор;
- Ғалым хатшы.

**Университеттің кадрлық құрамы, оқытушылар саны**

Республика мен өңірдің тұрақты дамуына үлес қосатын, бәсекеге қабілетті, заманауи құзыреттерді меңгерген, жоғары кәсіби біліктілікке ие, цифрлық дағдыларды игерген педагог мамандарды даярлауда университеттің Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты және 6 факультеті мен 21 кафедрасында барлығы 425 профессор – оқытушылар құрамы жұмыс жасайды. Оның ішінде:

- Ғылым докторлары-19;
- PhD-38;
- Ғылым кандидаттары-166;
- Қосымша жұмыс атқаратын практиктер-35;
- Магистрлер- 152;
- Ғылыми атағы жоқ аға оқытушылар-17.

***Профессор –оқытушылар құрамының ғылыми әлеуеті- 52,4%.***

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде хат алмасу айналымы 4 жүйеде колданылады :

1. info@okpmu.kz;
2. Единая платформа высшего образования (https://epvo.kz/)
3. Е-Өтініш (https://eotinish.gov.kz/);
4. https://okmpu.documentolog.kz/

**1.2. Ғылыми кеңес пен кеңейтілген Басқарма отырысының құрамы, қаралған мәселелер, шешімдер және олардың орындалуы.**

1.2.1 Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Ғылыми кеңесі мүшелері 35 адамнан тұрады. Оның 23-і – түрлі деңгейдегі басшылық құрамнан, 8-і – профессор-оқытушылар, 1-уі – жұмыс беруші мектеп директоры, 3-уі – білім алушы жастар: 1 докторант, 1 магистрант, 1 Студенттік Парламент төрағасы.

2025-2026 оқу жылындағы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің басқарма мүшелерінің құрамы алғашқыда 4 адамнан тұрды:

- Басқарма төрағасы-Ректор м.а. А.Н.Нуртаев;
- Басқарма мүшесі-Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор Б.Қ.Исабек;
- Басқарма мүшесі-Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ж.О. Жилбаев;
- Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор Е.Р.Керімбеков.

5 Басқарма мүшесі-Интернационалдандыру және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Хангелді Нұрдәулет Ескелдіұлы «Болашақ» халықаралық ғылыми тағлымдамасында шетелде болуына байланысты Басқарма жұмысына қатыспады.

1.2.2 Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы туралы мәлімет

Бүгінге дейін барлығы 11 Ғылыми кеңес мәжілісі өтті. Оның 5-уі жоспарлы, 6-уы кезектен тыс. Осы Ғылыми кеңес мәжілістерінде негізгі мәселе бойынша 136 шешім қабылданды. Қаралған әртүрлі мәселе бойынша 48, жалпы алғанда 184 шешім қабылданды.

Барлығы 184 шешімнің 162-сі орындалған, келесі оқу жылына жоспарланған өтпелі шешмідер – 19. Орындалмаған шешім саны – 3. Қабылданған шешімдердің орындалу көрсеткіші – 98 пайыз.

| № | Есепті кезең | Барлық шешім | Орындал-ғаны | ішінара орындалғаны | орындалмағаны | Орындалу пайызы % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2024-2025 оқу жылы | 247 | 239 | 7 | 1 | 96,7 |
| 2 | 2025-2026 оқу жылы | 184 | 162 | 19 | 3 | 98 |

| № | Тапсырма | ҒК шешімінің №, күні | Мерзімі, жауаптылар | Орындалу деңгейі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Білім алушылардың бірегейлігін арттыру және жастардың бірлігін нығайту мақсатында арнайы мерч өнімдерін әзірлеу (футболкалар, свитерлер, сөмкелер, белгілер және т.б.) қолға алынсын. | №1 Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімдері, 29.08.2025 ж. | *Мерзімі: қаңтар-ақпан, 2026 ж. Жауапты: Жастармен жұмыс бөлімі, МСБ.* | Білім алушылардың бірегейлігін арттыру және жастардың өзара бірлігін нығайту мақсатында университеттің брендтік стиліне сәйкес арнайы мерч өнімдерінің (футболкалар, белгілер және т.б.) дизайн-эскиздері Маркетинг бөлімі тарапынан әзірленді. Аталған өнімдерді сатып алу бойынша қызметтік хат мемлекеттік сатып алу бөліміне жолданды. Алайда 2025 жылғы қазан айында мерч өнімдерін сатып алуға қажетті қаржы қарастырылмауына байланысты мемлекеттік сатып алу рәсімі ұйымдастырылмай, жоба іске асырылмады. |
| 2 | Педагогикалық мамандықтарға қабылдау балы 75 болғандықтан, 50-75 аралығында балл жинаған талапкерлерді университетке қабылдауға мүмкіндік болатындықтан, бейіндік пәндері сәйкес келетін ұсынылған кестедегі білім беру бағдарламалары бойынша жаңа мамандықтар ашылуына назар аударылсын:<br>B120 – Кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау (сала бойынша);<br>B034 – Тарих;<br>B038 – Әлеуметтану;<br>B040 – Саясаттану;<br>B041 – Психология;<br>B053 – Химия;<br>B054 – Физика;<br>B057 – Ақпараттық технологиялар;<br>B090 – Әлеуметтік жұмыс; | №1 Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімдері, 29.08.2025 ж. | *Мерзімі: қазан 2025-маусым 2026 ж. Жауапты: тиісті кафедра меңгерушілері.* | Жаңа ББ ға лицензия алу туралы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығына сай оқу корпустарында білім алушылардың тамақтануына жағдай жасау талаптарына сәйкестендіру жұмыстарының жүргізілуіне байланысты келесі оқу жылына қалдырылды. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | B098 – Спорт. | | | |
| 3 | Университеттің жаһандық академиялық қоғамдастыққа интеграциясын қамтамасыз ету мақсатында көптілді білім беру ортасын дамыту және қос дипломды бағдарламаларды арттыру қолға алынсын | №1 Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімдері, 29.08.2025 ж. | *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: кафедра меңгерушілері, халықаралық бағдарламалар бөлімі.* | Zhanibekov University мен Xi`an International Studies University арасында қос дипломдық білім беру бағдарламасы туралы келісімге қол қойылды. 2026-2027 оқу жылында 6B02303 – Филология (ағылшын және қытай тілдері) бакалавриаттың қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Қалған кафедралар бойынша аталған мерзімде толық орындалмады. |

**1.2.3 Басқарма отырысы тапсырмаларының орындалуы туралы мәлімет:**

2025-2026 оқу жылында 15 Басқарма отырысы, оның ішінде 2 кеңейтілген отырыс өтті. Кеңейтілген басқарма отырысында барлығы 40 тапсырма берілді. Орындалған шешім саны – 40. Орындалмаған тапсырма саны – 2, толық орындалмаған тапсырма саны – 2.

**Орындалмаған/толық орындалмаған тапсырмалар туралы мәлімет:**

| № | Тапсырма мазмұны | Орындалу мерзімі | Жауапты | Орындалуы туралы белгі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | QS рейтингінің ТОП-700 қатарына кіретін серіктес жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім беру бағдарламалары әзірленіп, реестрге енгізілсін | ақпан, 2026 жыл | *Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, академиялық істер департаментінің директоры, кафедра меңгерушілері.* | Zhanibekov University мен Xi`an International Studies University арасында қос дипломдық білім беру бағдарламасы туралы келісімге қол қойылды. 2026-2027 оқу жылында 6B02303 – Филология (ағылшын және қытай тілдері) бакалавриаттың қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Қалған кафедралар бойынша аталған мерзімде толық орындалмады. |
| 2 | Кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау (сала бойынша), Тарих, Әлеуметтану, Саясаттану, Психология, Химия, Физика, Ақпараттық технологиялар, Әлеуметтік жұмыс, Спорт сияқты бейіндік пәндері сәйкес келетін жаңа білім беру бағдарламаларына лицензия алу жұмыстары жүргізілсін. | қаңтар-мамыр 2026 ж. | *Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, академиялық істер департаментінің директоры, факультет декандары, кафедра меңгерушілері* | Жаңа ББ ға лицензия алу туралы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығына сай оқу корпустарында білім алушылардың тамақтануына жағдай жасау талаптарына сәйкестендіру жұмыстарының жүргізілуіне байланысты келесі оқу жылына қалдырылды. |
| 3 | Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша магистратура, докторантура ашу үшін лицензия алу жұмыстары аяқталсын. | қаңтар-ақпан 2026 ж. | *Психология кафедрасының меңгерушісі* | Толық орындалмады. |
| 4 | Жергілікті атқарушы органдар тарапынан жарияланған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыра тын жобаларды және қолданбалы ғылыми | 2026 жыл | *Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор, ғылыми зерттеулер офисінің басшысы, кафедра* | Конкурс жарияланбады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | зерттеулер бойынша ғылыми-зерттеу грантын ұтып алу бағытында тиімді іс-шаралар жүргізілсін. | | *меңгерушілері* | |

**1.3. Қорытынды:**

1. 2025-2026 оқу жылында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің кадрлар әлеуеті потенциалы 784 қызметкер құрады. Оның ішінде 428 оқытушы-профессорлар құрамы, штат бойынша 392. Ғылыми атағы мен дәрежесі бар оқытушылардың штат бойынша көрсеткіші 52,2 пайыз болды.

2. 2025-2026 оқу жылында ЖОО арасындағы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болғандар болмады.

3. 2025-2026 оқу жылында докоранттар мен оқытушылар М.Е.Бедебаева, В.И.Исмаилова, Л.А.Ризаева, Б.А.Амалбекова, Ә.С.Қарманова, А.О.Қаратаевқа философия докторы (PhD) дәрежесі берілді. Б.Д.Оразов, А.С.Сансызбаев, Н.С.Каратаевтар докторлық жұмыстарын сәтті қорғады.

4. Философия докторы (PhD), Биология кафедрасының доценті м.а. А.А.Абубакироваға, Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының доценті м.а. С.Д.Мамраймовқа қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы берілді.

**1.4. Ұсыныстар:**

1. 2025-2026 оқу жылындағы Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалу барысына барлық факультеттер мен құрылымдық бөлімдерде жан-жақты талдау жүргізілсін, орындалмаған немесе мерзімі кешіктірілген тапсырмалар бойынша нақты себептері айқындалып, оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленсін.

2. Факультеттер мен құрылымдық бөлімдер 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын университеттің Даму бағдарламасы мен стратегиялық жоспарындағы нысаналы индикаторларға сәйкес әзірлесін және Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ететін нақты іс-шараларды енгізсін.

3. Университеттің халықаралық рейтингтердегі көрсеткіштерін жақсарту, ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру, стартаптарды дамыту және шетелдік жетекші жоғары оқу орындарымен қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыруға бағытталған шешімдердің орындалуына ерекше бақылау белгіленсін.

**1.5. SWOT-талдау.**

| **Strengths ( күшті жақтары)** | **Weaknesses (әлсіз жақтары)** |
|---|---|
| 1. Университеттің білім беру бағдарламалары даму стратегиясымен өзара үйлесімді жүзеге асырылып, білім беру сапасын арттыруға және еңбек нарығының сұранысына бейімделуге тұрақты ықпал етеді.<br>2. Ғылыми кеңес университеттің оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу және әкімшілік-шаруашылық қызметтеріне қатысты өзекті мәселелерді уақтылы қарастырып, тиімді әрі негізделген басқарушылық шешімдер қабылдайды.<br>3. Білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының кәсіби және әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған ынталандыру тетіктері, әлеуметтік қолдау шаралары және академиялық орта қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жүзеге | 1. Қос дипломды халықаралық білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша жоспарлау, серіктес жоғары оқу орындарымен үйлестіру және ұйымдастыру жұмыстарының жеткіліксіздігі кейбір шешімдердің орындалу тиімділігін төмендетті.<br>2. Кейбір стратегиялық жобалар бойынша тәуекелдерді алдын ала бағалау және іске асыру кезеңдерін нақты жоспарлау деңгейі жеткіліксіз болды.<br>3. Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру мен халықаралық жобаларды дамыту бойынша кафедралар мен бөлімшелердің белсенділігін одан әрі арттыру қажеттілігі сақталуда.<br>4. Кәсіби бағдар беру саласында елімізде, шетелде ұйымдастырылатын білім беру көрмелері, жәрмеңкелер және басқа да |

| | |
|---|---|
| асырылады.<br>4. Университеттің ғылыми және оқу-әдістемелік әлеуетін дамыту мақсатында оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар мен өзге де ғылыми еңбектерді әзірлеу, сараптау және басып шығару үдерісі тиімді ұйымдастырылған.<br>5. Ғылыми кеңес қызметі университеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге, инновациялық бастамаларды қолдауға және білім мен ғылымның тұрақты дамуына бағытталған маңызды басқару алаңы ретінде тиімді жұмыс атқарады. | халықаралық іс-шараларға қатысу белсенділігін арттыру қажеттігі. |
| **Opportunities (мүмкіндіктері)** | **Threats (қауіптер)** |
| 1. Университет ректорының, проректорларының, факультет декандарының және құрылымдық бөлім басшыларының қызметі туралы есептерді тыңдау нәтижесінде стратегиялық даму жоспарына сәйкес басқарушылық шешімдердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беріледі.<br>2. Университет қызметкерлері мен шығармашылық ұжымын мемлекеттік, ведомстволық марапаттарға және құрметті атақтарға ұсыну олардың кәсіби белсенділігін ынталандыруға және университеттің беделін арттыруға ықпал етеді.<br>3. Білім беру бағдарламаларының сапасын еңбек нарығының талаптарына сәйкес жетілдіруге және жаңа білім беру бағдарламаларын енгізуге мүмкіндік береді.<br>5. Оқытушы-профессорлар құрамының кәсіби біліктілігін арттыру, академиялық ұтқырлықты дамыту және тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін кеңейтеді.<br>6. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне қатысу белсенділігін арттыруға және жас ғалымдарды қолдау тетіктерін дамытуға ықпал етеді.<br>7. Университеттің институционалдық дамуын қамтамасыз ететін стратегиялық шешімдерді қабылдау және олардың орындалуын жүйелі бақылау арқылы білім беру сапасын тұрақты жетілдіруге мүмкіндік жасалады. | 1. Университеттің халықаралық рейтингтерде (QS және басқа да беделді рейтингтерде) жоғары позицияға ие болмауына байланысты шетелдің жетекші жоғары оқу орындарымен қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру мүмкіндіктерінің шектелуі.<br>2. Халықаралық серіктес университеттердің рейтингтік талаптарының жоғары болуы салдарынан академиялық ынтымақтастықтың кеңею қарқынының төмендеуі.<br>3. Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру мен стартап-жобаларды дамытуға сыртқы қаржыландырудың жеткіліксіздігі қабылданған шешімдердің толық орындалуына кері әсер етуі.<br>4. Қабылданған кейбір стратегиялық шешімдерді іске асыру үшін қаржылық, материалдық ресурстардың жеткіліксіздігі олардың күтілетін нәтижеге толық қол жеткізуіне қауіп төндіреді. |

## 2 . ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

### 2. 1 РЕЕСТРГЕ ТІРКЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ САНЫ (ҚР, QS ТОП-700): ИННОВАЦИЯЛЫҚ ББ, БІРЛЕСКЕН ББ, ҚОСДИПЛОМДЫ ББ

Университет бойынша 2025-2026 оқу жылында жалпы - 75, оның ішінде бакалавриатта - 53, магистратурада -19, докторантурада- 13 білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярланды. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР ҒжЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы 2025 жылғы 4 наурыздағы № 90 бұйрығы мен Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің мемлекеттік аудит нәтижесі негізінде педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларын Реестрде жаңарту бойынша 2025 жылдың 13 ақпанындағы №14-0/665-вн хаты негізінде университеттің барлық білім беру бағдарламалары жаңартылды.

**Бакалавриат бойынша Реестрде жаңартылған білім беру бағдарламалары**

| № | ББ коды | ББ атауы | «Мақұлданды» мәртебесін алған күні | Тіркеу № |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 6В01102 | Психология (IP) | 24.07.2026 | 6В01100092 |
| 2 | 6В01202 | Мектепке дейінгі білім (IP) | 29.06.2026 | 6В01200090 |
| 3 | 6В01301 | Бастауыш білім (IP) | 29.06.2026 | 6В01300095 |
| 4 | 6В01401 | Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау | 24.07.2026 | 6В01400061 |
| 5 | 6В01409 | Дене шынықтыру және спорт (IP) | 24.07.2026 | 6В01400339 |
| 6 | 6В01410 | Музыкалық білім (IP) | 23.07.2026 | 6В01400342 |
| 7 | 6В01404 | Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау | 26.07.2026 | 6В01400179 |
| 8 | 6В01405 | Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау | 3.08.2026 | 6В01400055 |
| 9 | 6В01513 | Математика (IP) | 24.07.2026 | 6В01500486 |
| 10 | 6В01514 | Физика (IP) | 29.06.2026 | 6В01500516 |
| 11 | 6В01515 | Информатика (IP) | 24.07.2026 | 6В01500487 |
| 12 | 6В01517 | Химия (IP) | 29.06.2026 | 6В01500536 |
| 13 | 6В01516 | Биология (IP) | 25.07.2026 | 6В01500488 |
| 14 | 6В01518 | География (IP) | 3.08.2026 | 6В01500537 |
| 15 | 6В01519 | Химия-Биология | 24.07.2026 | 6В01500570 |
| 16 | 6В01520 | Математика-Физика | 24.07.2026 | 6В01500568 |
| 17 | 6В01523 | География -Тарих | 27.07.2026 | 6В01500571 |
| 18 | 6В01603 | Тарих және қоғамтану (IP) | 29.06.2026 | 6В01600084 |
| 19 | 6В01604 | Тарих-Дінтану | 30.06.2026 | 6В01600091 |
| 20 | 6В01709 | Қазақ тілі мен әдебиеті (IP) | 24.07.2026 | 6В01700302 |
| 21 | 6В01704 | Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау | 23.07.2026 | 6В01700066 |
| 22 | 6В01708 | Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (IP) | 3.08.2026 | 6В01700276 |
| 23 | 6В01703 | Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін | 3.07.2026 | 6В01700168 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | даярлау | | |
| 24 | 6В01802 | Әлеуметтік педагогика (IP) | 24.07.2026 | 6В01800008 |
| 25 | 6В01902 | Арнайы педагогика (IP) | 24.07.2026 | 6В01900073 |
| 26 | 6В02302 | Филология (қазақ) | 23.07.2026 | 6В02300029 |
| 27 | 6В02303 | Филология ( ағылшын, қытай) | 3.08.2026 | 6В02300173 |
| 28 | 6В05101 | Биология (IP) | 28.07.2026 | 6В05100049 |
| 29 | 6В02101 | Дизайн | 26.07.2026 | 6В02100134 |

**Магистратура бойынша жаңартылған білім беру бағдарламалары**

| № | ББ коды | ББ атауы | «Мақұлданды» мәртебесін алған күні | Тіркеу № |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 7М01501 | Математика педагогін даярлау | 8.08.2026 | 7М01500073 |
| 2 | 7М01402 | Дене шынықтыру және спорт педагогін даярлау | 11.08.2026 | 7М01400024 |

**Докторантура бойынша жаңартылған білім беру бағдарламалары**

| № | ББ коды | ББ атауы | «Мақұлданды» мәртебесін алған күні | Тіркеу № |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 8D01402 | Дене шынықтыру және спорт педагогін даярлау | 11.08.2026 | 8D01400023 |
| 2 | 8D01701 | Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау | 23.07.2026 | 8D01700012 |

**Инновациялық білім беру бағдарламалары**

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті педагогикалық білім беру сапасын күшейту мақсатында Дүниежүзілік Банктің «Орта білім беруді жаңғырту» жобасы шеңберінде 2025-2026 оқу жылында барлық педагогикалық кадрлар даярлайтын жоғары оқу орындарында толық масштабтау жүргізілуіне байланысты «9 IP-Инновациялық білім беру бағдарламалары» оқу процесіне енгізіліп бакалавриатта 16 ББ бойынша -1058 студент, магистратурадағы 1 инновациялық ББ «Цифрлық педагогика» білім беру бағдарламасында -15 магистрант білім алуда.

**Бірлескен білім беру бағдарламалары**

Түркия мемлекетінің Гази университетімен бакалавриат бойынша бірлескен «6В01512 Физика мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы жасалынып келісуге жіберілді.

**Қосдипломды ББ**

Қосдипломды білім беру бағдарламаларын дамыту жұмыстары жалғастырылып, Солтүстік (Арктикалық) федералды университетімен бірлескен «7М01702 – Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша **3** магистрант оқуын сәтті аяқтап, қос диплом иегері атанды. Сонымен қатар, Қытайдың Сиань шетел тілдері университетімен «6В02303 – Филология (ағылшын және қытай тілдері)» білім беру бағдарламасы бойынша қосдипломды бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында келісімдерге қол қойылды. Гази, Анкара, САФУ, Сиань университеттерімен қос диплом білім беру бағдарламалары жасалынды.

**Гази Университетінің филиалы**

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ базасында Гази Университетінің филиалын ашу рәсімдерін жүргізу бойынша Жол картасына сәйкес Жоғары білімді дамытудың ұлттық орталығы келісімімен «6В01710 Ағылшын тілі мұғалімі» білім беру бағдарламасы Реестрге тіркеліп 2026 жылдың 16 маусымында «Мақұлданды» мәртебесі №6В01700336 тіркелді.

**Білім беру бағдарламаларына енгізілген өзгерістер**

Барлық білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесіне «Өзбекәлітану» пәні 3 кредитпен (2 лекция) енгізілді. 2025-2026 оқу жылы барлық педагогикалық бағыттағы

білім беру бағдарламаларына «Педагогикалық-психологиялық дайындық» 60 кредиттен тұратын цикл енгізілген болатын. Сол циклдың ішіндегі:

1) «Педагогикалық зерттеулер» пәнін оқуда білім алушылар педагогикалық зерттеулердің теориялық негіздерін, түрлі сенімді көздерден теориялық білімді іздеу және сыни тұрғыдан іріктеу дағдысын меңгереді, педагогикалық ойлау мен практиканы дамытуда зерттеу нәтижелерін пайдалану дағдыларын қалыптастырады, зерттеулерге негізделген оқыту мен білім алуға, дағдыларды үздіксіз дамытуға, кәсіби тұрғыдан жетілуге дайындайды;

2) «Зерттеулер, даму және инновациялар» пәнін оқуда білім алушылар мұғалім ретіндегі жұмысының ғылыми дәлелді дамуы туралы білу үшін шағын зерттеу жобасын әзірлейді. Олар өздерінің зерттеу тақырыбын/сұрақтарын анықтайды, әдебиеттерге шолу жасайды және зерттеу этикасын қоса алғанда, деректерді жинау және талдау әдіснамасын әзірлейді. Курсты аяқтағаннан кейін болашақ мұғалімдер этикалық жүргізілген зерттеулер және әзірлемелердің негізінде педагогикалық іс-әрекетін дамытып, жаңарта алады, сонымен қатар зерттеу жобаларын жүзеге асыра алады немесе оларға қатыса алады. Сондай-ақ олар өздерінің зерттеулері мен әзірлемелерінің нәтижелерін әртүрлі кәсіби тәсілдермен және арналармен ұсына алады. Осыны екере отырып «Ғылыми зерттеу негіздері» пәні қысқартылды.

3) Барлық білім беру бағдарламалары дайындық бағытының ерекшеліктеріне байланысты 30 пайыздан аспайтын өзгерістер енгізіп, Реестрде жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілді, университеттің барлық білім беру бағдарламалары жаңартуға тіркелді.

2026-2027 оқу жылында қабылданған білім алушыларға арналған білім беру бағдарламаларына кіріктірілген және дербес «Микробіліктілік» бағдарламалары енгізілді.

**2.2. Жетекші рейтингтерде орын алатын білім беру бағдарламаларының саны (Атамекен, НААР, QS-EECA пәндік рейтингтеріндегі орны (ТОП-500) және т.б. ).**

**АРТА (НААР) рейтингі:** Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті «Қазақстан Республикасының ЖОО-на сұраныстың тәуелсіз рейтингі-2026» рейтингтік зерттеуіне бакалавриаттың 53 білім беру бағдарламасы бойынша, оның ішінде: «6В01-Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша 29 білім беру бағдарламасы, «6В02-Өнер және гуманитарлық ғылымдар» бағыты бойынша 3 білім беру бағдарламасы, «6В05-Жаратылыстану, математика және статистика» бағыты бойынша 1 білім беру бағдарламасы; магистратура деңгейі бойынша 21 білім беру бағдарламасы, оның ішінде: «7М01-Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша 19 білім беру бағдарламасы, «7М02-Өнер және гуманитарлық ғылымдар» бағыты бойынша 1 білім беру бағдарламасы, «7М05-Жаратылыстану, математика және статистика» бағыты бойынша 1 білім беру бағдарламасы; докторантура деңгейі бойынша «8D01-Педагогика ғылымдары» бағыты бойынша 13 білім беру бағдарламасы қатысты.

АРТА (НААР) өткізген "Жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингі -2026" нәтижесінде Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ 8 орынға ие болып, ҚР жетекші жоғары оқу орындарының «Топ-20» кірді.

Докторантура білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша ЖОО институционалдық рейтингі 6В01- Білім ғылымдары -5 орын.

Магистратура білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша ЖОО институционалдық рейтингі 6В01- Білім ғылымдары -1 орын.

Бакалавриат білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша ЖОО институционалдық рейтингі 6В01- Білім ғылымдары -4 орын.

Деңгейлер бойынша алғанда, докторантура түлектерінің жұмыспен қамтылуы 100%, магистратурада – 87%, бакалавриатта – 82% болды. Бұл көрсеткіштер білім беру бағдарламаларының еңбек нарығының талаптарына сәйкес екенін және түлектердің басым бөлігінің оқуын аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасқанын айғақтайды. Сонымен қатар, бакалавриат деңгейінде жұмыспен қамтылмаған түлектер үлесінің жоғары болуы осы бағыттағы жұмыстарды күшейтуді талап етеді.

## 4.6 ҰСЫНЫСТАР

1. Бітіруші түлектердің жұмыспен қамтылу көрсеткішін жоғарылату бағытындағы іс-шараларды жүзеге асыру күшейту.

2. Студенттердің пән қарыздарын 3-курстың соңына дейін қалпына келтіруі факультет деканаттары тарапынан қатаң қадағалануы тиіс.

3. Қорытынды аттестаттауда үздік бағаның 41,55% болуы факультет кеңестерінде қаралуы тиіс.

**4.** Бітіруші курс студенттерінің дипломдық жұмыстары (жобалары) алдын ала қорғауға дейін плагиатқа тексерілуі тиіс.

5. Тиісті құрылымдық бөлімдер тарапынан диплом қосымшасына қажетті мәліметтер «Платонус» жүйесіне мерзімінде енгізілуі тиіс.

**4.7. SWOT-ТАЛДАУ**

| **Strengths ( күшті жақтары)** | **Weaknesses (әлсіз жақтары)** |
|---|---|
| – Университет тарапынан қорытынды аттестаттаудың университет академиялық саясаты талаптарына сай ұйымдастырылуы.<br>– Бітіруші түлектерді/жас мамандарды жұмысқа дербес бөлу комиссиясының құрамы кеңейіп, бітірушілерді жұмысқа бөлу процесі жан-жақты, жүйелі түрде жүзеге асырылуы.<br>– Бітірушілердің академиялық білімінің тереңдігін анықтайтын педагогтердің білімін бағалау тестін тапсыруы.<br>– Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) плагиатқа 3 рет тексеру мүмкіндігінің болуы.<br>– Жалпы жұмыспен қамтылу деңгейі – 83%.<br>– Докторантура түлектерінің жұмыспен қамтылуы – 100%<br>– Магистратура түлектерінің жұмыспен қамтылу көрсеткіші жоғары – 87%.<br>– Түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуы. | – Бакалавриат түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейі (82%) басқа деңгейлермен салыстырғанда төмен.<br>– Кейбір түлектердің мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мерзімі ұзаққа созылады.<br>– Жұмыс берушілермен өзара байланыстың белсенділігі төмен.<br>– Еңбек нарығындағы өңірлік ерекшеліктер жұмыспен қамтылуға әсер етеді.<br>– Бітіруші түлектердің басқа өңірлерден ұсынылған бос жұмыс орындарынан бас тартуы.<br>– Студенттердің пән қарыздарын соңғы курстың күзгі семестрінде игеруі.<br>– Диплом қосымшасына қажетті мәліметтердің «Платонус» жүйесіне мерзімінде енгізілмеуі. |
| **Мүмкіндіктер (Opportunities)** | **Қауіп-қатерлер (Threats)** |
| – Жұмыс берушілермен серіктестікті кеңейту.<br>– Түлектерге арналған бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін тұрақты өткізу.<br>– Мансап орталығының жұмысын жетілдіру және түлектерді сүйемелдеу.<br>– Бітіруші түлектер әр түрлі платформалар арқылы пайдалы ақпараттармен танысып, табысты мансап құруға жол ашылуы. | – Еңбек нарығындағы жоғары бәсекелестік.<br>– Экономикалық өзгерістерге байланысты бос жұмыс орындарының қысқаруы.<br>– Жас мамандарға қойылатын кәсіби талаптардың артуы.<br>– Жастардың жұмыссыздығы халықтың табыс деңгейінің төмендеуі мен өмір сүру сапасының нашарлауымен тығыз байланысты. Жастардың өз орнын таба алмауының салдарынан қоғамда келеңсіз жайттардың орын алуы. |

## 5 КӘСІПТІК ПРАКТИКА

### 5.1. КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Кәсіптік практика білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады. Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарына және 2025-2026 оқу жылының академиялық күнтізбесіне сәйкес білім алушылар оқу, психологиялық-педагогикалық, педагогикалық, өндірістік, тілдік, оқу-далалық және дипломалды практикаларынан өтті.

Кәсіптік практика туралы мәлімет

| Практика түрі | Өту мерзімі | Ұзақтығы | Кредит | Студент саны |
|---|---|---|---|---|
| Оқу практикасы | 19.01.26–30.01.26 | 2 апта | 2 | 695 |
| «Мұғалім кәсібіне кіріспе» педагогикалық | 19.01.26-30.01.26 | 2 апта | 2 | 1613 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| практика | | | | |
| Психологиялық-педагогикалық практика | 19.01.26–30.04.26 | 15 апта | 2 | 1130 |
| «Психологиялық-педагогикалық бағалау» педагогикалық практика | 19.01.26–30.04.26 | 15 апта | 2 | 93 |
| Педагогикалық практика (3 курс) | 02.09.25–12.12.25 | 15 апта | 6 | 1606 |
| Педагогикалық практика (4 курс) | 19.01.26–27.03.26 | 10 апта | 10 | 1802 |
| Педагогикалық практика (4 курс) | 02.02.26-03.04.26 | 9 апта | 9 | 88 |
| Педагогикалық практика (4 курс) | 02.02.26-27.03.26 | 8 апта | 8 | 57 |
| Өндірістік практика (2 курс) | 19.01.26–30.04.26 | 15 апта | 2 | 213 |
| Өндірістік практика (3 курс) | 02.09.25–12.12.25 | 15 апта | 6 | 86 |
| Өндірістік практика (4 курс) | 19.01.26–27.03.26 | 10 апта | 10 | 1 |
| Өндірістік практика (4 курс) | 19.01.26 - 20.03.26 | 9 апта | 9 | 2 |
| Өндірістік практика (5 курс) | 02.02.26- 27.03.26 | 8 апта | 8 | 27 |
| Диплом алды практика | 30.03.26-24.04.26 | 4 апта | 4 | 648 |
| Диплом алды практика | 30.03.26-30.04.26 | 5 апта | 5 | 1344 |
| Тілдік практика | 25.05.26-29.05.26 | 1 апта | 1 | 540 |
| Оқу (археологиялық) | 08.06.26-19.06.26 | 2 апта | 2 | 104 |
| Оқу (музейлік) | 25.05.26-29.05.26 | 1 апта | 1 | 12 |
| Оқу (мұрағаттық) | 01.06.26-05.06.26 | 1 ата | 1 | 12 |
| Оқу сараманы және оны мектепте өткізу әдістемесі(Ботаника) | 08.06. 26-19.06.26 | 2 апта | 2 | 51 |
| Оқу сараманы және оны мектепте өткізу әдістемесі(Ботаника) | 25.05.26-05.06.26 | 2 апта | 2 | 12 |
| Оқу-далалық практика | 08.06.26-19.06.26 | 2 апта | 2 | 110 |
| | 25.06.65-05.06.26 | 2 апта | 2 | 76 |
| | 26.05.25-13.06.25 | 3 апта | 3 | 38 |

Практика базаларының түрлері бойынша 2023–2026 оқу жылдары аралығында 2, 3 және 4 курс студенттерінің практикадан өту базаларының саны тұрақты деңгейде сақталған. Практика негізінен жалпы орта білім беретін мектептерде ұйымдастырылып, олардың үлесі барлық оқу жылдары бойынша басымдыққа ие. Сонымен қатар мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер, балабақшалар және басқа да білім беру ұйымдары практика базасы ретінде кеңінен қамтылған. 2025–2026 оқу жылында практика базаларының жалпы саны 2 курста – 89, 3 курста – 88, ал 4 курста 97-ге жеткен. Бұл білім беру ұйымдарымен серіктестіктің тұрақты дамып, студенттердің сапалы тәжірибеден өтуіне қолайлы жағдай жасалғанын көрсетеді.

Кесте 2. Педагогикалық практика базаларының түрлері

| Практика базаларының түрлері | Практика базаларының саны | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2 курс бойынша | | | 3 курс бойынша | | | 4 курс бойынша | | |
| | 2023-2024 оқу жылы | 2024-2025 оқу жылы | 2025-2026 оқу жылы | 2023-2024 оқу жылы | 2024-2025 оқу жылы | 2025-2026 оқу жылы | 2023-2024 оқу жылы | 2024-2025 оқу жылы | 2025-2026 оқу жылы |
| ЖОМ/ ЖОББМ | 43 | 28 | 19 | 30 | 50 | 35 | 16 | 33 | 36 |
| мектеп-гимназия | 13 | 13 | 12 | 13 | 11 | 12 | 11 | 12 | 12 |
| мектеп-лицей | 10 | 9 | 9 | 9 | 9 | 9 | 9 | 10 | 10 |
| лицей | 3 | 3 | 2 | 4 | 2 | 2 | 1 | 2 | 3 |
| мамандандырылған мектеп | 4 | 3 | 4 | 3 | 4 | 3 | 4 | 4 | 5 |
| жеке меншік мектеп | 7 | 8 | 14 | - | - | - | 7 | 10 | 16 |
| мектеп-интернат | 1 | 1 | 2 | 1 | 3 | 6 | 1 | 4 | 2 |
| лицей-интернат | - | - | - | - | - | - | - | - | 2 |
| балабақшалар | 4 | 3 | 6 | 8 | 4 | 6 | 2 | 9 | 4 |
| басқа мекемелер | 12 | 14 | 17 | 4 | 2 | 9 | 10 | 10 | 5 |
| зияткерлік мектеп | 3 | 2 | 2 | 2 | 3 | 3 | 4 | 2 | 2 |
| бастауыш мектеп | 2 | 0 | 2 | 3 | 3 | - | 0 | 1 | 2 |
| колледж | - | - | - | - | - | 1 | - | - | - |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Халықаралық мектеп | - | - | - | - | - | 2 | - | - | - |
| **Барлығы** | **102** | **84** | **89** | **77** | **91** | **88** | **65** | **97** | **97** |
| **Орташа бөлінген білім алушылар саны** | **20** | **25** | **17** | **25** | **23** | **20** | **11** | **20** | **19** |

2025-20265 оқу жылында 4 курс **1950** студенттің **3,2 пайызға** жуығы **(62**студент) сұраныс хат негізінде (61 келісім шарт) 59 мекемеде педагогикалық практикадан өтуге жіберілді. Сұраныс хат негізінде педагогикалық практикаға жіберу бойынша, 2024-2025 оқу жылы 1845 студенттің 5,1 пайызы (95 студент) сұраныс хат негізінде 86 мекемеге жіберілген, яғни былтырғы оқу жылына қарағанда **1,9 пайызға** кеміді. Сұраныс хат жіберілу себептері: жүктілігі бойынша анықтама (26), баласының болуы (32), жұмыс істейтіні (3), медициналық анықтама (18) (сурет 1).




Педагогикалық практикаға сұраныс хатпен жіберілу себептері/ мекемелер саны (2025-2026 оқу жылы)

**Оқу және «Мұғалім кәсібіне кіріспе» педагогикалық практикасы бағалау нәтижелері**

Физика-математика факультетінің 105 студенті оқу практикасына жіберілген. Бағалау нәтижесінде 27 білім алушы «өте жақсы», 78 білім алушы «жақсы» деген баға алған, ал қанағаттанарлықсыз баға алғандар жоқ.

Жаратылыстану факультетінің 260 білім алушысының 24% «өте жақсы», 74% «жақсы» баға алған. Сонымен қатар, 1 студент себепті ауырып келмеген F бағасын алған (5101-15 тобының білім алушысы Мырзабай Зейнеп Исабайқызы).

Тарих және педагогика факультетінің 324 білім алушысының 26% «өте жақсы», 73% «жақсы» баға алған, 1% «қанағаттанарлық» баға алған.

Филология факультетінің оқу практика нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша 1065 білім алушының 25% «өте жақсы», 74% «жақсы» және 1% «қанағаттанарлық» баға алған, ал 7 студент F алған. Бағаланбаған: 2 – себепті (2301-35 тобының білім алушысы Ережеп Балжан Оразғалиқызы), 2301-75 тобының білім алушысы Қалдаш Балнұр Бахытқызы), 4 – себепсіз, 1 – оқудан шыққан.

ДШ және спорт факультетінің 243 білім алушысының 28% «өте жақсы», 67% «жақсы». Сонымен қатар, 4 студент себепсіз келмегендіктен F бағасын алған, 9 студент оқудан шыққан.

Өнер және білім факультетінің оқу практика нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша 308 білім алушының 22% «өте жақсы», 73% «жақсы» және 3% «қанағаттанарлық» баға алған, ал 2 студент себепті F алған (1404-25: Есим Жанелья Жанбырқызы, 1410-25 IP: Мирзаханов Акбарали Аскарұлы). Барлығы 5 білім алушы (оқудан шығу, себепсіз келмеу) бағаланбаған: 3-себепсіз келмеген, 2 – оқудан шыққан.

**Психологиялық-педагогикалық және «Психологиялық-педагогикалық бағалау» педагогикалық практиканың бағалау нәтижелері**

Физика-математика факультетінің 94 студенті психологиялық-педагогикалық және «Психологиялық-педагогикалық бағалау» педагогикалық практикасына жіберілген. Бағалау нәтижесінде 56 білім алушы «өте жақсы», 38 білім алушы «жақсы» деген баға алған, ал қанағаттанарлықсыз баға алған жоқ. Жаратылыстану факультетінің 201 білім

алушысының 22% «өте жақсы», 75% «жақсы» баға алған, 2 білім алушы Ғ алған. Тарих және педагогика факультетінің 192 білім алушысының 40% «өте жақсы», 59% «жақсы» баға алған, 1% «қанағаттанарлық» баға алған, 1 білім алушы Ғ алған. Филология факультетінің психологиялық-педагогикалық практика нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша 566 білім алушының 24% «өте жақсы», 72% «жақсы», ал 1 студент F алған. ДШ және спорт факультетінің 171 білім алушысының 9% «өте жақсы», 78% «жақсы», 1% қанағаттанарлық баға алған, ал 1 студент F алған. Өнер және білім факультетінің психологиялық-педагогикалық практика нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша 212 білім алушының 16% «өте жақсы», 71% «жақсы» баға алған. 1% қанағаттанарлық баға алған, ал 5 студент F алған.

**Педагогикалық практикасының (3 курс) бағалау нәтижелері**

Физика-математика факультетінің 206 студенті педагогикалық практикаға жіберілген. Бағалау нәтижесінде білім алушылардың 33% «өте жақсы», 65% «жақсы» деген баға алған, ал қанағаттанарлықсыз баға алған 1%. Педагогикалық практика бойынша бағаланбаған 2 білім алушының 2-еуі де себепсіз өтпеген.

Жаратылыстану факультетінің 211 білім алушысының 43% «өте жақсы», 54% «жақсы» баға алған, 1 білім алушы «қанағаттанарлық» баға алған. Сонымен қатар, 1 студент F бағасын алған: 1 студент себепсіз бармаған, 1 студент-оқудан шыққан.

Тарих және педагогика факультетінің 376 білім алушысының 35% «өте жақсы», 63% «жақсы» баға алған, ал қанағаттанарлық баға алғандар 2%. Сонымен қатар, 3 студент F бағасын алған: 3 студент себепсіз практикаға бармаған.

Филология факультетінің оқу практика нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша 556 білім алушының 27% «өте жақсы», 71% «жақсы» бағаланған. «Қанағаттанарлық» баға алғандар 1%. 1 студент F алған. Барлығы 9 білім алушы (оқудан шығу, БЖО келу, себепті/себепсіз келмеу): 2 – себепсіз, 1 – БЖО кету, 1 – академиялық демалысқа шққан. 5 – оқудан шыққан.

ДШ және спорт факультетінің 112 білім алушысының 17% «өте жақсы», 79% «жақсы». Сонымен қатар, 4 студент F бағасын алған, себепсіз бармаған. Барлығы 9 білім алушы 4 - себепсіз бармаған, 1 - академиялық демалыс алған, 4 – оқудан шыққан.

Өнер және білім факультетінің педагогикалық практика нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша 131 білім алушының 17% «өте жақсы», 79% «жақсы» және 1% «қанағаттанарлық» баға алған, 3 білім алушы оқудан шыққан.

2025-2026оқу жылындағы педагогикалық практика (4 курс) бойынша бағалау нәтижелері университеттің 1950 білім алушысының 25% «өте жақсы», 74% «жақсы» баға алған, ал қанағаттанарлықсыз баға алғандар - 1%

2025-2026оқу жылындағы дипломалды практика (4 курс) бойынша бағалау нәтижелері университеттің 1965 білім алушысының 32% «өте жақсы», 66% «жақсы» баға алған, ал қанағаттанарлық баға алғандар - 1% .

2025-2026 оқу жылындағы кәсіптік (тілдік, оқу сараманы және оны мектепте өткізу әдістемесі, оқу-далалық) практиканың бағалау нәтижелері кесте-8 көрсетілген. 1-курс бойынша 284 білім алушысының 36% «өте жақсы», 62% «жақсы» баға алған, ал қанағаттанарлық баға алғандар - 2%, қанағаттанарлықсыз- 1%. Сонымен қатар, себепсіз бармаған (5101-85: Мырзабай Зейнеп Исабайқызы, 5101-45: Толықбаева Мөлдір Нұрболқызы, 1603-15: Бақыт Гулбану Даулетиярқызы) Ғ алған.

2025-2026 оқу жылындағы кәсіптік (тілдік, оқу сараманы және оны мектепте өткізу әдістемесі, оқу-далалық) практиканың бағалау нәтижелері кесте-9 көрсетілген. 2-курс бойынша 652 білім алушының 25% «өте жақсы», 73% «жақсы» баға алған, ал қанағаттанарлықсыз - 1%. Ғ алған студенттер саны 5, оның ішінде себепті – 1, себепсіз бармаған – 4.

2025-2026 оқу жылындағы оқу-далалық практиканың бағалау нәтижелері кесте-10 көрсетілген. 3-курс бойынша 37 білім алушының 68% «өте жақсы», 38% «жақсы» баға алған, қанағаттанарлықсыз алған жоқ.

Университетімізде болашақ педагогтарды сапалы даярлау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соның ішінде, педагогикалық практика кезеңінде білім алушыларды қолдауға бағытталған екі маңызды бастама жүзеге асырылды.

- Біріншісі – **Talant Upgrade Fest – 2025**. Бұл жоба аясында студенттерге академиялық және психологиялық қолдау көрсетіліп, олардың кәсіби және тұлғалық дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Атап айтқанда, онкүндік ісшарада, мысалы, «АЛАН» халықаралық мектеп директоры, тәжірибелі педагог Тажиева Жанат Арысбекқызымен «Заманауи білім берудегі трендтер» тақырыбында кездесу болды. INSAN практикалық психологиялық орталығының психологы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Педагогика және психология білім беру бағдарламасының түлегі Олжабай Динара Батырбекқызы "Менің МЕН екенімді қайдан білемін СЕН болмасаң!" атты мастер-класс өткізді. Сонымен қатар, білім алушыларға сыныпты басқару, оқу үрдісін ұйымдастыру бағытында бірнеше тренингтер, дөңгелек үстелдер өткізілді.
- Екіншісі – **Open Class Challenge – 2026**. Бұл бастама 4-курс студенттерінің ашық сабақтар өткізуі арқылы тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге, заманауи оқыту әдістерін тиімді қолдануына мүмкіндік берді. Жалпы, 1айлық іс-шарада 35 білім алушы 24 практика базасында (мектеп, бала-бақша) ашық сабақтарды университет және мектеп басшылығына ұсынды. Челленджге қатысқан білім алушылардың ашық видеосабақтары әлеуметтік желіде ұсынылды.

Аталған жобалар нәтижесінде педагогикалық практиканың сапасы артып, түлектеріміздің еңбек нарығына дайындығы күшейді. Бұл өз кезегінде өңірдің білім беру сапасын арттыруға оң әсерін тигізуде.

Келесі жоба «Түлектің жұмысқа орналасу мектебі» атты 1 кредиттік (30 сағат) upgrade кәсіби курстың жүргізілуі. Апгрейд курс 13-17.04.2026ж. аралығында 21 4-курс студенттерінің қатысумен ұйымдастырылды. Курс әзірлеушілері – Саттар Ерубаев атындағы №24 IT мектеп-лицейі, Зерделі мектебі және Қаратау ауданы бойынша Мансап орталығы. Курстың мақсаты – бітіруші курс студенттерінің жұмысқа орналасу дағдыларын қалыптастыру, еңбек нарығына бейімдеу және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуды көздеді.

## 5.2 КӘСІПТІК ПРАКТИКА ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАЛАРЫ, БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ҚҰЖАТТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

«СМЖ ОҚПУ Е 7.05-2023 Білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыру мен өткізу ережесі» талаптарына кәсіптік практикалардың мақсат-міндеттері сәйкес келеді, төмендегідей үйлесімді жұмыстар атқарылды:

Кәсіптік практиканың барлық түрі мен мерзімі білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес айқындалды. Кәсіптік практиканың бағдарламасы дайындалды, практика базалары ретінде айқындалған кәсіпорындарымен (мекемелерімен, ұйымдарымен) келісіледі және Академиялық кеңес шешімімен Басқарма мүшесі-Академиялық мәселелер жөніндегі проректор оқу жылының басында 28.08.2024ж. бекітілді.

Кәсіптік практиканың барлық түрлері бойынша базалық мекемелермен келісім шарт практика басталғанға бір айдан кеш емес мерзімде 3 жылға жасалды.

Кәсіптік практиканың барлық түрлеріне бойынша бағдарлама, жұмыс жоспар-кестесі бекітілді.

Кәсіптік практика бағдарламасына сәйкес әдістемелік нұсқаулықтар жасалынды, білім алушылар жұмыс жоспар кестесіне сай өздеріне жүктелген тапсырмаларды орындады.

Практика алдында жетекшілер мен әдіскерлер қатысуымен орнықтыру (ұйымдастыру) конференциясы, практика аятқталғаннан соң қорытынды конференциясы өткізілді.

Педагогикалық практика басталған күні мектеп директоры немесе орынбасары және пәннің әдістемелік бірлестік жетекшісі топ студенттерімен педагогикалық кеңес өткізді.

Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарына сәйкес меңгерген пәндеріне орай практиканттарға білім беру мекемелеріндегі сыныптар бөлінді, бөлінген сыныпта пән бойынша сабақ беріп, сынып жетекшілік қызметті де қоса атқарды.

Студент практика есебін кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған арнайы комиссия алдында қорғайды және студенттің практикадан өту есебін қорғау хаттамасы түзілді.

Оқу практикасы болашақ кәсіптің мәні мен мазмұнын түсінуге мүмкіндік беретін педагогикалық танысу практикасы болып табылады.

**Оқу практикасының мақсаты** – білім алушылардың ұстаздық кәсібіне деген тұрақты қызығушылығы мен оң көзқарасын дамыту, болашақ кәсіби қызметтің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерделеу, еңбек ұжымында жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Оқу практикасы барысында студенттер «Білім туралы» ҚР Заңы, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт, оқу пәнінің бағдарламасы мен жоспарының құрылымы мен мазмұнын талдау, орта мектеп мұғалімінің / бастауыш сынып мұғалімі/ мектепке дейінгі білім ұйымының тәрбиешісінің еңбек қызметтерін (оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушілік, әлеуметтік-коммуникативтік) білім, іскерлік пен дағдылар тұрғысынан талдау, педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын талқылау, заманауи ұстаздың бейнесін жасау, білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларға сәйкестігін зерттеу, білім беру ұйымының мультимәдени ортасын қалыптастыруда сынып жетекшісінің/ пән мұғалімінің кәсіби қызметінің ерекшелігін талдап, маңыздылығын болжауға бағытталған жұмыстар жасады.

**Психологиялық-педагогикалық практиканың мақсаты** - студенттерді кәсіби салаға табысты бейімделу үшін қажетті құзыреттіліктерді алу үшін кәсіпорынның немесе ұйымның әлеуметтік ортасына тарту.

Психологиялық-педагогикалық практика барысында студенттер практика базасы (мектеп, орталық, т.б.) жұмысының міндеттері және негізгі бағыттарымен танысты, мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару жүйесімен танысты, сынып ұжымын және оқушылардың оқу мотивациясын зерттеді, сынып сағаттарына қатысты, ұйымдастырды, «Мектеп оқушының көзімен» тақырыбында бақылау жүргізді, бөлінген сыныпқа «Социометрия» әдісімен зерттеу жүргізіп (таблица түрде), нәтижелерді талдады және қорытынды жасады.

**Педагогикалық практиканың мақсаты** - білім беру жүйесінде оқытудың оқу-тәрбие процесін жобалау мен жүзеге асыруға байланысты кәсіби педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыру, студенттердің әлеуметтік және кәсіби бейімделуіне жағдай жасау, практикалық педагогикалық тәжірибені игерту.

Практика барысында 3 курс студенттері психологиялық, педагогикалық және пәндік-әдістемелік тапсырмаларды орындады. Атап айтқанда, бір оқушының танымдық процестерінің (зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял, түйсік) ерекшеліктерін анықтады, ашық тәрбие сағатын, сынып сағаттарын заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолданып өткізді. Пәндік-әдістемелік тұрғыдан 1 бақылау сабағын, 6 күнделікті сабақтар, 4 мұғалім мен студент-практиканттардың сабақтарына қатысып, тәжірибе алмасты.

Педагогикалық практиканың мақсаты (4 курс) - білім алушылардың нақты қызмет (іс-әрекет) жағдайында кәсіби лауазымын апробациялауға мүмкіндік жасау, яғни оқу-тәрбие үдерісін мен білім беру ортасын жобалау, жүргізу және бағалау саласында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, практикалық дағдыларын дамыту.

Практика барысында 4 курс студенттері психологиялық, педагогикалық және пәндік-әдістемелік тапсырмаларды орындады. Атап айтқанда, оқушылардың жекелік психологиялық қасиеттерін зерттеді, ашық тәрбие сағатын, 6 сынып сағаттарын заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолданып өткізді. Пәндік-әдістемелік тұрғыдан 1 бақылау сабағын, 12 күнделікті сабақтар, 7 мұғалім мен студент-практиканттардың сабақтарына қатысып, тәжірибе алмасты. Сонымен қатары, сыныптан тыс іс-шара мен ғылымизерттеу жұмыстарын жүргізді.




## 5.3 МАГИСТРАНТТАР МЕН ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ПРАКТИКАСЫ

### 5.3.1 Зерттеу практикасы

2025-2026 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбе бойынша 2-курстың 38 докторанттары 08.09.2025ж.- 14.11.2025ж аралығында Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің маман даярлаушы кафедраларында зерттеу практикадан өтті. 38 докторант зерттеу практикадан нәтижелі өтті.

Зерттеу практика (докторантура)

| ББ атауы | Оқу тобы | Жіберіл-ген (саны) | Тапсыр-ған (саны) | Бағалары | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | A, A- | B+, B, B- | C+, C, C-, D+, D | F |
| 8D01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау | D1301-14 | 4 | 4 | 4 | - | - | - |
| 8D01405-Құқық және экономика негіздері педагогін даярлау | D1405-14 | 1 | 1 | 1 | - | - | - |
| 8D01404-Бейнелеу өнері және сызу педагогін даярлау | D1407-14 | 4 | 4 | 4 | - | - | - |
| 8D01501 – Математика педагогін даярлау | D1501-14 | 5 | 5 | 1 | 4 | - | - |
| 8D01502 – Физика педагогін даярлау | D1502-14 | 2 | 2 | 2 | - | - | - |
| 8D01503 – Информатика педагогін даярлау | D1503-14 | 2 | 2 | 2 | - | - | - |
| 8D01504 – Химия педагогін даярлау | D1504-14 | 4 | 4 | 4 | - | - | - |
| 8D01505 – Биология педагогін даярлау | D1505-14 | 3 | 3 | 2 | 1 | | |
| 8D01601 - Тарих педагогін даярлау | D1601-14 | 6 | 6 | 4 | - | 2 | - |
| 8D01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау | D1701-14 | 2 | 2 | 2 | - | - | - |
| 8D01702-Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау | D1702-14 | 1 | 1 | 1 | - | - | - |
| 8D01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау | D1703-14 | 4 | 4 | 4 | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **38** | **38** | **31** | **5** | **2** | |

**Зерттеу практикасы**

2025-2026 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбе бойынша 2-курс (қысқы қабылдау) 2 докоранттарыы 02.02.2026ж.- 10.04.2026ж аралығында Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің маман даярлаушы кафедраларында зерттеу практикадан өтті.

30-кесте – Зерттеу практика (докторантура)

| ББ атауы | Оқу тобы | Жіберілген білім алушылардың саны | Тапсырған білім алушылардың саны | Бағалары | | | | Келмегені |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | A, A- | B+, B, B- | C+, C, C-, D+, D | F | |
| 8D01407-Бейнелеу өнері және сызу педагогін даярлау | D1407-14қ | 1 | 1 | 1 | - | - | - | - |
| 8D01601 - Тарих педагогін даярлау | D1601-14қ | 1 | 1 | 1 | - | - | - | - |
| 8D01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау | D1701-14қ | 1 | 1 | 1 | - | - | - | - |
| 8D01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау | D1703-14қ | 1 | 1 | 1 | - | - | - | - |
| **Барлығы** | | **4** | **4** | **4** | **-** | **-** | **-** | **-** |

**5.3.2 Педагогикалық практика**

2025-2026 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбе бойынша 1-курстың 41 докторанты үшін 23.02.2026ж-01.05.2026ж. Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің маман даярлаушы кафедраларында педагогикалық практикадан ұйымдастырылды.

Педагогикалық практика (докторантура)

| ББ атауы | Оқу тобы | Жіберілген (саны) | Тапсырған (саны) | Бағалары | | | | Келмегені |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | A, A- | B+, B, B- | C+, C, C-, D+, D | F | |
| 8D01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау | D1301-15 | 5 | 5 | 5 | - | - | - | - |
| 8D01404- Көркем еңбек, графика және жобалау педагогін даярлау | D1404-15 | 3 | 3 | 3 | - | - | - | - |
| 8D01405- Құқық және экономика негіздері педагогін даярлау | D1405-15 | 1 | 1 | 1 | - | - | - | - |
| 8D01501 – Математика педагогін даярлау | D1501-15 | 4 | 4 | 4 | - | - | - | - |
| 8D01502 – Физика педагогін даярлау | D1502-15 | 2 | 2 | 1 | 2 | - | - | - |
| 8D01503 – Информатика педагогін даярлау | D1503-15 | 3 | 3 | 3 | - | - | - | - |
| 8D01504 – Химия педагогін даярлау | D1504-15 | 4 | 4 | 4 | - | - | - | - |
| 8D01505 - Биология педагогін даярлау | D1505-15 | 3 | 3 | | 2 | - | - | - |
| | D1505-15қ | 1 | 1 | | 1 | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8D01601 - Тарих педагогін даярлау | D1601-14 | 6 | 6 | 6 | | - | - | - |
| | D1601-15қ | 2 | 2 | 2 | | - | - | - |
| 8D01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау | D1701-15 | 5 | 5 | 5 | - | - | - | - |
| 8D01702-Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау | D1702-15 | 2 | 2 | 2 | - | - | - | - |
| 8D01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау | D1703-15 | 2 | 2 | 2 | | | | |
| | D1703-15қ | 1 | 1 | 1 | - | - | - | - |
| | **Барлығы** | **44** | **44** | **39** | **5** | - | - | - |

2025-2026 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбе бойынша 2-курстың 294 магистранты 23.02.2026ж-01.05.2026ж. аралығында Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ маман даярлаушы кафедраларында және мекемелерде зерттеу практикасынан өтуге жіберілді. 294 магистрант зерттеу практикадан нәтижелі өтті.

Зерттеу практикасы (магистратура)

| ББ атауы | Оқу тобы | Жіберілген білім алушылардың саны | Тапсырған білім алушылардың саны | Бағалары | | | | Келмегені |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | A, A- | B+, B, B- | C+, C, C-, D+, D | F | |
| 7M01201-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы | M1201-14 | 3 | 3 | 1 | 2 | - | - | - |
| 7M01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау | M1301-14 | 16 | 16 | 8 | 8 | - | - | - |
| 7M01402- Дене шынықтыру және спорт педагогін даярлау | M1402-14 | 4 | 4 | 4 | - | - | - | - |
| 7M01403 Музыкалық білім педагогін даярлау | M1501-14 | 23 | 23 | 14 | 8 | 1 | - | - |
| 7M01501 – Математика педагогін даярлау | M1501-24 | 20 | 20 | 11 | 9 | - | - | - |
| 7M01502 – Физика педагогін даярлау | M1502-14 | 17 | 17 | 10 | 7 | - | - | - |
| 7M01503 – Информатика педагогін даярлау | M1503-14 | 10 | 10 | 4 | 6 | - | - | - |
| 7M01503 – Информатика педагогін даярлау | M1503-24 | 14 | 14 | 7 | 7 | - | - | - |
| 7M01509 – Цифрлық педагогика | M1509-14 | 7 | 7 | 3 | 4 | - | - | - |
| 7M01504 – Химия педагогін даярлау | M1504-14 | 21 | 21 | 15 | 6 | - | - | - |
| 7M01504 – Химия педагогін даярлау | M1504-24 | 21 | 21 | 17 | 4 | | | |
| 7M01505 – Биология педагогін даярлау | M1505-14 | 16 | 16 | 12 | 3 | 1 | - | - |
| 7M01505 – Биология педагогін даярлау | M1505-24 | 12 | 12 | 6 | 6 | | | |
| 7M01506 – География педагогін даярлау | M1506-14 | 3 | 3 | 3 | 3 | - | - | - |
| 7M01601 – Тарих педагогін даярлау | M1601-14 | 8 | 8 | 4 | 4 | - | - | - |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау | М1701-14 | 19 | 19 | 15 | 4 | - | - | - |
| 7М01702 – Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау | М1702-84 | 5 | 5 | 5 | - | - | - | - |
| 7М01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау | М1703-14 | 22 | 22 | 21 | 1 | - | - | - |
| 7М01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау | М1703-24 | 18 | 18 | 15 | 3 | - | - | - |
| 7М01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау | М1703-34 | 18 | 18 | 16 | 1 | - | 1 | - |
| 7М01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау | М1703-84 | 6 | 6 | 6 | - | - | - | - |
| 7М01901 – Арнайы педагогика | М1901-14 | 10 | 10 | 4 | 6 | - | - | - |
| 7М02101-Дизайн | М2101-14 | 1 | 1 | 1 | | | | |
| **Барлығы** | | **294** | **294** | **202** | **92** | **1** | **1** | **-** |

**5.3.3** 2025-2026 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбе бойынша 1-курстың 258 магистранты 26.01.2026ж.- 20.03.2026ж аралығында Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ маман даярлаушы кафедраларында педагогикалық практикада болды. 258 магистрант педагогикалық практикадан нәтижелі өтіп, 4 магистрант F алды.

7М01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау – М1301-15 оқу тобының магистранты Нурумбетова Александра Султанбековна F алды

7М01502- Физика педагогін даярлау –М1502-15 оқу тобының магистранты Әлиев Нұрперзент Ақмырзаұлы F алды

7М01601 – Тарих педагогін даярлау- М1601-15 оқу тобының магистранты Кани Абылай Нурланұлы F алды

7М01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау-

Педагогикалық практика (магистратура)

| ББ атауы | Оқу тобы | Жіберілген білім алушылардың саны | Тапсырған білім алушылардың саны | Бағалары | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | A, A- | B+, B, B- | C+, C, C-, D+, D | F |
| 7М01201-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы | М1201-15 | 7 | 7 | 3 | 4 | - | - |
| 7М01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау | М1301-15 | 17 | 17 | 13 | 3 | - | 1 |
| 7М01402 – Дене шынықтыру және спорт педагогін даярлау | М1402-15 | 6 | 6 | 2 | 4 | - | - |
| 7М01403-Музыкалық білім педагогін даярлау | М1403-15 | 5 | 5 | 5 | - | - | - |
| 7М01404-Көркем еңбек және сызу педагогін даярлау | М1404-15 | 4 | 4 | 4 | - | - | - |
| 7М01501 – Математика педагогін даярлау | М1501-15 | 15 | 15 | 9 | 6 | - | - |
| | М1501-25 | 13 | 13 | 3 | 9 | 1 | |
| 7М01502 – Физика педагогін даярлау | М1502-15 | 24 | 24 | 12 | 9 | 2 | 1 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 7М01503 – Информатика педагогін даярлау | М1503-15 | 6 | 6 | 5 | 1 | - | - |
| 7М01509-Цифрлық педагогика | М1509-15 | 8 | 8 | 8 | - | - | - |
| 7М01504 – Химия педагогін даярлау | М1504-15 | 24 | 24 | 22 | 2 | - | - |
| 7М01505 – Биология педагогін даярлау | М1505-15 | 15 | 15 | 10 | 5 | - | - |
| | М1505-25 | 13 | 13 | 11 | 2 | - | - |
| | М1505-14қ | 1 | 1 | 1 | - | - | - |
| 7М01506 – География педагогін даярлау | М1506-15 | 7 | 7 | 6 | - | 1 | - |
| 7М01601 – Тарих педагогін даярлау | М1601-15 | 20 | 20 | 11 | 8 | - | 1 |
| 7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау | М1701-15 | 12 | 12 | 8 | 4 | - | - |
| 7М01702 – Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау | М1702-85 | 6 | 6 | 4 | 1 | 1 | - |
| 7М01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау | М1703-15 | 20 | 20 | 18 | 1 | - | 1 |
| | М1703-25 | 20 | 20 | 19 | 1 | - | - |
| 7М01901 – Арнайы педагогика | М1901-15 | 15 | 15 | 11 | 4 | - | - |
| **Барлығы** | | **258** | **258** | **185** | **64** | **5** | **4** |

## 5.4 ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ ТАРТЫЛҒАН ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ, БИЗНЕС ҚҰРЫЛЫМДАР ӨКІЛДЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

2025-2026 оқу жылында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жобалау, әзірлеу және жетілдіру жұмыстарын жүргізетін білім беру бағдарламаларының Академиялық комитеті жұмысшы тобының құрамына келесі жұмыс берушілер тартылды:

**6В01101 Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша:**

Ы. Алтынсарин атындағы № 65 мектеп-гимназиясының психологі, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты фидиалының директоры, А.С. Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясының психологі.

**7М01201 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы, 6В01201 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы білім беру бағдарламалары бойынша:** «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты фидиалының директоры, Шымкент қаласы білім басқармасының ғылыми-әдістемелік орталығы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімінің әдіскері, Нидерланды (ISSA) қауымдастығының мүшесі, Step by step» қоғамдық қорының директоры, «Шымкент қаласының әйелдер мен балалар қолдау орталығының» қоғамдық бірлестігінің төрайымы, №97 «Ақмарал» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі, ЖМ «Қос Ана» бөбекжай - балабақша әдіскері, №30 «Алпамыс» бөбекжай - балабақшасының меңгерушісі, №21 «Ертарғын» бөбекжай бақшасының меңгерушісі, «Алдияр» бөбекжай бақшасының меңгерушісі.

**7М01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау, 6В01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламалары бойынша:** Шымкент қаласы Білім басқармасы әдістемелік орталығының директоры, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» Шымкент қаласы филиалының директоры, «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ директоры, З. Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейінің оқу-ісінің орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі, Қ. Сыпатаев атындағы №7 мектеп-лицейінің оқу-ісінің орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі, А.С. Пушкин

атындағы №1 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназия бастауыш сынып мұғалімі.

**6В01401 Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша:** №5 М.Мұса атындағы жалпы орта білім беру мектебінің Алғашқы әскери және технологиялық дайындық ұйымдастырушы-оқытушысы, №7 Қ. Спатаев атындағы мектеп-лицейінің бастапқы әскери дайындық оқытушы-ұйымдастырушысы, №26 Жамбыл атындағы мектеп-гимназиясының Алғашқы әскери және технологиялық дайындық ұйымдастырушы-оқытушысы, №62 Н.Төреқұлов атындағы жалпы орта мектебінің Бастапқы әскери және технологиялық дайындық ұйымдастырушы-оқытушысы, №72 С. Нұрмағамбетов атындағы жалпы орта мектебінің Бастапқы әскери және технологиялық дайындық ұйымдастырушы-оқытушысы.

**6В01402 Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша:** Шымкент қ. №10 Күрес түрлері балалар-жасөспірімдер спорт мектеп директорының оқу-спорт жөніндегі орынбасары, Шымкент қаласының №18 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры З. Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейінің, денешынықтыру пәнінің мұғалімі №1 А. Пушкин атындағы мектеп-гимназиясының денешынықтыру пәнінің мұғалімі.

**7М01403 – Музыкалық білім педагогін даярлау, 6В01403-Музыка мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша:** «Өрлеу» БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ филиал директоры, Мукими атындағы №13 жалпы орта мектебінің музыка пәнінің мұғалімі, З. Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейінің, музыка пәнінің мұғалімі, №38 атындағы Н.Д. Оңдасынов мектеп-гимназиясының музыка пәнінің мұғалімі, №46 мектеп-лицейдің музыка пәнінің мұғалімі, №50 А.Байтұрсынов атындағы мектеп-гимназиясы, музыка пәнінің мұғалімі, Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясының музыка пәнінің мұғалімі, «Киелі Қазығұрт» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

**7М02101-Дизайн, 6В01404 Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау және 6В02101 Дизайн білім беру бағдарламалары бойынша:** Химия-биология бағытындағы НЗМ, өнер пәнінің мұғалім- модераторы, №65 Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясының бейнелеу өнері пәнәнің мұғалімі, Химия-биология бағытындағы НЗМ, өнер пәнінің мұғалім- модераторы, №47 Т.Тәжібаев атындағы мектеп-гимназия, Көркем еңбек және сызу пәні мұғалімі, «Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі», Ә.Кастеев атындағы «Өнер және дизайн» колледжі.

**6В01405 Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша:** Физика-математика бағытындағы НЗМ, экономика пәнінің мұғалімі, модератор, құқық пәнінің мұғалімі-модератор, З. Космодемьянская атындағы №23 мектеп –лицейі, құқық пәнінің мұғалімі, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп-лицейінің құқық пәнінің мұғалімі, Н.Оңдасынов атындағы №38 мектеп-гимназиясының құқық пәнінің мұғалімі.

**7М01501 Математика педагогін даярлау, 6В01501-Математика мұғалімін даярлау және 6В01508-Математика-Физика мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша:** М.Әуезов атындағы ОҚУ, Жаратылыстану факультетінің деканы, №2 мамандандырылған үш тілде оқытылатын мектеп - интернатының директоры, Физика-математика бағытындағы НЗМ, математика пәнінің мұғалімі, №65 Ы. Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясының математика пәнінің мұғалімі, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп-лицейінің математика пәнінің мұғалімі, №80 ІТ мектеп-лицейінің математика пәнінің мұғалімі.

**7М01502 Физика педагогін даярлау, 6В01502 Физика мұғалімін даярлау және 6В01510 Физика-Информатика мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша:** Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Физика кафедрсының доценті, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры, №2 мамандандырылған үш тілде оқытылатын мектеп - интернатының физика пәнінің мұғалімі, №47 Т. Тәжібаев

атындағы мектеп-гимназиясы, (информатика) физика пәнінің мұғалімі, №65 Ы. Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясының физика пәнінің мұғалімі, № 7 Қ.Спатаев атындағы мектеп-лицейдің физика пәнінің мұғалімі.

**7М01503 Информатика педагогін даярлау, 6В01503 Информатика мұғалімін даярлау және 6В01509 Математика-Информатика мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша:** М.Әуезов атындағы ОҚУ информатика кафедрасының меңгерушісі, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ, психология инклюзивті білім беру және кәсіби даму кафедрасының аға оқытушы, Физика-математика бағытындағы НЗМ, информатика пәнінің мұғалімі, М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған №8 гимназия информатика пәнінің мұғалімі, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп-лицейінің информатика пәнінің мұғалімі, №2 мамандандырылған үш тілде оқытылатын мектеп - интернатының информатика пәні мұғалімі, №65 Ы. Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясының информатика пәнінің мұғалімі, №47 Т. Тәжібаев атындағы мектеп-гимназиясы, информатика пәнінің мұғалімі.

**7М01504 Химия педагогін даярлау, 6В01504 Химия мұғалімін даярлау және 6В01507-Химия-Биология мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша:** М.Әуезов атындағы ОҚУ Химия кафедрасының доценті, Шымкент университеті, Химия және биология кафедрасының меңгерушісі, Физика-математика бағытындағы НЗМ, химия пәнінің мұғалімі, Химия-биология бағытындағы НЗМ, химия пәнінің мұғалімі, №4 Х. Досмұхамедов атындағы жалпы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі, химия пәнінің мұғалімі, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп-гимназиясының жоғары санаттағы химия пәнінің мұғалімі, №2 мамандандырылған үш тілде оқытылатын мектеп - интернатының химия пәні мұғалімі, №15 Д.И. Менделеев атындағы мектеп-лицейі, химия пәнінің мұғалімі.

**7М01505 Биология педагогін даярлау, 6В01505-Биология мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша:** М.Әуезов атындағы ОҚУ Биология кафедрасының доценті, Шымкент қалалық білім басқармасының «Экология, өлкетану және туризм орталығы» директоры, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп- гимназиясының биология пәнінің мұғалімі, Химия-биология бағытындағы НЗМ, биология пәнінің мұғалімі-модератор, Cambridge Line лицейінің биология пәнінің мұғалімі, С. Ерубаев атындағы №24 IT мектеп-гимназиясының биология пәнінің мұғалімі.

**7М01506 География педагогін даярлау, 6В01506 География мұғалімін даярлау және 6В01511 –География-Тарих мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша:** М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Биология және география» кафедрасының доценті, Ә.Қуатбеков атындағы ҚХДУ доценті, Физика-математика бағытындағы НЗМ, география пәнінің мұғалім- модераторы, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының «Жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, география пәнінің тренері, Н.Оңдасынов атындағы №38 мектеп гимназиясының география, тарих пәнінің мұғалімі, №23 З. Космодемьянская атындағы мектеп –лицейі, география пәнінің мұғалімі, №33 Қ. Қасымұлы атындағы ЖОМ, география пәнінің мұғалімі, №25 Т.Рысқұлов атындағы мектеп-гимназиясы география пәнінің мұғалімі.

**7М01601 Тарих педагогін даярлау, 6В01601 Тарих мұғалімін даярлау және 6В01602-Тарих-Дінтану мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша:** «AMANAT» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанаты Шымкент қалалық филиалының төрағасының орынбасары, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ доценті, Г.С.Титов атындағы №20 мектебінің тарих пәнінің мұғалімі, №47 Т. Тәжібаев атындағы мектеп-гимназиясы, тарих пәнінің мұғалімі, №90 дарынды балаларға арналған мамандырылған мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі, Шымкент қаласы білім басқармасы, әдістемелік орталықтың тарих пәні әдіскері, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп-лицей, тарих пәнінің мұғалімі, №90 дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі.

**7М01701 Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау, 6В01701 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау және 6В01704-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау, 6В02302 – Филология білім беру бағдарламалары бойынша:** М.Әуезов атындағы ОҚМУ, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, Әдістемелік орталық «Қоғамдық-гуманитарлық пәндер» бөлімінің басшысы, Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Назарбаев зияткерлік мектебі, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп – гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, №1 А.Пушкин атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, №90 дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

**7М01702 Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау, 6В01702 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау және 6В01705-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша:** М.Әуезов атындағы ОҚУ, орыс тілі және әдебиеті кафедрасының доценті, «Мирас» университетінің доценті, М. Өтебаев атындағы жоғарғы жаңа технологиялар колледжінің орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының магистр-оқытушысы, О.А. Жолдасбеков атындағы № 9 мектеп-лицейінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, З. Космодемьянская атындағы №23 мектеп-гимназиясының орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

**7М01703 Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау, 6В01703 Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау және 6В02301 Аударма ісі білім беру бағдарламалары бойынша:** Ж.А.Тәшенев атындағы университетінің «Ағылшын тілі» кафедрасының аға оқытушысы, Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шетел тілдері кафедрасының оқытушысы, ҚР ағылшын тілі мұғалімдері мен оқытушыларының қауымдастығы «KAZTEA» заңды тұлғалар бірлестігі президенті, «Өрлеу» *«Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» АҚ, ф.г.к.*Түркістан облысы, Шымкент қаласы бойынша *ПҚБАИ* ағылшын тілі кафедрасының тренері, Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы басшысы, Н.Д. Оңдасынов атындағы №38 мектеп-гимназияның жоғары санатты ағылшын тілінің мұғалімі, №1 А.Пушкин атындағы мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, №72 С. Нұрмағамбетов атындағы жалпы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

**6В01706 Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша:** Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, Өзбек тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Назарбаев зияткерлік мектебі, №7 мектеп - лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Пушкин атындағы №1 мектеп – лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп – гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

**6В01801 Әлеуметтік педагогика маманын даярлау білім беру бағдарламасы бойынша:** «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры, М.Х.Дулати атындағы №8 үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп-гимназиясының әлеуметтік педагогы, Т.Рысқұлов атындағы №25 мектеп-гимназиясының әлеуметтік педагогы, З. Космодемьянская атындағы №23 мектеп-гимназиясының әлеуметтік педагогы.

**7М01901 Арнайы педагогика, 6В01901 Арнайы педагогика маманын даярлау білім беру бағдарламасы бойынша:** «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры, Шымкент қаласы білім басқармасының «Қосалқы мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы, «Шымкент қаласындағы қалалық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі басшысы, №28 «Гаухар» балабақшасы (сөйлеу функциялары ауыр және жеңіл бұзылған балаларға арналған) КММ мұғалім-логопеді, Ш. Уалиханов атындағы №18 ЖОМ оқу және түзету жұмыстары бойынша директордың орынбасары.

**6B05101 Биология білім беру бағдарламасы бойынша:** Шымкент қалалық білім басқармасының «Экология, өлкетану және туризм орталығы» қосымша білім беру директоры, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп- гимназиясының биология пәнінің мұғалімі, Cambridge Line лицейінің биология пәнінің мұғалімі, Химия-биология бағытындағы НЗМ, биология пәнінің мұғалімі-модераторы, С.Ерубаев атындағы №24 ІТ мектеп-гимназиясының биология пәнінің мұғалімі.

**2025-2026 оқу жылында** білім алушыларға практикалық білім мен дағдыларды үйрету мақсатында 34 практиктер қосымша жұмыс атқарушы ретінде жұмысқа қабылданды.

### 5.5. КАФЕДРА ФИЛИАЛДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

2025-2026 оқу жылында төмендегі мекемелермен кафедра филиалдары жұмыс жасалды:

Физика-математика факультеті

• Математика – №80 ІТ мектеп-лицейі

• Физика – №2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернаты

• Информатика – №2 мамандандырылған мектеп-интернаты, Ә.Жолдасбеков атындағы №9 мектеп-лицейі

Жаратылыстану факультеті

• Химия – Д.И.Менделеев атындағы №15 мектеп-лицейі

• Биология – А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы, Қ.Сыпатаев атындағы №7 мектеп-лицейі, Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы

• География – Қ.Сыпатаев атындағы №7 мектеп-лицейі

Тарих және педагогика факультеті

• Бастауышта оқыту әдістемесі – Қ.Сыпатаев атындағы №7 мектеп-лицейі, З.Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейі

• Педагогика – Ә.Жолдасбеков атындағы №9 мектеп-лицейі

• Психология – Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы

• Әлем тарихы және дінтану – Ө.Жәнібеков атындағы №19 жалпы орта білім беретін мектеп, Г.С.Титов атындағы №20 мектеп-гимназиясы

Филология факультеті

• Қазақ тілі және әдебиеті – А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы, Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы

• Орыс тілі және әдебиеті – А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы, З.Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейі, Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясы, №132 жалпы білім беретін мектебі

• Ағылшын тілі – Н.Оңдасынов атындағы №38 мектеп-гимназиясы, Сағат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта мектебі, №99 мектеп-гимназиясы

• Аударма ісі және шетел тілдері – Оразбай атындағы №115 негізгі орта мектебі

Өнер және білім факультеті

• Музыкалық білім – Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы

• Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері – №75 көпсалалы мектеп-гимназиясы, Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы

Дене шынықтыру және спорт факультеті

• Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі – А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы

• Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру – Қ.Сыпатаев атындағы №7 ІТ мектеп-лицейі

Жалпы кафедра филиалдары 18 кафедра бойынша ұйымдастырылды.

Кафедра филиалдарын құру келісім шарт тіркеу(2025-2026 оқу жылы)

| Кафедра атауы | Мекеме атауы |
|---|---|

| | |
|---|---|
| Арнайы педагогика | Қосалқы мектеп-интернаты |
| Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы | №97 Ақмарал бөбекжай-бақшасы |
| Психология | А. Байтұрсынов атындағы №50 мектеп-гимназиясы |
| Қазақ тілі мен әдебиеті | Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы |
| Орыс тілі және әдебиеті | №132 жалпы білім беретін мектебі |
| Орыс тілі және әдебиеті | З.Космедемьянская атындағы №23 мектеп-лицейі |
| Педагогика | Саттар Ерубаев атындағы №24 IT мектеп-лицейі |
| Ағылшын тілі | Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі |
| Информатика | Ө.Жолдасбеков атындағы №9 IT лицейі |
| Физика | №2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп интернаты |

**5.6. ҚОРЫТЫНДЫ**

2025-2026 оқу жылында кәсіптік практика «СМЖ ОҚПУ Е 7.05-2023 Білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыру мен өткізу ережесі» талаптарына сәйкес ұйымдастырылды.

2025-2026 оқу жылында кәсіптік практиканы өткізуге арналған **202** мекемемен **356** келісім шарт жасалды, оның ішінде **143** мекемемен 3 жылға екі жақты келісім шарт, **59** мекемемен үш жақты келісім шарт тіркелді.

2025-2026 оқу жылында **5078 студент** (2-4 курстар) Шымкент қаласындағы практика базаларында кәсіптік практикадан өтті.

2025-2026 оқу жылында 4 курс **1950** студенттің **3,2 пайызға** жуығы сұраныс хат негізінде (62 келісім шарт) педагогикалық практикадан өтуге жіберілді.

2022-2023 оқу жылы бойынша кәсіптік практиканың бағалау қорытындысы Ғылым және жоғары білім минисрлігі талаптарына сай келеді. Жалпы университет бойынша бағалардың таралуы төмендегідей:

(өте жақсы) (A, A-) - 24%;

(жақсы) (B+, B, B-, C+) – 72%;

(қанағаттанарлық) (C, C-, D+, D) - 1%;

2 (қанағаттанарлықсыз) (FX, F) -2%.

Үлгерім көрсеткіші – 96 пайыз, сапа көрсеткіші – 96 пайыз.

2025-2026 оқу жылы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты үшін академиялық өсу, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және институционалдық беделді нығайту тұрғысынан табысты жыл болды. Магистратура мен докторантура бойынша жалпы контингент 579 магистрант және 110 докторанттан тұрады.

Магистратура бойынша қысқы және көктемгі емтихан сессияларының жиынтық үлгерімі 98,47% деңгейінде қалыптасты — өткен оқу жылымен салыстырғанда (96,42%) +2,05 пайыздық тармаққа өскен.

Докторантура бойынша сессия үлгерімі 97,14% болды, орташа балл 88,31, медиана 90,00. Докторанттардың 56,07%-ы «өте жақсы» (A, A-) бағасын алды — бұл теориялық даярлықтың жоғары деңгейін айқындайды. 2024-2025 жылмен салыстырғанда (95,83%) +1,31 пайыздық тармаққа өскен.

297 магистрант «педагогика ғылымдарының магистрі» дәрежесін, 1 магистрант «өнертану ғылымдарының магистрі» дәрежесін алды. Жыл ішінде жалпы 298 бітіруші магистр дәрежесіне ие болды.

6 докторант PhD диссертациясын сәтті қорғап, философия докторы дәрежесін алды. Диссертациялық жұмыстар Абай атындағы ҚазҰПУ және Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ диссертациялық кеңестерінде қорғалды.

Магистранттардың өндірістік, педагогикалық және зерттеу практикалары мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай орындалды.

Мемлекеттік білім гранты негізінде оқитын 52 магистрант үлгермеушілік себебімен оқудан шығарылды.

5 магистрант магистрлік диссертациясы плагиатқа тексеруден өтпеуіне байланысты қорытынды аттестаттауға жіберілмей шығарылды.

Ғылыми жетекшілердің магистранттар мен докоранттардың МҒЗЖ / ДҒЗЖ бағалану мерзімдерін жүйелі түрде сақтамауы анықталды.

Ғылыми тағылымдама географиясы — Түркия Республикасы (Гази, Хаджетепе, Анкара университеттері), Германия (Дрезден техникалық университеті), Өзбекстан (Низами атындағы ТашМПУ, Мирзо Улугбек атындағы ҰУ) және Қырғызстан («Манас» Қырғыз-Түрік университеті). Алдыңғы оқу жылымен салыстырғанда ел саны және тартылған магістрант саны артты.

Магистранттардың ішкі академиялық ұтқырлығы өте төмен деңгейде қалып отыр. Жыл ішінде басқа ЖОО-дан ауысып келген магистрант саны 5 адам, ал кеткендер де тіркелді (7 адам). Бұл балансты арттыру ЖООКББИ-нің ұтқырлық рейтингіне тікелей ықпал етеді.

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ жүргізген «ҚР ЖОО тәуелсіз рейтингі – 2026» нәтижесінде Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ республикалық «Топ-20» тізіміне кіріп, 8-орынды иеленді. Магистратура бағыты бойынша 7М01 педагогикалық ғылымдар — 2-орын, докторантура бағыты бойынша 8D01 педагогикалық ғылымдар — 2-орын. Бұл нәтиже мемлекеттік білім тапсырысын тартуда бәсекелестік артықшылықты нығайтады.

ЕПВО тізіліміне 8D01402 – Дене шынықтыру және спорт педагогін даярлау докторантура бағдарламасы жаңа ББ ретінде енгізілді, 1 магистратура және 1 докторантура ББ жаңартылды.

2025-2026 оқу жылында 9 білім беру бағдарламасы бойынша 15-тен астам магистрант республикалық және халықаралық байқауларда жүлделі орындарға ие болды. Атап айтқанда: АҚШ-та «Inspire Award 1» (Физика), NU Annual Research Conference үздік постері (Математика), ММА жас ғалымдар байқауы II диплом (Орыс тілі), «XXI ғасыр көшбасшысы» халықаралық байқауы I диплом (Қазақ тілі). Бұл ғылыми-зерттеу белсенділігінің тек кейбір бағдарламаларда шоғырланғанын, ал басқа бағдарламалар (мектепке дейінгі, бастауыш, музыка, дене шынықтыру) байқаулар мен конференцияларда өкілдік дәрежесінің төмен екенін де байқатады.

### 5.7 ҰСЫНЫСТАР

1. Студенттер жауапкершілігін және практика барысында үнемі қадағалау/бақылау жасауды күшейту.
2. Практика тапсырмаларын конструктивті үйлесімділік қағидалары негізінде критериалды бағалауды күшейту.
3. Практика барысында студенттерге бекітілген мектеп мұғалімі мен университет жетекшісі тарапынан жүйелі кері байланыс беру мен менторлық сүйемелдеуді күшейту мақсатында онлайн-форумның жұмысын жандандыру.
4. Кәсіптік практика кезеңінде білім алушыларға академиялық және психологиялық қолдау көрсету тетіктерін жетілдіру және қолдау жұмыстарын кеңейту.
5. Оқудан шығу ағымын азайту жүйесін енгізу. Грант негізінде оқитын магистранттардың оқудан шығу себептерін кафедра деңгейінде жүйелі талдауды жолға қою: үлгермеушілік алғашқы белгілерінде (1-семестр аяғы) ерте ескерту механизмін іске қосу, ғылыми жетекшілер мен кафедра меңгерушілерінің жауапкершілігін нормативті бекіту.
6. Плагиатқа қарсы мәдениетті жүйелі қалыптастыру. Магистранттарды бірінші семестрде академиялық жазу және плагиатқа қарсы талаптармен жұмыс жасауға оқытуды күшейту; ғылыми жетекшілердің аралық тексеру жауапкершілігін нормативті бекіту.
7. күнтізбеде мерзімдерді нақты белгілеп, орындалуын ЖООКББИ деңгейінде ай сайын бақылауды жолға қою.

8. Академиялық ұтқырлықты ынталандыру. Ішкі ұтқырлыққа жіберілетін магистранттар санына жылдық квота белгілеп, кафедраларға ұтқырлыққа қатысты нақты мақсат көрсеткіштерін жоспарға енгізу.

9. Халықаралық байланыстарды шартты нығайту. Докторантура кафедраларының шетелдік ЖОО-лармен жасалған ынтымақтастық келісімшарттарын арттыру.

10. Бітіруші магістранттарды жұмысқа орналастыру ізін жүйелі қадағалау. «Қаржы орталығы» АҚ арқылы жүргізілетін жұмысқа бөлу рәсімін мерзімінде аяқтаумен бірге, бітірушілердің нақты жұмысқа орналасу деректерін ЖООКББИ деректер базасына енгізу.

**5.8. SWOT-ТАЛДАУ**

| **Strengths ( күшті жақтары)** | **Weaknesses (әлсіз жақтары)** |
|---|---|
| – Кәсіптік практиканы өткізуге арналған келісім шарттар Шымкент қаласы Білім басқармасына қарасты мектептермен жасалған.<br>– Инновациялық бағыттағы мекемелермен, атап айтқанда Дарынды балаларға арналған №1 мамандардырылған IT лицей-интернаты, Химия-биологиялық бағыттағы НЗМ, Физика-математикалық бағыттағы Назарбаев зияткерлік мектебі, №2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп интернаты, Білім-инновация ер балаларға арналған №1 лицей-интернаты, Білім-инновация қыз балаларға арналған №2 лицей-интернаты, «Alan» халықаралық мектебімен келісім шарттар бар.<br>– Педагогикалық, психологиялық, пәндік-әдістемелік бағыттағы тапсырмалар жүйесі педагогтың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастырады.<br>– Жоғары деңгейде практикадан өткен студенттер жұмысқа шақырту алды, «Alan» халықаралық мектебі, «Жалын» б3л3м беру мектебі жұмысқа қабылданған студенттер бар.<br>– Педагогикалық практика барысында студенттер алғыс хаттармен марапатталды.<br>– Практика базалары кеңейтілді және ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатылды.<br>– Білім алушылар Шымкент қаласындағы беделді лицей, гимназияларда кәсіптік практикадан өтті. | – Инновациялық бағыттағы мекемелер кәсіптік практикаға шектеулі студенттерді ғана қабылдайды.<br>– Қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды практика базаларында пайдалана алу мүмкіндіктерінің төмендігі. |
| **– Opportunities (мүмкіндіктері)** | **– Threats (қауіптер)** |
| – Жұмыс берушілермен қарым-қатынасты ұлғайту түлектеріміздің жұмыспен қамтылуына септігін тигізеді.<br>– Практика базаларымен бірлесе отырып арнайы семинарлар ұйымдастыру.<br>– Дипломалды практикада эксперименттік-зерттеу жұмыстарын заманауи практика базаларында ұйымдастыру.<br>– Бітіруші курс білім алушыларының кәсіптік практиканы аяқтағаннан кейін, бос орын болған жағдайда практикадан өткен білім беру мекемесінде жұмысқа орналасу мүмкіндігі. | – Инновациялық бағыттағы білім беру мекемелерінің келесі оқу жылында студенттерді қабылдамауы.<br>– Практика базаларында арнайы кабинеттердің, мысалы «Музыка» кабинеттерінің болмауы білім алушылардың педагогикалық шыңдалуына әсер етеді.<br>– Педагогикалық практика барысында ұйымдастырылатын |

| | |
|---|---|
| – Оқытудың клиникалық моделін оқу процесіне енгізуді қарастыру. | жиынтық бағалау процесі студенттердің сабақты ұйымдастыруды практикадан өткізуге кедергі жасайды. |

## 6.ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

### 6.1 УНИВЕРСИТЕТ, ФАКУЛЬТЕТ ПЕН КАФЕДРА БОЙЫНША ТОПТАРДА ӨТКІЗІЛГЕН ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР ЖАЙЛЫ МӘЛІМЕТ (МАЗМҰНЫ МЕН ФОРМАСЫ ТУРАЛЫ).

Тәрбие жұмысы ҚР Конституциясы, ҚР Білім туралы заңы, Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында және Ұлттық құрылтай отырыстарында берілген тапсырмалары және ЖОО Жарғысы мен ішкі ережелері негізінде түзілді. Барлық тәрбие жоспарларына 2025 жылдың желтоқсан айынан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 5 қарашадағы № 1081 Жарлығымен бекітілген ҚР Ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары бойынша қажетті толықтырулар енгізілді. Бұл орайда «Адал азамат», «Толық адам», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан», «Нашақорлықпен күрес», «Қарызсыз қоғам» жобалары мен тұжырымдамалық бағыттары үнемі назарда болды. Сонымен қатар есепті кезеңде білім алушы жастар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, діни экстремизм мен терроризм идеологиясына қарсы иммунитет қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлықтың алдын алу бағыттарында кешенді іс-шаралар өткізілді. Аталған жұмыстарға құқық қорғау органдарының өкілдері, теологтар, медицина қызметкерлері, қоғам белсенділері мен сала мамандары тартылды.

Бекітілген жоспар негізінде департаментке қарасты бөлімдердің, факультеттер мен кафедралардың тәрбие жұмыстарының жылдық жоспарлары дайындалып, бекітілді. Университеттегі тәрбие және әлеуметтік мәселелер бойынша негізгі жұмыстар Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің барлық тәрбие жұмысы құрылымдық бөлімдерімен, факультеттермен, кафедралармен және сыртқы серіктес ұйымдармен бірлесе отырып жүйелі түрде жүзеге асырылды.

2025-2026 оқу жылының 1 қыркүйек айына университеттегі жалпы білім алушылар саны - 8724 болды. Оның ішінде бакалавриат бойынша 7688 (грантта 3520, ақылыда-4168), магистратурада - 635 (оның гранты-539, ақылы-96) және докторантура бойынша 109 (оның гранты-94, ақылы-15), қайта даярлау үздіксіз білім беру-31 (ақылы-31), Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы көпсалалы колледжі бойынша-261 (гранты-249, ақылы-12) білім алушымен тәрбиелік жұмыстар жүргізілді. Олардың арасында 178 шетелдік студенттер бар (Өзбекстан Республикасы -175; Үндістан-1, Қытай-2). Жалпы алғанда оқу жылының I жартысында мемлекеттік гранттағы - 4402, ақылы бөлімдегі - 4322 (**жалпы-8724**) білім алушы тәрбие жұмыстарына тартылды.

Тәрбие жұмыстарының мазмұнын қалыптастыруда жастардың бойына жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіру, мемлекетшілдік сананы қалыптастыру, отансүйгіштікке тәрбиелеу, қоғамдық жауапкершілік пен құқықтық мәдениетті арттыру бағыттарына басымдық берілді.

Оқу жылы көлемінде білім алушылардың әлеуметтік жағдайларын зерделеу, олардың қажеттіліктерін анықтау және қолдау көрсету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған, көпбалалы және ерекше әлеуметтік санаттағы студенттерге заң аясында материалдық және моральдық қолдау көрсету мәселелері қарастырылып, оларға қолайлы білім беру және әлеуметтік орта қалыптастыруға ерекше назар аударылды. Студенттердің жатақханаға деген сұраныстары 100 пайыздық мөлшермен қамтылуы, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары, арнайы білім беруді қажет ететін және шетелдік білімалушылардың бейімделу жұмыстарына психологиялық қолдау көрсету департаменттің тұрақты бақылауында болды. Осындай тәрбие және әлеуметтік бағыттағы іс-шараларды жүзеге асыруға университеттің барлық құрылымдық бөлімдерінің жұмысын үйлестіру жұмыстары жоғары деңгейде атқарылды. Сонымен қатар Шымкент қаласы әкімдігінің Ішкі саясат басқармасына қарасты

мемлекеттік мекемелермен, жастар ресурстық орталықтарымен, қоғамдық ұйымдармен және құқық қорғау органдарымен бірлескен тәрбиелік жұмыстар жоспарланып атқарылды.

Көктемгі сессия қорытындылары мен студенттердің денсаулық, отбасы жағдайларына байланысты академиялық демалысқа шығуы, өзге ЖОО-на ауысуы, білім алушының университетпен білім беру келісім шартындағы талаптарды (оның ішінде ішкі тәртіп ережелерін сақтамауы) орындамауына байланысты оқудан шығарылғандарын қоса есептегенде 2026 жылдың 1 маусым күніне ЖОО-да жалпы саны **8144** білім алушыны құрады. Оның ішінде мемлекеттік гранттағы-4074, ақылы бөлімдегі 4070 білім алушымен тәрбие жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде, бакалавриат бойынша 7439 (грантта 3434, ақылыда-4005), магистратурада - 579 (оның гранты-529, ақылы-50) және докторантура бойынша 110 (оның гранты-95, ақылы-15) білім алушы бар. Оларға қосымша педагогикалық қайта даярлау-0 (оның бәрі ақылы-0), тілдік дайындық-16 (оның бәрі грант-16) білім алушыны да тәрбиелік шараларға тарту күнтәртібінде тұр. Жалпы алғанда 166 шетелдік білім алушылар бар (Өзбекстан Республикасы -164, Қытай-1 білім алушы бакалавриатта, Үндістан-1 (докторант)

Жалпы алғанда, 2025–2026 оқу жылында Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті тарапынан жүргізілген жұмыстар білім алушылардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, әлеуметтік қолдау көрсетуге және жастар саясатын тиімді жүзеге асыруға бағытталды.

**ҚР ЖОО арасында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ жатақханамен студенттерді толықтай орынмен қамтыған бірден бір оқу орны.** Биылғы оқу жылында жалпы жатақханалардағы орындар саны – **3123** орынды құрады. Platonus LMS жүйесі өтініштер қабылданып, 100% өтініштер өңделіп, 1422 білім алушы жатақханамен қамтылды. Жатақханаларда 28 тұл жетім, 23 білім алушы мүгедектігі бойынша 100%-50% жеңілдіктер алды.

| р/с | Факультет бойынша | ОҚПУ бойынша оқу топтарының жалпы саны (бакалавриат) | Оқу топтарына бекітілген топ тәлімгерлерінің жалпы саны | Студенттердің арасында әлеуметтік қолдауды қажет ететіндердің жалпы саны | Тұл жетім және жартылай жетім | Мүгедек білім алушылар саны | Орамал тартатын немесе хиджабкиетін студенттер саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Физика - математика | 36 | 23 | 3 | 3/25 | 4 | 10 |
| 2 | Жаратылыстану | 61 | 42 | 16 | 9/45 | 6 | 13 |
| 3 | Филология | 121 | 61 | 14 | 19/147 | 16 | 55 |
| 4 | Тарих және педагогика | 71 | 38 | 44 | 10/23 | 11 | 23 |
| 5 | Өнер және білім | 52 | 36 | 4 | 6/12 | 18 | 9 |
| 6 | Дене шынықтыру және спорт | 54 | 24 | 32 | 33/38 | 19 | - |
| | **Жалпы ОҚПУ бойынша** | **395** | **224** | **113** | **80/290** | **74** | **110** |

## 6.2 АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ, ОНЫҢ ІШІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУЫ ЖӘНЕ ПІКІРТАЛАС ҚОЗҒАЛЫСЫ АРҚЫЛЫ ТАРТЫЛҒАН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ.

Студенттер арасында пікірсайыс қозғалысын дамыту бағытында жұмыстар 2025-2026 оқу жылында да қарқынды жалғасты. 2025-2026 оқу жылында «Болашақ» пікірсайыс

орталығы аймақтық, қалалық, университетішілік деңгейде 5 пікірсайыс турнир ұйымдастырды. Оқу пікірсайысшылар 19 жүлделі орындар иеленді. Platonus LMS-тегі «Студенттік бірлестіктер» арқылы студенттер университеттің студенттік өзін-өзі ұйымдарымен кеңінен таныса алды.

1. https://www.instagram.com/reel/DP67lmhCMOx/
2. https://www.instagram.com/p/DQACCQgiMzF/
3. https://www.instagram.com/reel/DUgHw18iIHn/
4. https://www.instagram.com/p/DXw-vrBCOjX/
5. https://www.instagram.com/p/DQAH_axiNRf/
6. https://www.instagram.com/p/DRKLqTlCGNy/
7. https://www.instagram.com/p/DWn0lwEDbUZ/
8. https://www.instagram.com/p/DXw23griPxB/?img_index=2
9. https://www.instagram.com/p/DX6Gy1HCJfJ/

**6.3 БІЛІМ ДЕҢГЕЙІ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫНАН ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТПЕН АЙНАЛЫСАТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ ҮЛЕСІ.**

2025-2026 оқу жылында университеттің білім алушылары волонтерлік қызметке белсенді түрде қатысып, түрлі іс-шараларда ерікті көмек көрсетті. Жыл басынан бері 15 ауқымды іс-шарада студенттер волонтер ретінде атсалысты. Сонымен қатар, қалалық тазалық акцияларына қатысып, қоғамдық орындарды абаттандыру және экологиялық мәдениетті насихаттау жұмыстарын жүргізді. Қайырымдылық шараларына да белсене араласып, мұқтаж жандарға көмек көрсетуге бағытталған жобаларға қатысты.

1. https://www.instagram.com/p/DUSYUO-jcqT/
2. https://www.instagram.com/p/DXOuDHcjV_f/?img_index=2
3. .https://www.instagram.com/reel/DVRIht1jKYU/?igsh=MWIwaDVlZHMzMGJuMA==
4. https://www.instagram.com/reel/DVTOvJNDOrP/?igsh=MTNqenVpamQ1cmt4OA==
5. https://www.instagram.com/reel/DV-2b6wsK_o/?igsh=bG5jMGZvOHhlc3Z3
6. .https://www.instagram.com/reel/DWDpgFQMbNf/?igsh=azExb3g3ZmtndWc3
7. https://www.instagram.com/reel/DW3AflxCIR_/?igsh=ZHh6ejU0OHl5OWhz

**6.4 ПАТРИОТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.**

2025-2026 оқу жылында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің тәрбие жұмыс жоспарларында патриоттық тәрбие бойынша әртүрлі деңгейде, яғни жалпы университет және жекеленген оқу топтары студенттерімен, магистранттарымен жалпы саны 85 іс-шара жоспарланып орындалды. Жоспардан тыс 12 іс-шара қосымша өтті. Атқарылған жұмыстардың факультеттер бойынша орындалуы төмендегі 2-ші кестеде көрсетілген.

| **р/с** | **Факультет бойынша** | **Жоспарланған іс-шаралар саны** | **Жалпы өткізілген іс-шаралар саны** | **Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Физика - математика | 6 | 9 | 3 |
| 2 | Жаратылыстану | 8 | 8 | 0 |
| 3 | Филология | 7 | 9 | 2 |
| 4 | Тарих және педагогика | 38 | 44 | 6 |
| 5 | Өнер және білім | 11 | 12 | 1 |
| 6 | Дене шынықтыру және спорт | 15 | 15 | 0 |
| **7** | **Жалпы ОҚПУ бойынша** | **85** | **97** | **12** |

**4.09.2025 ж**. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-да тарих ғылымдарының докторы, профессор Сәбит Жолдасовтың 85 жылдығына арналған «Өмірі өнеге ғалым» атты іс-шара өтті. https://www.instagram.com/p/DOLbupljRFp/?img_index=2&igsh=aDF0eTd6Ynh4NGJ0



**8.09.2025 ж**. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ ұжымы бүгін ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауын тыңдады. «Қазақстан» мәжіліс залында өткен жиынға оқытушы-профессорлар қауымы мен білім алушылар қатысты. https://www.instagram.com/p/DOVnAZZjRPp/?igsh=MWRmNHN0NmcwMHljZQ==



**19.09.2025 ж.** Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-да ҚР Конституциясының 30 жыл толуына орай «Ата заң -елдігімнің кепілі» атты «дөңгелек үстел» өтті. https://www.instagram.com/p/DOyX7UejaBP/?img_index=18&igsh=czlhdjN4NDljbXg1



**28.10.2025 ж.** «Еңсесі биік – Егемен елім» атты мерекелік концерт. 25 қазан — Республика күніне арналған іс-шарада Жәнібеков жастары университетіміздің оң имиджін қалыптастыруға қосқан үлесі мен белсенділігі үшін Университеттің Басқарма төрағасы Ректордың у.м.а. Ә.Н. Нұртаевтың алғыс хатымен марапатталды. https://www.instagram.com/p/DQXTWD8Df4K/?utm_source=ig_web_copy_link



**15.12.2025 ж**. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «Қазақстан» залында еліміздің ең қастерлі мерекесі — Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мерекелік концерт жоғары деңгейде өтті. https://www.instagram.com/p/DSSVLW5jdSW/?img_index=7&igsh=MTc1dTk2d3d1enhvdA==

**4.11.2025 ж.** «Зорлық-зомбылықсыз Қазақстан!» атты республикалық акциясы өткізілді. Зорлық-зомбылықтың алдын алу, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін түсіндіру, өзге этнос өкілдерімен достық қарым-қатынасты нығайту және дін саласындағы сауаттылықты

арттыру мақсатында іс - шара өткізілді. https://www.instagram.com/reel/DQoDTnpjELs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==




**23.02.2026 ж.** «Ғылым, білім және шығармашылық — конституциялық дамудың стратегиялық негізі» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – еліміздің конституциялық реформаларын жан-жақты талқылап, Жаңа Конституцияны қолдау және алдағы референдумда белсенді түрде дауыс беруге шақыру болды. https://www.instagram.com/p/DVGfIrDjcBJ/?img_index=12&igsh=MTduYm9wNWw3eWwweQ==




**9.03.2026 ж.** Ахмет Тоқтабайдың «Қазақтың достары мен қастары» кітабының тұсаукесері өтті. Іс-шараға студенттер, магистранттар мен докторанттар қатысты. Кітап университет кітапханасына сыйға тартылды. https://www.instagram.com/p/DWESHYKDUzn/?img_index=10&igsh=Y2x1c2k1cW8yYjlv




**26.05.2026 ж.** Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Дария Қожамжаровамен «Рәміздер рухы, Ата заң үстемдігі – мықты мемлекет» тақырыбында кездесу өтті. Кездесу барысында білім алушыларға ел рәміздері мен қатар жаңадан қабылданған Ата заңның тармақтарына қосымша ақпараттар қоса берілді. https://www.instagram.com/p/DY3759TjfZh/?img_index=9&igsh=ZDc4NXN5cmVsd2Qy





**6.5 РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ДАМУ БАҒЫТЫ.**

2025-2026 оқу жылында тәрбиенің негізгі салалық бағыты саналатын «Рухани – адамгершілік даму бағыты» бойынша 70 іс-шара жоспарлы және 20 жоспардан тыс,

жалпы 90 іс-шара орындалды. Жалпы қызығушылық пен ынта басымдығы байқалады. Олардың факультеттер бойынша орындалуы төмендегі 3-ші кестеде көрсетілген.

| р/с | Факультет бойынша | Жоспарланған іс-шаралар саны | Жалпы өткізілген іс-шаралар саны | Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Физика - математика | 6 | 13 | 7 |
| 2 | Жаратылыстану | 2 | 3 | 1 |
| 3 | Филология | 16 | 23 | 7 |
| 4 | Тарих және педагогика | 25 | 27 | 2 |
| 5 | Өнер және білім | 7 | 10 | 3 |
| 6 | Дене шынықтыру және спорт | 14 | 14 | 0 |
| **7** | **Жалпы ОҚПУ бойынша** | **70** | **90** | **20** |

## 6.6 ЭТНОСАРАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ПЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Аталған бағыт бойынша 2025-2026 оқу жылында ЖОО-да 33 іс-шара жоспарланып, 44 іс-шара орындалды. 11 жоспардан тыс орындалды. Факультеттер бойынша орындалуы төмендегі 4-ші кестеде көрсетілген.

| р/с | Факультет бойынша | Жоспарланған іс-шаралар саны | Жалпы өткізілген іс-шаралар саны | Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Физика - математика | 6 | 11 | 5 |
| 2 | Жаратылыстану | 4 | 6 | 2 |
| 3 | Филология | 5 | 8 | 3 |
| 4 | Тарих және педагогика | 10 | 11 | 1 |
| 5 | Өнер және білім | 2 | **2** | 0 |
| 6 | Дене шынықтыру және спорт | 6 | **6** | 0 |
| **7** | **Жалпы ОҚПУ бойынша** | **33** | **44** | **11** |

### 6.7. ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ.

2025-2026 оқу жылында аталған бағыт бойынша 60 іс-шара жоспарланып, 84 іс-шара орындалды. 24 жоспардан тыс орындалды. Осындай құқықтық бағыттар бойынша факультеттер бойынша атқарылған жұмыстардың көрсеткіші 5-ші кестеде берілді.

| р/с | Факультет бойынша | Жоспарланған іс-шаралар саны | Жалпы өткізілген іс-шаралар саны | Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Физика - математика | 5 | 9 | 4 |
| 2 | Жаратылыстану | 9 | 11 | 2 |
| 3 | Филология | 7 | 15 | 8 |
| 4 | Тарих және педагогика | 24 | 33 | 9 |
| 5 | Өнер және білім | 5 | 6 | 1 |
| 6 | Дене шынықтыру және спорт | 10 | 10 | 0 |
| **7** | **Жалпы ОҚПУ бойынша** | **60** | **84** | **24** |

## 6.8 САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

2025-2026 оқу жылында аталған бағытта факультеттер бойынша 62 шара жоспарланып, жалпы 74 іс-шара өткізілді. Яғни 12 іс-шара жоспардан тыс орындалды.

Бүгінгі күнге ЖОО-да жалпы саны 19 құрайтын әлем чемпиондары, 22 Азия чемпиондары, 164-тен аса Қазақстан чемпионатының жүлдегерлері мен Халықаралық турнирлерінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері бар. Олардың 61-сы биылғы оқу жылында осындай атаққа ие болды. Аталған бағытта атқарылған жұмыстардың орындалуының сандық көрсеткіші 5-ші кестеде берілген.

| **р/с** | **Факультет бойынша** | **Жоспарланған іс-шаралар саны** | **Жалпы өткізілген іс-шаралар саны** | **Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Физика - математика | 4 | 8 | 4 |
| 2 | Жаратылыстану | 8 | 10 | 2 |
| 3 | Филология | 9 | 11 | 2 |
| 4 | Тарих және педагогика | 21 | 24 | 3 |
| 5 | Өнер және білім | 3 | 4 | 1 |
| 6 | Дене шынықтыру және спорт | 17 | 17 | 0 |
| **7** | **Жалпы ОҚПУ бойынша** | **62** | 74 | **12** |

**Әлем, Азия, Халықаралық, республикалық, қалалық конкурстардың жеңімпаздары туралы мәліметтер (жарыстар, олимпиадалар)**

| Әлем чемпиондары мен жүлдегері | Азия чемпиондары мен жүлдегері | Халықаралық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегері | Республикалық, жарыстардың чемпиондары мен жүлдегері | Қалалық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегері | Қорытынды саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 19 | 22 | 37 | 51 | 76 | 205 |
| **2025-2026 оқу жылындағы мәлімет** | | | | | |
| 12 | 14 | 45 | 52 | 58 | 181 |

**«Тұран» спорт клубында 7- спорт түрінен 130-дан аса студенттер спорттық үйірмелерде жаттығу жасауда.**

| № | Спорт түрі | Студенттер саны | Жаттықтырушы |
|---|---|---|---|
| 1 | Тоғызқұмалақ | 12 | А.Тұрдалиев |
| 2 | Каратэ | 10 | М.Темірханов |
| 3 | Күрес түрлері | 10 | А.Ускеналив |
| 4 | Шахмат | 10 | А.Яхяев. |
| 5 | Баскетбол | 30 | И.Сотов |
| 6 | Волейбол | 35 | О.Жұматаев |
| 7 | Футбол | 30 | А.Жұмабаев |
| Студенттердің жалпы саны | | 137 | |

«Тұран» спорт клубы жанынан спорттың 8 түрі бойынша үйірмелер тұрақты жұмыс жасап, оларға биыл 137 білім алушы қамтылды. Бұл көрсеткіш өткен оқу жылымен салыстырғанда 31 білім алушыға артқан (2024–2025 жж. – 106 студент).

**6.9 ЖАСТАР БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАУ бағытында** 2025-2026 оқу жылында жоспарланған 45 іс-шара болса, 68 шара орындалды, Жоспардан тыс 23 іс-шара өткізілді.

Биылғы оқу жылында факультеттер бойынша атқарылған жұмыстар көрсеткіші 6 кестеде көрсетілді.

| р/с | Факультет бойынша | Жоспарланған іс-шаралар саны | Жалпы өткізілген іс-шаралар саны | Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Физика – математика | 5 | 9 | 4 |
| 2 | Жаратылыстану | 4 | 15 | 11 |
| 3 | Филология | 7 | 14 | 7 |
| 4 | Тарих және педагогика | 11 | 12 | 1 |
| 5 | Өнер және білім | 8 | 8 | 0 |
| 6 | Дене шынықтыру және спорт | 10 | 10 | 0 |
| **7** | **Жалпы ОҚПУ бойынша** | **45** | **68** | **23** |

**19.10.2025 ж.** Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде Шымкент қаласының пікірсайысшылар ассоциациясының ұйымдастыруымен өткен “Көшбасшылар алаңы V” атты қалалық пікірсайыс турнирі ұйымдастырылды.

**19.10.2025 ж.** 18-19 қазан күндері Тараз қаласы, Дулати университетінде “Сәкен мұрасы” атты республикалық пікірсайыс турнирі өтті. Турнир нәтижесі бойынша университетіміздің атынан шыққан БОЛАШАҚ ПО жүлделі орындарды иеленді.

**10.11.2025 ж**. ZHANIBEKOV UNIVERSITY-де 17-қараша Халықаралық студенттер күніне арналған 10-15 қараша аралығында студенттер апталығы өтті. Апталықтың ашылуына арналған алғашқы күні Басқарма төрағасы-ректор міндетін атқарушы Әлібек Нұртаев студенттік парламент мүшелерімен кездесті. Басқосу пікірсайыс жарысында жүлделі орын иеленген жастарды марапаттаумен басталып, ашық сұхбат төңірегінде өрбіді.

**20.11.2025 ж**. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-да ЮНИСЕФ-тің қолдауымен республика бойынша тұңғыш рет «ЮНИСЕФ жастары» еріктілер хабы ашылды. Аталмыш жоба ҚР Үкіметі мен ЮНИСЕФ арасындағы ынтымақтастық бағдарламасы аясында жүзеге асуда. «ЮНИСЕФ Жастары» — балалар мен жастардың құқықтарын, білім беру, экология және ақпарат саласындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталды.

**20.03.2026 ж.** Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «Мұра» ХШО «Дефиле» үйірмесі мен «Бейнелеу өнері» үйірмесі Түркістан қаласында өткен «Наурыз-Думан» фестиваліне қатысып, екі бірдей Гран-при жүлдесін жеңіп алды.

**02.04.2026 ж.** Шымкент қаласы жастар саясаты басқармасы мен қалалық Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен ауқымды қалалық интеллектуалды ойын өз мәресіне жетті!2 айға созылған тартысты додаға 1000-ға жуық мектеп оқушылары, колледж және университет студенттері қатысып, финалға 21 команда жолдама алды.
Супер финалда Жастармен жұмысы бөлімінің жанынан құрылған «Болашақ» ПО командасы I орынды иеленді!

**30.04.2026 ж.** Сәуір айының 25-26 жұлдызында Тараз қаласында Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті базасында өткен «ITU CUP VII» республикалық пікірсайыс турнирінде “Болашақ ПО” жүлделі орынды иеленді.АПФ форматы бойынша “Райымбек батыр” фракциясы Абдихан Ақбота және Ералы Шұғыла жүлделі 2-орынды иеленді. Жеңістеріңіз құтты болсын!

## 6.10 АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТТАУ ЖҰМЫСЫ.

ЖОО-да атқарылған жұмыстарды ақпарат көздері арқылы насихаттау мен жастардың өз ойларын дұрыс көпшілікке жеткізе білу, жалпы көпшілікті тәрбиелік маңызы жоғары игілікті істерге тартуда ақпараттық насихаттық жұмыстардың орны ерекше. Бұл бағытта кез келген тәрбиелік жұмыстарды әлеуметтендіру мақсатына сай

жұмыстар факультеттер мен тәрбие құрылымына қатысты бөлімдер арқылы үнемі, әрі тұрақты түрде жүргізіліп отырды. Мысалы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ Медиа орталығы мәліметтеріне сай Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті 2025-2026 оқу жылында 1 қыркүйек – 26 мамыр аралығында 514 жарияланым (публикация) жарияланды. Соның ішінде университеттің ресми әлеуметтік желі (facebook, instagram) парақшаларындағы саны:
Мәтіндік посттар – 413
Бейнероликтер – 92
Фотолар саны – 40 мыңнан астам (Іріктелгені 8 мыңнан асады)
Афиша – 62
Құттықтау постері – 23
Құттықтаулар - 22
БАҚ бойынша
Жергілікті ТВ – 66 сюжет, сұхбат
Республикалық ТВ – 31 сюжет
Жергілікті газет, журнал – 35 мақала
Республикалық газет, журнал – 16 мақала жарияланды

| р/с | **Факультет бойынша** | **Жоспарланған іс-шаралар саны** | **Жалпы өткізілген іс-шаралар саны** | **Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Физика - матиматика | 2 | 3 | 1 |
| 2 | Жаратылыстану | 4 | 5 | 1 |
| 3 | Филология | 5 | 7 | 2 |
| 4 | Тарих және педагогика | 19 | 19 | 0 |
| 5 | Өнер және білім | 2 | 5 | 3 |
| 6 | Дене шынықтыру және спорт | 4 | 5 | 1 |
| 7 | Жалпы ОҚПУ бойынша | 36 | 44 | 8 |

**09.10.2025 ж.** ZHANIBEKOV UNIVERSITY-де «Студенттік қалқан» жобасы аясында отансүйгіштік пен бірлікке үндеген патриоттық флешмоб өтті. Шараның негізгі мақсаты – жастардың құқықтық мәдениетін көтеру, қоғамдағы тәртіп пен жауапкершілік сезімін арттыру, сондай-ақ ел тыныштығын сақтау идеясын насихаттау болды. Іс-шарада білім алушыларға құқық бұзушылықтың алдын алу және өз құқықтарын қорғау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

**22.10.2025ж.** «Менің Қазақстаным» Республика күніне орай студенттер ұлттық рухты дәріптеді. 25 қазан-ұлттық мереке Республика күні мен Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның қабылданғанына 35 жыл толуына орай Өзбекәлі Жәнібеков атындағы педагогикалық университетінде «Менің Қазақстаным» атты челлендж ұйымдастырылды.

Аталған іс-шара аясында 100 студент бір мезетте Құрманғазы Сағырбайұлының «Балбырауын» күйін орындап, ерекше музыкалық композиция ұсынды. Бұл аталған челленджге «Мұра» ұлттық шығармашылық орталығының домбыра үйірмесінің жетекшісі Әліби Нышан жетекшілік еткен студенттер белсене атсалысты.

**1.12.2025 ж**. «Есірткісіз өмір — жарқын болашақ!» тақырыбында есірткінің алдын алу мақсатында оқу орнының қызметкерлері мен білім алушылары арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, бүктемелер таратылды. Есірткісіз өмір — жарқын болашақ!» тақырыбындағы ақпараттық түсіндіру жұмыстары

**01.05.2026ж.** Арбат аллеясы аумағында Шымкент қаласының туризм, сыртқы байланыстар және креативті индустрия басқармасының «Visit Shymkent» туристік ақпараттық орталығының ұйымдастыруымен «Жас флористер мен дизайнерлер байқауы»

өткізілді.Аталған іс-шараға Мұра Орталық шығармашылық орталығы қолөнер және аспаптар жасау, бейнелеу өнері мен дефиле үйірмелері қатысып, шығармашылық жұмыстарын көпшілік назарына ұсынды. Нәтижесінде Дефиле мен Бейнелеу өнер үйірме жетекшілері Сыдықов Мейірбек пен Шнасил Ақмарал *«Дәстүр мен заманауилық үйлесімі»* наминациясымен марапатталды.

**«Мұра» ұлттық шығармашылық орталығында 367 білім алушы түрлі үйірмелерге қамтылып, шығармашылық қабілеттерін шыңдады.**

| № | Үйірменің аты | Жетекшілері | Студенттер саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Тігін үйірмесі | Исабаева Дильфуза Бахтияровна | 21 |
| 2 | Дефиле үйірмесі | Шнасил Ақмарал Бауыржанқызы | 39 |
| 3 | Айтыс үйірмесі | Әнәпия Нұрғали Мұратұлы | 6 |
| 4 | Домбыра үйірмесі | Нышан Әлиби Рахманбердіұлы<br>Мәдибеков Данияр Бекболатұлы | 38 |
| 5 | Би үйірмесі | Таукеев Қуат Анатольевич<br>Ергебекова Лаззат Мухтарқызы | 32 |
| 6 | Аспаптар жасау үйірмесі | Утеболатов Самат Кенесович | 18 |
| 7 | Эстрада үйірмесі | Шалабай Қадиша Өмірзаққызы | 3 |
| 8 | Фотоөнер үйірмесі | Сейтжаппар Береке Қойшыбайұлы | 28 |
| 9 | Мобилография үйірмесі | Сейдахмет Бағдат Орынбасарович | 28 |
| 10 | Бейнелеу өнер үйірмесі | Сыдыков Мейирбек Уразбаевич | 11 |
| 11 | Қолөнер үйірмесі | Жолбарисова Арайлым Бексейтовна<br>Дауылбай Мадина Нурмаханқызы | 11 |
| 12 | Театр үйірмесі | Ибатуллина Мукарама Шаукатовна | 98 |
| 13 | Вокал үйірмесі | Жандарбай Ерлан Жұмаділдәұлы<br>Мұқамедияр Ораз Болатұлы | 21 |
| 14 | Жайдарман КТК үйірмесі | Нұралиев Тағай Әбілқайырұлы | 13 |
| | **Барлығы** | | **367** |

**Үйірме жұмыстарының салыстырмалы көрсеткіші**

2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында «Мұра» ұлттық шығармашылық орталығының 14 үйірмесіне жалпы 294 білім алушы қамтылған болса, жыл қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 367 студентке жетті. Нәтижесінде үйірмелерге қатысушы білім алушылар саны 73 адамға артып, 24,8%-ға өсті.

Жылдық қорытынды бойынша театр үйірмесінде білім алушылар саны 33-тен 98-ге көбейіп, ең жоғары көрсеткішке жетті. Тігін үйірмесінде білім алушылар саны 16-дан 21-ге, аспаптар жасау үйірмесінде 17-ден 18-ге, фотоөнер және мобилография үйірмелерінде 27-ден 28-ге, вокал үйірмесінде 20-дан 21-ге өсті.

Дефиле, айтыс, бейнелеу өнері, қолөнер және «Жайдарман» КТК үйірмелерінде қатысушылар саны тұрақты сақталды. Ал би үйірмесінде білім алушылар саны 33-тен 32-ге аздап төмендегенімен, үйірме жұмысы тұрақты жүргізілді.

Жалпы алғанда, жыл қорытындысы бойынша шығармашылық үйірмелерге қатысушылар санының артуы білім алушылардың өнер мен шығармашылыққа деген қызығушылығының жоғарылағанын көрсетеді. Бұл орталықтың жүргізген жұмыстарының нәтижелі болғанын дәлелдейді.

**Халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық, университеттік конкурстардың жеңімпаздары туралы мәліметтер (байқаулар, жарыстар, олимпиадалар)**

| р/с | Факультет бойынша | Халықаралық | Республикалық | Облыстық | Қалалық | Университеттік | Қорытынды саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Филология | 7 | 15 | 3 | 8 | 25 | 58 |
| 2 | Физика-математика | 1 | 3 | 1 | 1 | 3 | 9 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Тарих және педагогика | 3 | 8 | 4 | 4 | 9 | 28 |
| 4 | Дене шынықтыру және спорт | 11 | 15 | 43 | 47 | 52 | 168 |
| 5 | Жаратылыстану | - | 19 | - | 3 | 21 | 43 |
| 6 | Өнер және білім | 5 | 3 | 0 | 4 | 2 | 14 |
| | **Жалпы саны** | **27** | **63** | **51** | **67** | **112** | **320** |

**Әлеуметтік осал білім алушыларға қолдау көрсету және оларды жатақханаға орналастыру туралы**

Әлеуметтік осал санатқа жататын тұл жетім, I топ мүгедегі, II топ мүгедегі, III топ мүгедегі және көп балалы отбасыдан шыққан студенттерге жан-жақты әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Аталған санаттағы білім алушылардың әлеуметтік жағдайлары назарға алынып, оларға қолайлы жағдай жасау мақсатында тиісті шаралар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету барысында әлеуметтік осал топтағы білім алушыларға басымдық беріліп, олардың өтініштері негізінде орналастыру жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік қолдау көрсету аясында студенттердің оқуына, тұрмыстық жағдайына және қоғамдық ортаға бейімделуіне ерекше көңіл бөлінді.

| **Факультет атауы** | **Тұл жетім** | | **I топ мүгедегі** | | **II топ мүгедегі** | | **III топ мүгедегі** | | **Көп балалы отбасыдан шыққан студенттер** | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жалпы саны | Оның ішінде жатақхана да тұратын дар саны | Жалпы саны | Оның ішінде жатақхана да тұратын дар саны | Жалпы саны | Оның ішінде жатақхана да тұратын дар саны | Жалпы саны | Оның ішінде жатақхана да тұратын дар саны | Жалпы саны | Оның ішінде жатақхана да тұратын дар саны |
| Жаратылыстану | 9 | 1 | - | - | 1 | - | 5 | 1 | 256 | 59 |
| Өнер және білім | 6 | 2 | 6 | 3 | 3 | 2 | 9 | 1 | 52 | 15 |
| Физика - математика | 3 | 1 | 0 | 0 | 2 | 1 | 2 | 1 | 75 | 7 |
| Тарих және педагогика | 10 | 3 | 1 | 1 | 4 | 2 | 6 | 2 | 87 | 64 |
| Филология | 19 | 7 | 3 | 1 | 2 | 1 | 11 | 6 | 362 | 107 |
| Дене шынықтыру және спорт | 33 | 8 | 4 | - | 4 | - | 11 | 2 | 221 | 78 |
| **Жалпы саны** | **80** | **22** | **14** | **5** | **16** | **6** | **44** | **13** | **1053** | **330** |

## 6.11 ҚОРЫТЫНДЫ

2025–2026 оқу жылында тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттары бойынша жоспарланған және өткізілген іс-шараларға талдау жүргізілді. ЖОО Тәрбие жұмыстарына қажетті қаражат көлемі студенттер санына қатысты алғанда аса үлкен болған жоқ. Соған қарамастан өткен 2024–2025 оқу жылымен салыстырғанда жоспарланған іс-шаралар саны 340-тан 403-ке өсіп, 63 іс-шараға артты. Бұл тәрбие жұмыстарының бағыттары бойынша білім алушылардың санының да қамтылу ауқымының кеңейгенін көрсетеді. Бұл орайда артық іс-шаралардың негізгі бөлігі Өзбекәлі Жәнібековтің 95 жылдығына арналған бағдарламалар арқылы мүмкін болғанын атап өтеміз. Дегенмен кейбір іс-шаралардың

күзге ауысуы (жас ақындар айтысы) мен қаржылық қолдаудың аздығынан осы оқу жылында жүзеге асыру мүмкіндігі болмай қалғанын да назарға аламыз.

2024–2025 оқу жылында 535 іс-шара өткізілсе, 2025–2026 оқу жылында 522 іс-шара ұйымдастырылды. Жалпы көрсеткіш 13 іс-шараға азайғанымен, жұмыстардың басым бөлігі жоспарға сәйкес жүзеге асырылды. Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны 195-тен 119-ға дейін төмендеп, 76 іс-шараға қысқарды. Бұл қаржы талап етпейтін тәрбие жұмыстарының саны артып, жүйелі жоспарланып, ұйымдастыру сапасының артқанын байқатады.

Жекелеген бағыттар бойынша құқықтық тәрбие жұмыстарының қарқыны айтарлықтай артты: жоспарланған іс-шаралар саны 36-дан 60-қа, ал өткізілген іс-шаралар саны 52-ден 84-ке өсті. Сонымен қатар жастар бастамаларын қолдау, ақпараттық-насихаттау жұмыстары, этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімге тәрбиелеу бағыттары бойынша да оң нәтижелер байқалды.

Патриоттық сана қалыптастыру, рухани-адамгершілік даму және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыттарында өткізілген іс-шаралар саны өткен жылмен салыстырғанда біршама азайғанымен, аталған жұмыстар жоспарға сәйкес толық орындалып, білім алушыларды тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылды.

Жалпы алғанда, 2025–2026 оқу жылында тәрбие жұмыстары жоспарлы, мақсатты және нәтижеге бағытталған түрде ұйымдастырылып, тәрбие бағыттарының барлығы бойынша қойылған міндеттер орындалды.

**6.12 Ұсыныстар:**

1. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің 2025-2026 оқу жылынының жылдық есебі Тәрбие және әлеуметтік салада атқарылған жұмыстары салалық министрлік және оған қарасты департаменттердің тапсырмаларын орындау, мемлекеттік және қоғамдық мекемелермен біріккен тәрбиелік жұмыстарға ОҚПУ студенттерінің белсенді қатысуы есебінен жоспардан артық орындалды. Тәрбиелік іс-шаралардың саны мен сапасының арта түсуі жұмыстардың нәтижелігі басшылықтың қолдауы, ұжымның бірлескен ортақ жұмыстарының нәтижесінде мүмкін болып отыр.

2. Тәрбие жұмыстарының жоспардан артық, әрі өте сапалы орындалғандары да, кейбір одан да сапалы өткізуді қажет еткен жұмыстарда кездесті. Жалпы алғанда «қанағаттанарлық» деңгейде деп бағалауға келеді. Жалпы алғанда тәрбиелік және әлеуметтік салалар бойынша күрделі кемшіліктер мен олқылықтарға орын берілмеді.

**6.13 SWOT-талдау**

| **ОҚПУ Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті жұмысының тұтастығы мен толықтығын бағалау** | |
|---|---|
| **Күшті жақтары** | **Әлсіз жақтары** |
| - «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты» департаменті жылдық жұмыс жоспарына сай және тәрбие бағытындағы жұмыстарды атқаруда университеттің ОПҚ педагогикалық және тәжірибелік әлеуетінің жоғары болуы;<br>- ОПҚ мен білім алушылардың түрлі деңгейлердегі (республикалық, қалалық, ЖОО-дағы) тәрбиелік, кәсіби үйірмелік, спорттық секциялар мен өзге де іс-шараларға қатысуға мүмкіндігінің жоғарылығы;<br>- Тәрбие жұмыстарын жүргізуге қажетті материалдық-техникалық құралдардың жабдықталуының жоғары деңгейі мен мүмкіндіктердің молдығы. | - ОПҚ Тәрбие бағытында ЖОО көлеміндегі және мемлекеттік гранттық ғылыми жобаларға қатысуға ғылыми жобалар мен тәрбие жұмысы сапасын жоғарылату бойынша әдістемелік құралдарды ұсыну санының аздығы;<br>- Тәрбие бағытындағы жұмыстарды жандандыру бойынша жұмыстарда ОПҚ тек бүгінгі KPI жүйесіндегі белгілі бір «балл» берілген тапсырмаларды орындаумен шектелуі, жеке белсенділікке ұмтылуының төмен деңгейі;<br>- Кейбір мамандардың қызметтік |

| | |
|---|---|
| | жұмыстарында жеке жауапкершілігі мен құқықтық сауаттылық деңгейлерінің төмендігінің байқалуы. |
| **Мүмкіндіктері** | **Қауіптілігі** |
| - Ұлттық тәрбие беруде тарихи тұлғатанулық бағыттарда тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру мен ғылыми зерттеулер үшін материалдық базаның талаптарға сай келуі (Ө.Жәнібеков орталығы базасы) және интеллектуальды жастардың көптігі мен жалпы Ө.Жәнібековтің өмірі мен қызметіне деген қоғамдық қызығушылықтың артуы;<br>- Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ ұлттық тәрбиенің салалары бойынша еліміздегі, оның ішінде Түркістан облысы, Шымкент қаласындағы ЖОББМ үшін жетекші ЖОО болу мүмкіндігі өте жоғары. Бұл бағытта Түркістан облысы Ардагерлер кеңесімен «Әкелер мектебі» жұмысы мен «Дәстүртану» бағыттары бойынша біріккен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі бар;<br>- Ұлттық тәрбие тақырыбында ғылыми жобалардың болуы.<br>- Педагогтар мәртебесіне қатысты қоғамдық пікірдің деңгейінің арта түсуі. | - Жастар арасында жекеленген ішкі тәртіп ережелері мен «академиялық адалдық» қағидаттарын ішінара бұзушылық белгілерінің байқалуы;<br>- Білім алушыларға факультеттердегі кейбір оқу топтарының тәлімгерлері тарапынан iGPA балл жинау бойынша мағұлматтарының толыққанды, әрі жүйелі жүргізу деңгейінде белсенділіктің баяулығы;<br>- Әлеуметтік желі материалдарын пайдалану мәдениетінде кейбір олқылықтардың кездесуі. |

## 7. КӘСІБИ БАҒДАР ЖҰМЫСТАРЫ

### 7.1 УНИВЕРСИТЕТ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ІС-ШАРАЛАРЫ ЖАЙЛЫ (МАЗМҰНЫ, ФОРМАСЫ ТУРАЛЫ ТОЛЫҚ МӘЛІМЕТ).

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті Маркетинг бөлімінің 2025–2026 оқу жылына арналған ресми жұмыс жоспары 2025 жылғы 31 тамыздағы №1 Ғылыми кеңес отырысында бекітілді. Бекітілген жоспарға сәйкес, оқу жылы барысында мектеп бітіруші түлектерге кәсіби бағдар беру, университеттің білім беру бағдарламаларын кеңінен таныстыру және болашақ талапкерлермен тиімді, жүйелі байланыс орнату бағытында бірқатар ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды.

2025 жылғы 30 қазанда Маркетинг бөлімінің басшысы Қ.Қ. Наурызова мен бөлім мамандарының ұйымдастыруымен Шымкент қаласындағы №90 дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушылары университет қабырғасына арнайы келіп, оқу орнының тыныс-тіршілігімен танысты. Сапар барысында оқушылар алдымен университет кітапханасының бай қорын тамашалап, кейін Ө. Жәнібеков атындағы орталықта болды. Мұнда орталық басшысы Э.Б. Оразбаева мектеп

оқушыларына Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ мәдениеті мен руханиятына қосқан өлшеусіз үлесі туралы құнды мағлұматтар берді. Сонымен қатар оқушылар физика зертханасы мен информатика-STEM кабинетін аралап, кафедра оқытушылары арнайы ұйымдастырған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарға тікелей қатысты. Дәл осындай танымдық бағыттағы «DEMEU KAZAKHSTAN» қоғамдық қорының “Demeu jobasy” аясында да кәсіби бағдар беру сапары ұйымдастырылып, оқушылар медиаорталық фотографы әрі «Фотоөнер» үйірмесінің жетекшісі Береке Сейітжаппардың шығармашылық жұмыстарымен және фотоөнер сабақтарымен қызыға танысты.

2025 жылғы 14 қарашада Сыртқы байланыстар мен көрмелер бағытында Маркетинг бөлімі Шымкент қаласында «Sana Oil» корпорациясының бастамасымен өткен, Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындары жиналған білім беру көрмесіне қатысып, мектеп бітірушілеріне еңбек нарығындағы өзекті мамандықтар туралы жан-жақты ақпарат ұсынды. Мұнымен қоса, Шымкент қаласындағы №140 жалпы орта білім беретін мектепте ұйымдастырылған «Кәсіптік бағдар – болашаққа қадам» атты жәрмеңкеде және №129 мектепте өткен кездесуде бөлім мамандары түлектерге педагогикалық мамандықтардың беделі мен артықшылықтары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

2025 жылғы 9–11 желтоқсан аралығында Бөлімнің ең ауқымды жобаларының бірі ретінде факультеттермен бірлесіп өткізілген «Бүгінгі мектеп түлегі – ертеңгі елдің тірегі» тақырыбындағы дәстүрлі «Ашық есік күнін» атауға болады. Бұл шараға Шымкент қаласындағы 104 жалпы білім беретін мектептен 1000-нан астам бітіруші түлек келіп, оқу үдерісімен және студенттерге жасалған жеңілдіктермен танысты.

2026 жылдың маусым айында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті Шымкент қалалық Білім басқармасымен бірлесіп мектеп оқушыларына арналған «EduCampShym» оқу лагерін ұйымдастырды. Лагерьге 15 жалпы білім беру мекемелерінен үш ауысым бойынша 300 ден астам 9, 10 сынып оқушылары қатысты.

Лагерьдің мақсаты – оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру, олардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту, сондай-ақ кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу болды. Жоба аясында қатысушыларға білім беру, мәдени-танымдық, шығармашылық және тәжірибелік бағыттар бойынша түрлі іс-шаралар ұсынылды.

Лагерь барысында оқушылар шеберлік сабақтарына, тренингтерге, танымдық кездесулерге, интеллектуалдық ойындарға және тәжірибелік жобаларға қатысып, өздерінің білімдері мен дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік алды. Сонымен қатар қатысушылар университеттің білім беру бағдарламалары, факультеттері, студенттік өмірі және оқу мүмкіндіктері туралы жан-жақты ақпаратпен танысты.

Маркетинг және кәсіптік бағдар беру бөлімі лагерьдің ақпараттық сүйемелдеу жұмыстарын қамтамасыз етіп, өткізілген іс-шаралар бойынша ақпараттарды университеттің ресми сайты мен әлеуметтік желілерінде тұрақты жариялап отырды. Фото және бейнематериалдар дайындалып, университеттің имиджін қалыптастыру және талапкерлер арасында насихаттау жұмыстары жүргізілді.

«EduCampShym» оқу лагері мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, олардың жеке қабілеттерін дамытуға, кәсіби бағдар алуына және университет туралы толыққанды ақпарат алуына мүмкіндік берді. Сонымен қатар, оқушылардың белсенді қатысуына үлес қосқан жауапты тұлғалар Ректордың Алғыс хатымен марапатталды.

Университеттің **Жаратылыстану факультеті** Химия кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы да бұл бағытта өте белсенді жұмыс атқарды. Кафедра доценті, химия ғылымдарының кандидаты С.А. Шитыбаев Биология кафедрасының оқытушыларымен және Маркетинг бөлімімен бірлесе отырып №72 жалпы білім беретін орта мектептің жоғары сынып оқушыларымен кездесу өткізіп, заманауи жабдықталған зертханалық кабинеттерді таныстырды. Ал кафедра профессоры, техника ғылымдарының докторы Сарсенбек Қойшыбайұлы Туртабаев пен аға оқытушы Ержан Төреханұлы Есеналиев №3 М. Тасова атындағы мектеп-интернатында, сондай-ақ Түркістан қаласындағы №6 М.Мәметова, №8 Н.Төрекұлов, №12 Қ. Сәтбаев атындағы мектептер мен №7 С.Ерубаев

атындағы мектеп-интернатта кәсіби бағдар жұмыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырды. Олар оқушыларға химия ғылымының өндіріс, экология, медицина және фармацевтика салаларындағы рөлін, академиялық ұтқырлық пен түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштерін түсіндірді. Сонымен қатар 2026 жылғы 3 наурызда доцент Гүлжан Мусабековна Баймаханова №9 лицейде, Сайрам ауданының «Айша бибі» мектебінде және №12 Т. Рүстемов атындағы мектеп-гимназиясында жұмыс жүргізсе, химия ғылымдарының кандидаты, профессор Галия Муталиевна Мадыбекова Қазығұрт ауданы Шанақ ауылындағы Абай атындағы және Төлеген Тоқтаров атындағы мектептерде болып, мектеп басшылығымен және мұғалімдермен өзара пікір алмасты.

**Тарих және педагогика факультеті** есепті кезеңде кәсіби бағдар беру жұмыстарын аймақтық деңгейде кеңінен өрбітті. Факультетке қарасты Әлем тарихы және дінтану, Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер, Психология, Арнайы педагогика, Бастауышта оқыту әдістемесі кафедраларының оқытушылары Төлеби, Сайрам, Қазығұрт, Созақ, Шардара, Отырар, Бәйдібек, Мақтаарал аудандары мен Шымкент қаласындағы білім беру ұйымдарында (мектептер мен колледждерде) презентациялар көрсетіп, ақпараттық буклеттер таратты. Әсіресе Қазығұрт ауданында өткен ауқымды «Мамандықтар керуені» іс-шарасы аясында оқушыларға педагогикалық мамандықтардың беделі, арнайы педагогика, логопедия, дефектология және инклюзивті білім беру сияқты еңбек нарығында сұранысы жоғары бағыттардың ерекшеліктері жан-жақты таныстырылды.

**Филология факультеті** оқу жылы барысында тілдік мамандықтардың маңызын насихаттау мақсатында жүйелі сапарлар мен білім сайыстарын ұйымдастырды. 2026 жылдың 14–16 қаңтар аралығында Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушылары (Э.А. Орынбетова, М.К. Пулатова, Г.Е. Исабекова, М.С. Сыздыкова, Г.А. Темирбекова, М.М. Утембаева) Шымкент қаласындағы №11, №51, №53, №54, №55 мектептерде кездесулер өткізсе, мамыр айында осы топ докторант Г.А. Абзаловамен бірге Отырар ауданының мектептерінде орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау бағдарламаларын насихаттады. Сол сияқты Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушылары А.Г. Құрбанов (№57 мектепте) пен Ғ. Үкібасова (Ордабасы ауданы І. Есенберлин мектебінде) үгіт-насихат жұмыстарын белсенді жүргізді. «Аударма ісі және шетел тілі» кафедрасы 15 қаңтарда Түркістан облысы мектеп оқушылары арасында ағылшын тілінен олимпиада өткізіп, дарынды жастарды қолдаса, кафедра оқытушылары М. Тайтелиева, Г.Ж. Тастанова, А.А. Даулетова Шымкент, Ордабасы, Сарыағаш және Төлеби аудандарының мектептерін қамтыды. Доцент А. Байниязов пен аға оқытушы Ж. Байниязова "Shymkent City School" оқушыларына халықаралық байланыстарды таныстырса, доцент м.а. М.Р. Кудайбергенова мен Б.Н. Хамза 1 сәуірде М. Өтебаев атындағы Жоғары жаңа технологиялар колледжі білім алушыларына әлеуметтік жеңілдіктерді түсіндірді. Ал 22 мамырда Психология кафедрасы №50 мектеп-гимназиясында «Мамандықты таңдау: тұлғалық ерекшеліктер мен мүмкіндіктер үндестігі» тақырыбында арнайы мотивациялық тренингтер мен психодиагностикалық семинар өткізді.

**Өнер және білім факультеті** де бекітілген жоспарға сәйкес өз бағыттарын шығармашылық тұрғыда сәтті насихаттай білді. 2025 жылдың 26–28 қараша күндері Музыкалық білім кафедрасының аға оқытушысы Гүлнар Есенқызы Кужагулова мен оқытушы Гүлден Талғатқызы Исабекова Арыс қаласы білім басқармасына қарасты Байырқұм (М. Шаханов атындағы), Көкжиде (Ы. Алтынсарин атындағы), Дермене (Ж. Тәшенев атындағы) және Қызыл көпір (М. Тынышбайұлы атындағы) мектептерінде болып, 6В01403 – «Музыка мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы мен Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы көпсалалы колледжді таныстырды; бұл кездесулер студенттердің өнер көрсетуімен ұштасып, оқушылардың үлкен қызығушылығын тудырды. Мұнымен қоса, Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы кафедрасы Шымкенттегі №61, №82, №83, №128 мектептерде, сондай-ақ факультет ұжымы Төлеби ауданындағы Қ. Байболов және Қасқасу мектептерінде кәсіби бағдар берді. Олар 2026 жылғы 14 сәуірде Шымкент қаласында өткен, №149, №83 және №69 мектептер қатысқан кең ауқымды құқықтық әрі мамандық таңдау жәрмеңкесіне де белсенді атсалысты.

**Физика-математика факультеті** нақты ғылымдар бойынша болашақ мамандарды тарту мақсатында нәтижелі іс-шаралар атқарды. Математика кафедрасының оқытушысы С.С. Дайырбеков пен Кәсіптік оқыту және бейнелеу кафедрасының оқытушысы Г.Б. Дайырбекова Түркістан облысы Жетісай қаласындағы №4, №48 мектептерде, №11 мектеп-гимназиясында және Мақтарал ауданындағы №54, №55, №56 мектептерде болып қайтты. Физика кафедрасының доценті С.А. Рамазанова мен аға оқытушы Садық Болатбек Халдарұлы 2025 жылдың 23 желтоқсанында Шымкент қаласы №105 Мукуми атындағы мектептің бітірушілеріне Түркияның Гази университетімен бірлескен қос дипломдық бағдарламаның артықшылықтары мен әлеуметтік осал отбасылардан шыққан студенттерге қарастырылған жеңілдіктер туралы маңызды ақпараттар берді. Информатика кафедрасының оқытушылары Нұржан Есенбекұлы Каликулов, Жасұлан Бекболатұлы Шынжігіт және Нұрислам Бақтынасырұлы Қуатбек 2026 жылдың 15 қаңтарында Сарыағаш ауданына қарасты алты бірдей мектепте (№3, №4, №53, №60, №61, №71) оқушылардың бейіндік пәндерін нақтылап, бағыт-бағдар берді.

**Дене шынықтыру және спорт факультеті** спорттық шеберлік пен әскери дайындық бағыттарын іс жүзінде көрсету арқылы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Дене шынықтыру және спорт кафедрасының оқытушылары (Ә. Сейсенбек, Д.А. Батаев, Т.Ж. Түймебай, Ж.Ш. Есмаханова) Келес, Түлкібас аудандары мен Шымкенттегі №43 мектепте, сондай-ақ «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі» кафедрасының магистр оқытушылары А.О. Каратаев пен Ұ.Б. Шалхар №103 мектепте кездесулер ұйымдастырды. Осы орайда, 2026 жылдың 11 қаңтарында Шымкент қаласындағы «Техникалық лицей» оқушыларымен «Дәулет» спорт кешенінде футболдан жолдастық кездесу өткізіліп, жастардың спорттық мамандыққа деген қызығушылығы арттырылды. Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру кафедрасының оқытушылары С.Б. Жамбусинов, К.Ж. Айдарбеков, А.А. Килибаев (Келес ауданы №12, №96 мектептерде), Н.В. Колесникова (Төлеби ауданы Шомшақты мектебінде), Г.Г. Жусипова (Сарыағаш ауданының 5 мектебінде), сондай-ақ А. Жумабаев, У. Усаев, Е. Балабаев, М. Катешов (Сайрам ауданы мектептерінде) және О. Жуматаев (Қазығұрт ауданында) әскери кафедра мен оқу мүмкіндіктерін кеңінен таныстырды.

Қорыта айтқанда, 2025–2026 оқу жылы барысында Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дың Маркетинг бөлімі мен барлық факультеттері тарапынан атқарылған ауқымды, жүйелі әрі мақсатты кәсіби бағдар беру іс-шаралары мектеп бітіруші түлектер мен колледж студенттерінің болашақ мамандығын саналы түрде таңдауына, олардың жоғары білім алуға деген ынтасын арттыруға және университеттің білім беру әлеуетін кеңінен насихаттауға зор ықпал етті.

## 7.2 ТҮРКІСТАН ОБЛЫС АУДАНДАРЫ, ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН МЕКТЕПТЕР САНЫ.

2025-2026 оқу жылында ОПҚ-ның кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу үшін Түркістан облысының аудандарындағы және Шымкент қаласындағы мектептер мен колледждердің факультеттерге бөлінуі.

| № | Факультет атауы | Түркістан облысының қалалары мен аудандары | Шымкент қаласының мектептері | Түркістан облысы және Шымкент қаласының колледждері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **Жаратылыстану факультеті** Декан: Айтбаева Айгүл Ергенқызы | Қазығұрт 64) Жетісай (73) Мақтарал 56) | 1-21 аралығындағы мектептер, Назарбаев зияткерлік мектебі, №12 мектеп-интернаты | Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық колледжі, «Мырзакент» көпсалалы колледжі, А.Исмаилов атындағы кәсіптік колледж, Жетісай гуманитарлық колледжі. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | **Физика-математика факультеті** Декан: Ибашова Альмира Байдабековна | Арыс(26) Бәйдібек(48) Ордабасы (64) | 22-38 аралығындағы мектептер, Назарбаев зияткерлік мектебі,Үш тілде оқытатын №2 мектеп-интернаты, №8 М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған гимназия | Арыс гуманитарлық-техникалық колледжі, Асыл-Ой колледжі, «Жалын» әлеуметтік-педагогикалық колледжі. |
| 3 | **Филология факультеті** Декан: Масалиева Жанар Амалбаевна | Отырар (27) Созақ (33) Түлкібас (51) | 39-60 аралығындағы мектептер, Үш тілде оқытылатын мамандандырылған №1 мектеп-интернаты, , №1 «Білім-инновация» қыз балалар лицей-интернаты (КТЛ) | Оңтүстік Қазақстан «Мирас» экономикалық-технологиялық колледжі, Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық-техникалық колледжі, Отырар колледжі, «Парасат» колледжі, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық колледжі. Ақсукент көпсалалы колледжі. |
| 4 | **Өнер және білім факультеті** Декан: Байбатшаева Айдайкыз Еркинбековна | Сарыағаш (78) Келес(63) Шардара (24) | 61-90 аралығындағы мектептер, «Өнер» мектеп-интернаты | Ә.Қастеев атындағы Оңтүстік Қазақстан өнер және дизайн колледжі, Оңтүстік Қазақстан Саз колледжі, Оңтүстік Қазақстан «Арыстанбаб» колледжі, «Сарыағаш» көпсалалы колледжі, Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі. |
| 5 | **Дене шынықтыру және спорт факультеті** Декан: Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы | Түркістан (32) Кентау(23) Сауран(55) | 91-110 аралығындағы мектептер, Б.Саттарханов атындағы дарынды балалар спорт мектебі | Түркістан «Болашақ» колледжі, Түркістан гуманитарлық-техникалық колледжі, Түркістан индустриалды-педагогикалық колледжі, Этнопедагогикалық колледжі, Түркістан кәсіптік педагогикалық колледжі, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дің «Түркістан Қ.А.Ясауи» кәсіптік колледжі, «Тұран» колледжі, Кентау гуманитарлық-техникалық колледж (Яссы), «Кентау көпсалалы колледжі, Түркістан кәсіптік-педагогикалық колледжі |
| 6 | **Тарих және педагогика факультеті** Декан: Таутаева Гүлдариға Батыршақызы | Төлеби (55) Сайрам (75) | 111-128 аралығындағы мектептер №2 «Білім-инновация» ұл балалар лицей-интернаты (КТЛ) | «Авиценна» колледжі Оңтүстік Қазақстан «Фемида» колледжі. |

**7.3 ҚОРЫТЫНДЫ.**

2025–2026 оқу жылы барысында Маркетинг бөлімі мен университет факультеттерінің бірлесе атқарған ауқымды кәсіби бағдар беру жұмыстары жоспарлы әрі

жүйелі түрде жүзеге асырылды. Есепті кезеңде Шымкент, Түркістан, Арыс, Кентау қалалары мен Түркістан облысының барлық дерлік аудандары, атап айтқанда Төлеби, Сайрам, Сауран, Қазығұрт, Келес, Сарыағаш, Түлкібас, Отырар, Ордабасы, Жетісай, Мақтаарал, Бәйдібек, Созақ және Шардара өңірлері толық қамтылып, жүздеген білім беру мекемелерімен тығыз байланыс орнатылды.Ұйымдастырылған жүйелі іс-шаралардың нәтижесінде бірнеше негізгі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізілді. Біріншіден, түрлі форматтағы кездесулер, мектепшілік және аймақтық жәрмеңкелер, «Мамандықтар керуені» мен білім көрмелері арқылы мыңдаған мектеп бітіруші түлектер мен колледж студенттеріне университеттің 89 жылдық тарихы мен заманауи зертханалар, STEM кабинеттері, кітапхана қоры, «Дәулет» спорт кешені және медиаорталықты қамтитын материалдық-техникалық базасының әлеуеті кеңінен таныстырылып, ақпараттық қамту аясы барынша кеңейді. Екіншіден, университет базасында ұйымдастырылған «Бүгінгі мектеп түлегі – ертеңгі елдің тірегі» атты дәстүрлі «Ашық есік күні» шарасына Шымкент қаласының 104 мектебінен 1000-нан астам оқушының қатысуы және «DEMEU KAZAKHSTAN» қорымен бірлесе өткізілген танымдық экскурсиялар білім ордасының өңірдегі беделі мен жоғары имиджін іс жүзінде дәлелдеді. Үшіншіден, нарықтағы бәсекелестік артықшылықтарды айқындау мақсатында талапкерлерге мемлекеттік білім беру гранттары, көп балалы және әлеуметтік осал отбасылардан шыққан студенттерге арналған ішкі жеңілдіктер мен қолдау пакеттері, Ж. Аймауытұлы атындағы көпсалалы колледж базасындағы үздіксіз білім беру жүйесі, сондай-ақ университеттің халықаралық серіктестік аясында Түркияның жетекші Гази университетімен бірлесіп іске асырып жатқан қос дипломдық бағдарламаларының кең мүмкіндіктері жан-жақты түсіндірілді. Төртіншіден, оқушыларды тек теориялық тұрғыда ақпараттандырып қана қоймай, оларды химиялық тәжірибелерге тікелей қатыстыру, шығармашылық фотоөнер сабақтарын көрсету, ағылшын тілінен аймақтық олимпиадалар ұйымдастыру, №50 мектеп-гимназиясы базасында кәсіби-психологиялық тренингтер өткізу және лицей оқушыларымен футболдан жолдастық кездесулер ұйымдастыру сияқты инновациялық әрі тәжірибелік-интерактивті әдістер қолданылып, жастардың педагогикалық мамандықтарға деген шынайы қызығушылығы арттырылды.

2025–2026 оқу жылында атқарылған ауқымды үгіт-насихат және кәсіби бағдар беру жұмыстары мектеп бітірушілерінің болашақ кәсібін саналы түрде таңдауына жол сілтеп, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің өңірдегі жетекші білім ордасы ретіндегі мәртебесін нығайтуға және алдағы қабылдау науқанында сапалы студенттер контингентін қалыптастыруға берік негіз қалады.

**7.4 ҰСЫНЫСТАР.**

**Сандық (цифрлық) маркетингті күшейту:** Мектеп бітірушілердің басым бөлігі әлеуметтік желілерде белсенді екенін ескере отырып, TikTok, Instagram және YouTube платформаларында университеттің заманауи зертханаларын, студенттік өмірін және Түркияның Гази университетімен бірлескен қос дипломдық бағдарламаларын таныстыратын қысқа, трендтегі бейнероликтерді (Reels/Shorts) тұрақты түрде жариялау.

**Қамту географиясын кеңейтуді жалғастыру:** Биылғы оқу жылының қорытындысын негізге ала отырып, келесі жылы үгіт-насихат жұмыстары аз жүргізілген немесе мүлдем қамтылмай қалған іргелес аймақтарға, атап айтқанда Кентау қаласы мен Сауран ауданының шалғай мектептеріне арнайы іссапарлар кестесін ерте бастан бекіту.

**«Университеттегі бір күн» жобасын іске қосу:** Түлектердің оқу орнына деген қызығушылығын арттыру үшін тек Ашық есік күнімен шектелмей, мектептермен келісімшарт жасасу арқылы 11-сынып оқушыларын университет студенттерімен бірге нақты дәрістерге, зертханалық сабақтарға қатыстыру тәжірибесін енгізу.

**Кәсіби бағдар берудің амбассадорлар (елшілер) жүйесін дамыту:** Әр ауданнан, әсіресе Келес, Сарыағаш, Жетісай, Мақтаарал сияқты үлкен өңірлерден келіп оқып жатқан белсенді, жетістікке жеткен студенттер арасынан «Университет амбассадорларын» сайлап, оларды өздері бітірген туған мектептеріне кәсіби бағдар беру кездесулеріне тарту (бұл оқушылар арасында сенімділікті арттырады).

### 7.5 SWOT-талдау

| Strengths ( күшті жақтары) | Weaknesses (әлсіз жақтары) |
|---|---|
| Ресурстар мен инфрақұрылымның жоғары әлеуеті: Кәсіби бағдар барысында заманауи зертханалардың,информатика-STEM кабинетінің, «Дәулет» спорт кешені мен медиаорталықтың мүмкіндіктерін талапкерлерге іс жүзінде көрсету арқылы үлкен қызығушылық ояту.<br>Халықаралық бәсекелестік артықшылық: Университет деңгейінде Түркияның жетекші Гази университетімен бірлескен қос дипломдық бағдарламаның болуы және оның жоғары беделі.<br>Икемді және интерактивті әдістер: Оқушыларды тек теориялық тұрғыда ақпараттандырмай, химиялық тәжірибелер, фотоөнер сабақтары, ағылшын олимпиадасы, спорттық жарыстар мен кәсіби-психологиялық тренингтер арқылы тарту тәжірибесі.<br>Әлеуметтік қолдау жүйесі: Көп балалы және әлеуметтік осал отбасылардан шыққан студенттерге арналған жеңілдіктер мен Ж. Аймауытұлы атындағы көпсалалы колледж мүмкіндіктерінің нақты ұсынылуы.<br>Кең ауқымды географиялық қамту: Маркетинг бөлімі мен факультеттердің бірлескен жұмысының арқасында Шымкент, Түркістан, Арыс, Кентау қалалары мен облыстың барлық дерлік аудандарының (Төлеби, Сайрам, Сауран, Қазығұрт және т.б.) мектептерін қамту. | Географиялық қамтудың біркелкісіздігі: Кентау қаласы мен Сауран ауданы сияқты маңызды іргелес аймақтарда іс-шаралардың толыққанды жүргізілмеуі және географиялық шектеулердің орын алуы.<br>Түлектер (Амбассадорлар) әлеуетін пайдаланбау: Мектептердегі кездесулерге сол өңірден шыққан ОҚПУ-дың белсенді студенттерін немесе танымал түлектерін тартпау. Кәсіби бағдардың тек университет оқытушылары тарапынан «ресми дәріс» форматында өтуі (бұл оқушылар үшін қызықсыз көрінуі мүмкін). |
| **Opportunities (мүмкіндіктері)** | **Threats (қауіптер)** |
| Серіктестік желіні кеңейту: «DEMEU KAZAKHSTAN» сияқты қоғамдық қорлармен және мектеп әкімшіліктерімен меморандумдар жасасу арқылы «Университеттегі бір күн» немесе тұрақты мектепшілік үйірмелер жобасын іске қосу.<br>Талапкерлермен онлайн-байланысты күшейту: ҰБТ-ның негізгі және бейіндік пәндері бойынша университет оқытушыларының қатысуымен тегін онлайн-вебинарлар мен марафондар ұйымдастыру арқылы жаңа аудиторияны тарту.<br>Студенттік амбассадорлар (елшілер) институтын енгізу: Әр ауданнан келіп оқитын белсенді студенттерді өздері бітірген мектептерге кәсіби бағдар беруші ретінде жіберіп, «тең-теңімен» (peer-to-peer) принципін дамыту. | Өңірдегі жоғары бәсекелестік: Шымкент қаласы мен Түркістан облысындағы басқа да отандық жоғары оқу орындарының (мысалы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, М.Әуезов атындағы ОҚУ және т.б.) белсенді әрі агрессивті маркетингтік саясат жүргізуі.<br>Мамандық таңдаудағы трендтердің өзгеруі: Жастар арасында педагогикалық емес, IT, бизнес және заманауи креативті индустрия бағыттарына сұраныстың артуы (бұл педагогикалық мамандықтардың тартымдылығын үнемі дәлелдеп отыруды талап етеді).<br>Талапкерлердің шетелге ағылуы: Түлектердің Ресей, Түркия, Қытай немесе Еуропа елдерінің гранттық бағдарламаларына қызығушылық танытып, елден кету үрдісінің күшеюі. |

## 8. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

**8.1 Университеттің ғылыми-кадрлық әлеуеті, ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары, оның орындалуы, ғылыми-зерттеу жұмыс жобалары, бағдарламалардың жоспарлануы мен іске асырылуы**

Факультеттер бойынша ОПҚ құрамының ғылыми дәрежелілік көрсеткіштері әртүрлі деңгейде қалыптасқан. Жоғары ғылыми әлеует Дене шынықтыру және спорт факультетінде – **72,8%**, Жаратылыстану факультетінде – **65,7%**, Физика-математика факультетінде - Физика-математика факультетінде - **64,3%,** Тарих және педагогика факультетінде – **61,7%** көрсеткіштермен сипатталады. Филология факультетінде ғылыми дәрежелілік **53,2%**, ал Өнер және білім факультетінде **43,2%** құрады.

Жас ғалымдарды қолдау және ғылыми кадрларды даярлау бағытында да тиісті жұмыстар жүргізілді. Филология факультетінде – **22**, Өнер және білім факультетінде – **12**, Дене шынықтыру және спорт факультетінде – **7**, Тарих және педагогика факультетінде – 22, Физика-математика факультетінде – 16, Жаратылыстану факультетінде – **7** жас ғалым ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартылды.

| № | Кафедра | Бағыты | Жетекшісі |
|---|---|---|---|
| **Өнер және білім факультетінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары** | | | |
| 1 | Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы | «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқыту мазмұнын мәдениет контекстінде қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» | П.ғ.к., профессор Пошаев Д.К. |
| 2 | Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы | «Мектеп жасына дейінгі балаларды қоғамға интеграциялаудың психологиялық-педагогикалық негіздері» | PhD Мамытбаева Ж.А |
| 3 | Музыкалық білім | «Қазақстанның инновациялық даму контекстіндегі музыкалық және мәдени шығармашылық білімінің фундаменталды және қолданбалы негіздері» | Филос.ғ.к., доцент м.а., Куленова И.М. |
| **Филология факультетінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары** | | | |
| 1 | Қазақ тілі мен әдебиеті | «Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» | Ф.ғ.к., аға оқытушы Н.Нұрпейісов |
| 2 | Қазақ тілі мен әдебиеті | Қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту мәселелері | Ф.ғ.к.. аға оқытушы Омаров Т. |
| 3 | Қазақ тілі мен әдебиеті | Тіл теориясы мен тарихының өзекті мәселелері. | Ф.ғ.к., доцент Д.Н. Байғұтова |
| 4 | Орыс тілі мен әдебиеті | XXI ғасырдағы адами әлеует парадигмасындағы тіл білімінің өзекті мәселелері | Ф.ғ.д., проф. Н.В. Дмитрюк |
| 5 | Орыс тілі мен әдебиеті | Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері | Ф.ғ.к., доцент У.К.Абдыханов |
| 6 | Орыс тілі мен әдебиеті | Қазақстан Республикасындағы білім беруді үздіксіз дамыту | Ф.ғ.к.,доцент О.А.Стычева |
| 7 | Ағылшын тілі | Шетел тілін оқыту технологияларын дамытудың лингвистикалық аспектілері | Маханова Ж.К., Кафедра ғылым кандидаттары мен PhD |
| 8 | Аударма ісі және шетел тілдері | Кросс-мәдени коммуникация және аударма-тану: теория, практика және инновациялық технологиялар | Қарабаева Л.Қ. |
| **Физика-математика факультетінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары** | | | |
| 1 | Математика | Болашақ математика мұғалімдерін даярлау процесін жетілдіру | П.ғ.д., доцент Кадирбаева Р.И.; |
| 3 | Информатика | «Smart –білім беру жағдайында «Scratch» | п.ғ .к., доцент м.а. Ибашова А.Б. |
| 4 | Информатика | LMS-те оқыту стратегияларын болжау | т.ғ.к., доцент Сулейменова Л.А. |
| 5 | Физика | Білім беруді цифрландыру жағдайында жаратылыстану пәндері бойынша болашақ мұғалімдердің STEM-құзыреттерін қалыптастыру | АбдрахмановаХ.К., Орманова Г.К. |
| 6 | Физика | Физиканың қазіргі кездегі өзекті мәселелері | Бердалиев Д.Т. |
| **Тарих және педагогика факультеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары** | | | |
| 1. | Психология | «Жеке тұлғаны әлеуметтік бейімдеу мен оңалтудың педагогикалық-психологиялық негіздері» | кафедра меңгерушісі п.ғ.к. Л.А. Булетова, ОПҚ |
| 2. | Педагогика | «Жеке тұлғаны әлеуметтік бейімдеу мен оңалтудың | кафедра меңгерушісі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | педагогикалық-психологиялық негіздері» | п.ғ.к. А.О. Оразова, ОПҚ |
| 3. | Арнайы педагогика | Арнайы және инклюзивті білім берудің әдіснамасы мен практикасы | кафедра меңгерушісі, п.ғ.к. Нурбекова А.М. ОПҚ |
| 4. | Бастауышта оқыту әдістемесі | Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың теориясы мен әдістемесі» ғылыми-зерттеу бағыты бойынша жұмыс жүргізілуде. | кафедра меңгерушісі Есназар А.Ж., ОПҚ |
| 5. | Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер | Оңтүстік Қазақстанның дамуының өзекті мәселелері: тарихи, саяси-әлеуметтік және философиялық аспектілері | кафедра меңгерушісі филос. ғ к., доцент Сыздықова Г.М., ОПҚ |
| 6. | Әлем тарихы және дінтану | «Тоталитарлық режимнің және оның саяси құрбандарының тағдырын ғылыми қайта зерделеу мәселелері», | кафедра меңгерушісі т.ғ.к. Г.Ж.Орынбасарова, ОПҚ |
| **Дене шынықтыру және спорт факультеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары** | | | |
| 1 | Дене шынықтыру теориасы мен әдістемесі | «Педагогикалық инновацияларды қолдану негізінде болашақ мұғалімдерді даярлау процесін жетілдірудің ғылыми әдістемелік негіздері» атты ғылыми бағыт | Кафедра меңгерушісі ПОҚ құрамы |
| 2 | Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру | Педагогикалық инновацияларды қолдану негізінде болашақ мұғалімдерді даярлау процесін жетілдірудің ғылыми әдістемелік негіздері | Шегенбаев Н.Б. Қадірбаева Р.І. |
| **Жаратылыстану факультетінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары** | | | |
| 1 | Химия | Республиканың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түрлі аймақтарда космогеографиялық сипаттамаларды пайдалана отырып инновациялық агротехнологияны қолдану | т.ғ.д., профессор Аширов А.М. |
| 2 | Химия | Химияны оқытудың өзекті мәселелері | х.ғ.к., доцент Мәдібекова Ғ.М. |
| 3 | Биология | Биолого-экологический анализ популяционной структуры фауны, флоры и микрофлоры сакральных зон Южного Казахстана | Өмірзақ Т.Ө., Сартаева Х.М., Жаппарбергенова Э.Б., Байсеитова Н.М., Рысбаева Ғ.А., Утегенова Г. |
| 4 | Биология | Современные подходы в преподавании биологических дисциплин | Халикова Г.С., Айтбаева А.Е., Сартбаева Г.М., Жаппарбергенова Э.Б., Рысбаева Ғ.А. |
| 5 | География | Рухани жаңғыру аясында киелі орындардың құрылымын айқындау өлкеміздің туристік әлеуітін арттыру ғылыми бағыт бойынша жұмыс жүргізу<br>«ҚР және Орта Азия аймағында ең алғашқы құрылған ЕҚА Ақсу-Жабағылы қорығына 100 жыл» | География кафедрасының ПОҚ |
| | **Барлығы** | | **30** |

## Университте өткізілген ғылыми конференциялар мен семинарлар

| № | Кафедра, факультет | Өнер және білім факультетінде өткізілген ғылыми конференциялар мен семинарлар |
|---|---|---|
| 1 | Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогика кафедрасы | "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі "Рухани жаңғыру" қазақстандық қоғамдық даму институтының "Ulttyq tárbıe" идеологиялық платформасы жобасы бойынша мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ойын макеттерін қолдану. М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің профессоры, п.ғ.к.Керимбаева Р.Қ. |
| 2 | Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогика кафедрасы | Геймификация элементтерін қолдану арқылы балалардың сөздік қорын дамыту<br>М.Әуезов атындағы ОҚУ п.ғ.к., доцент<br>Ермекбаев М.Ә. |
| 3 | Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогика кафедрасы | Болашақ педагогтердің метоқұзыреттілігін қалыптастыру жолдары.<br>М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті<br>PhD, қауымдастырылған профессор м.а.<br>Сманова А.А. |
| 4 | Музыкалық білім | «Домра-прима аспабының техникалық және көркемдік мүмкіндіктерін дамытуға арналған авторлық бағдарлама» педагогикалық тұрғыдан саралау. |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Музыкалық білім | Дипломдық жұмыс және дипломдық жобаларды дайындау барысында болашақ узыка мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру» |
| 6 | Музыкалық білім | узыкатерапияда қолданылатын әдістер мен тәсілдер |
| 7 | Музыкалық білім | лім алушыларды қазақтың дәстүрлі музыкалық өнеріне баулу |
| 8 | Музыкалық білім | узыка сабағында оқыту және тәрбиелеу әдістерінің ерекшеліктері. |
| 9 | Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері | Семинар тақырыбы: «3D модельдеу және графикалық дизайнды көркем еңбек сабағында пайдалану» |
| 10 | Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері | Семинар тақырыбы: «Болашақ көркем еңбек мұғалімінің зерттеу мәдениетін қалыптастыру әдістері» |
| **Филология факультетінде өткізілген ғылыми конференциялар мен семинарлар** | | |
| | Қазақ тілі мен әдебиеті | 6 – сыныпта есімдікті оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері |
| | Қазақ тілі мен әдебиеті | Мнемотехника қазақ тілін үйретуде лексикалық дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде |
| | Қазақ тілі мен әдебиеті | Қазақ және орыс тілдерінің қалыптасуындағы ерекшеліктер |
| | Қазақ тілі мен әдебиеті | Асқар Егеубаевтің ежелгі әдебиет үлгілерін аударудағы еңбегі |
| | Қазақ тілі мен әдебиеті | Бір құрамды сөйлемдер: түрлері мен жасалу ерекшеліктері |
| | Қазақ тілі мен әдебиеті | Ұлы Абай мұраларындағы хакімдік қасиет туралы толғамдар |
| | Қазақ тілі мен әдебиеті | М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» шығармасын оқыту әдістері |
| | Қазақ тілі мен әдебиеті | Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтік сюжеттердің көркемдік қызметі |
| | Қазақ тілі мен әдебиеті | Қазақ руханиятындағы ұлттық таным |
| | Орыс тілі мен әдебиеті | Новые тенденции в образовании: интегративное обучение |
| | Орыс тілі мен әдебиеті | Участие в Круглом столе «Язык. Общество. Время» |
| | Орыс тілі мен әдебиеті | Новые тенденции в образовании: интегративное обучение |
| | Орыс тілі мен әдебиеті | Доклад «Технологическое обеспечение инновационной ОП (IP) электронными учебниками». Представлен электронный учебник «Метаязык науки и академическое письмо» |
| | Орыс тілі мен әдебиеті | Участие в Круглом столе «Язык как способ познания мира: традиции и иновации», посвященном 70-летию д.ф.н., профессору М.Ш.Мусатаевой |
| | Орыс тілі мен әдебиеті | Возможности электронного учебника в школьной лингводидактике |
| 15 | Орыс тілі мен әдебиеті | Преподавание литературы в школе: прогнозирование и апробация эффективных способов обучения |
| 16 | Орыс тілі мен әдебиеті | Семинар кафедры «Возможности электронного учебника в вузовской лингводидактике», посвященном разработке электронных изданий |
| 17 | Орыс тілі мен әдебиеті | Дидактика цифрового обучения в билингвальной среде |
| 18 | Орыс тілі мен әдебиеті | Социокультурная и литературная среда конца XX начала XXI века |
| 19 | Орыс тілі мен әдебиеті | Возможности электронного учебника в вузовской лингводидактике |
| 20 | Орыс тілі мен әдебиеті | Драматургия третьей волны постмодернизма |
| 21 | Орыс тілі мен әдебиеті | Интеграция литературы и изобразительного искусства на уроках литературы в школе |
| 22 | Орыс тілі мен әдебиеті | Фразеология в зеркале культур |

| | | |
|---|---|---|
| 23 | Орыс тілі мен әдебиеті | Основные направления применения нейросети в образовательном процессе |
| 24 | Орыс тілі мен әдебиеті | Топонимы Южного Казахстана как отражение национальной картины мира |
| 25 | Орыс тілі мен әдебиеті | Развитие гуманной личности будущих учителей русского языка и литературы через методы обучения |
| 26 | Орыс тілі мен әдебиеті | Текстоцентризм как дидактический принцип в обучении русскому языку как неродному» |
| 27 | Орыс тілі мен әдебиеті | Роль У. Жанибекова в возрождении национальной культуры, обычаев и традиций казахского народа |
| 28 | Орыс тілі мен әдебиеті | Уроки блоковой подачи материала». |
| 29 | Орыс тілі мен әдебиеті | Рекомендации к написанию статей в журналы, индексируемые в международных наукометрических базах данных |
| 30 | Орыс тілі мен әдебиеті | Методика изучения фразеологии на основе стилистического подхода в школьной практике». |

| | | |
|---|---|---|
| 31 | Ағылшын тілі | Doing research using AI tools |
| 32 | Ағылшын тілі | Integration of AI Tools and Digital Resources in Foreign Language Teaching |
| 33 | Ағылшын тілі | Innovative teaching methods using new educational approaches. |
| 34 | Ағылшын тілі | Using Chat GPT and AI-based Tools for Writing and Speaking Practice |
| 35 | Ағылшын тілі | Building Vocabulary for Better Writing: Lexical Strategies and Activities |
| 36 | Ағылшын тілі | Developing Learner Autonomy in the English Classroom through Technology |
| 37 | Аударма ісі және шетел тілдері | Academic Writing PhD профессор Hou Jianbo (Қытай) қиындықтары және жеңілтету жолдарыhttps://www.instagram.com/reel/DO7ibm8CDyF/?igsh=MW1vcGNxaWt3MTRqeg== |
| 38 | Аударма ісі және шетел тілдері | Tendencies and innovative approaches in language learning in the era of global digitalization |
| 39 | Аударма ісі және шетел тілдері | New Literacies and New Technologies: AI in Education – Preparing Teachers and Students for the 21st Century АҚШ-тың Мичиган мемлекеттік университетінің профессоры, педагогикалық білім беру саласындағы технология, оқыту және сауаттылық бойынша танымал ғалым профессор Дуглас К. Хартман (Douglas K. Hartman) https://www.instagram.com/p/DQ_caGtDSva/?img_index=2&igsh=MWhuM2hpMHBkbDZhcw== |
| 40 | Аударма ісі және шетел тілдері | Жасанды интеллект және аударма технологиялары https://www.instagram.com/p/DTkJtirjZlD/?igsh=ZWF0MXQwemF1MTNi |
| 41 | Аударма ісі және шетел тілдері | AI negative effective for critical thinking in foreign language learning |
| 42 | Аударма ісі және шетел тілдері | Innovative AI -driven approaches to vocabulary teaching in ESL classrooms |
| 43 | **Кафедра** | **Физика-математика факультетінде өткізілген ғылыми конференциялар мен семинарлар** |
| | Физика | Механикадан ұғымдық қате түсініктерді талдау /Әбдіқадыр Б.З. |
| 1 | Физика | Физика курсының мазмұнына сәйкес есептер жинағын құрастыру /Рахашев Б.К. |
| 2 | Физика | Физиканы оқытуда интеграциялық әдіс тәсілдерді жетілдіру. (Кожабекова Э.К.) |
| 3 | Физика | Айнымалы ток тарауын оқытуда сандық және stem технологиялар негізінде ұйымдастыруды қысқа мерзімді жоспарлау әдістемесі. (Садық Б.Х.) |
| 4 | Физика | Физика пәнінде SPSS бағдарламасының көмегімен көптүрлі регрессияны қолдану арқылы оқушылардың оқу үлгерімін болжау. (Турмамбеков Т.А.) |
| 5 | Физика | STEM - білім беру арқылы физика пәнін оқытуда оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру. (Абдрахманова Х.К.) |
| 6 | Физика | Физиканы модульдік оқыту барысында орта мектеп оқушыларының өзіндік танымдық әрекетін дамыту жүйесі. (Орманова Г.К.) |
| 7 | Информатика | Бастауыш сынып оқушыларына робототехниканы оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері/Ибашова А.Б., Қаратаев Н.С. |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Информатика | Цифрландырудың рөлі: факультеттің оқу-әдістемелік жұмысында жаңа мүмкіндіктерді қолдану/ Қалдарова Б.С., Алдаберген Ұ.Е. |
| 9 | Информатика | Болашақ информатика мұғалімдерін жасанды интеллектке негізделген білім беру ресурстарын құруға үйретудің ғылыми-әдістемелік негіздері /Ибашова А.Б., Иманқұл Н. |
| 10 | Информатика | Программалауды оқыту процесінде оқушылардың жобалық-зерттеу әрекетін ұйымдастырудың әдістемелік негіздері / Алдешов С.Е., Абдиманапова Г. |
| 11 | Информатика | Болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін аралас оқыту модельдерін қолдану негізінде қалыптастыру / Адылбекова Э.Т., Балғанова М.С. |
| 12 | Информатика | Болашақ педагог-информатикті жасанды интеллект технологиясын қолдануға даярлау / Ибашова А.Б., Әмірбеков А.А. |
| 13 | Математика | «Мектепте және ЖОО-да физика, математика және информатика пәндерін оқытудың проблемалары мен перспективалары» атты факультетаралық ғылыми-әдістемелік семинар. Р.И.Кадирбаева |

| | | |
|---|---|---|
| 14 | Математика | 8D01501 – «Математика педагогін даярлау» бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің жанындағы ғылыми-әдістемелік семинар. |
| 15 | Информатика | 8D01503 – «Информатика педагогін даярлау» бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің жанындағы ғылыми-әдістемелік семинар. |
| 16 | **Кафедра** | **Тарих және педагогика факультеті (кафедрада) өткізілген ғылыми конференциялар мен семинарлар** |
| | Психология | «Зерттеу идеясы қайдан шығады? Тақырып таңдаудың құпиялары» тақырыбында дөңгелек үстел ретінде семинар өткір келеді. Дөңгелек үстел |
| 1 | Психология | Біртұтас тәрбие бағдарламасын оқу және тәрбие саласында «Адал азамат» жобасы арқылы жүзеге асыру, тәжірибе алмасу. Булетова Л.А. Баяндама. |
| 2 | Психология | Искусственный и эмоциональный интелект в работе педагога. Оразимбетова К.Ш. Оқу-әдістемелік семинар |
| 3 | Психология | Жаңа Қазақстан жастарын салауатты өмір салтына бейімдейтін қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуге волонтерлік іс-әрекетті ұйымдастыру. Торыбаева Ж.З. Оқу-әдістемелік семинар. |
| 4 | Психология | «Жасанды интеллект:оқыту үдерісіндегі мүмкіндіктері мен түрлері». Исабекова А.О., Айтжанова Г.Т. Оқу-әдістемелік семинар. |
| 5 | Психология | Инклюзивті білім берудің психологиялық ерекшеліктерін қарастыру. Әліпбек А.З. Баяндама. |
| 6 | Педагогика | «Әлеуметтік педагогикадағы жасанды интеллект» |
| 7 | Педагогика | «Тұлғаның психологиялық-педагогикалық диагностикасы» |
| 8 | Арнайы педагогика | Арнайы педагогтарды кәсіби даярлауда оқытудың жобалық технологияларын қолдану |
| 9 | Бастауышта оқыту әдістемесі | «Дүниетанудан оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру» деген тақырыпта баяндама; |
| 10 | Бастауышта оқыту әдістемесі | «Использование геймификации на интегративных урока в начальной школе» деген тақырыпта баяндама |
| 11 | Бастауышта оқыту әдістемесі | «Бастауыш сыныптарда ауыз әдебиеті шығармаларын қолдану әдістері» деген тақырыпта баяндама |
| 12 | Бастауышта оқыту әдістемесі | Білім беруді цифрландыруда білім алушылар-дың кәсіби дағдыларын қалыптастыру» деген тақырыпта баяндама |
| 13 | Бастауышта оқыту әдістемесі | ««О роли книги У.Жанибекова «Эхо» в воспитаний чувства патриотизма» деген тақырыпта баяндама |
| 14 | Бастауышта оқыту әдістемесі | Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-де Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының ұйымдастыруымен маңызды ғылыми-әдістемелік семинар |
| 15 | Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер | ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдау лары-Тәуелсіз Қазақстан тарихының дереккөзі ретінде |
| 16 | Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер | Саяси әлеуметтендіруге әлеуметтік желілердің ықпалы |
| 17 | Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер | 21 ғасырдағы Қазақстан Республиксындағы жастардың құндылықтық бағыттарының траекториясы:трендтер мен басымдықтар |
| 18 | Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер | Алаш қозғалысы және оның Қазақстан тарихындағы рөлі |
| 19 | Әлем тарихы және дінтану | Тарихи білімді зерделеуде жаңа бағыттар мен ұстанымдарды айқындау (Б.Найманбаев) |
| 20 | Әлем тарихы және дінтану | Азия және Африка елдеріндегі отбасы және отбасылық қатынастар (Абдиханова А.Ж.) |
| 21 | Әлем тарихы және дінтану | Қазақстан тарихы бойынша шетел деректерін докторанттарға өзіндік жұмыс берудің әдіснамасы (Айтай Б.С.) |
| 22 | Әлем тарихы және дінтану | Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының деректемелік негізі (Баймаханов Б.К.) |
| 23 | Әлем тарихы және дінтану | Тарих ғылымындағы жасанды интеллект және цифрлық технологиялар (Орынбасарова Г.Ж.) |
| 24 | **Кафедра** | **Дене шынықтыру және спорт факультетінде өткізілген ғылыми** |

| | | |
|---|---|---|
| | | **конференциялар мен семинарлар**. |
| | Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі | Жасөспірім спортшыларды даярлау үрдісінде жаңа технологияларды қолдану әдістемесі |
| 1 | Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі | «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлауда заманауи цифрлық технологияларды қолданудың тиімді жолдары» |
| 2 | Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру | «Жеңіл атлетикаға арналған арнайы дене жаттығулары» |
| 4 | | «Баскетбол ойынында допты себетке тастау әдістерін үйрету» |
| 5 | Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру | «Техникалық дайындықта жол ережелерін үйрету әдістері» |
| 6 | **Кафедра** | **Жаратылыстану факультетінде өткізілген ғылыми конференциялар мен семинарлар** |
| | Химия | «Ғылымға жол-5» Өзбекәлі Жәнібековтың 95 жылдығына 95 іс-шара аясында Г.М.Мадыбекованың 70 жылдық мерей тойына арналған «Химиядағы білім беру мен зерттеуді жетілдіру: цифрлық платформалар және ЖИ қолдану тәжірибесі» атты аймақтық ғылыми апталығы https://www.instagram.com/p/DU-bpSmjMG-/?igsh=MTI4cngyNHFpZWR0eA== |
| 1 | Химия | «Жаратылыстану-1: Білім беру мен ғылымдағы инновациялар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы аясында ұйымдастырылған Мәдібекова Ғалия Муталиевнаның 70 жас мерейтойына арналған «Ғылымға ғұмыр, білімге бағдар» атты ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ https://www.instagram.com/okpu_chemistry/p/DWt7dv3DC8E/ |
| 2 | Химия | ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-1: «БІЛІМ БЕРУ МЕН ҒЫЛЫМДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференциясы https://www.instagram.com/reel/DWqfHlRDf00/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== |
| 3 | Химия | «Ньюкасл университетінде химия сабақтарын оқытудың ерекшеліктері» атты тақырыпта ғылыми семинар https://www.facebook.com/share/p/1Dz4JkFyzk/?mibextid=wwXIfr |
| 4 | Химия | «Science Time» ғылыми кездесуі. Қатысушылардың пікір алмасуы. https://www.instagram.com/p/DYmVbuSjEpb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== |
| 5 | Биология | Қазақстан флорасының биоалуантүрлілігінің қазіргі жаңдайы және болашағы |
| 6 | Биология | Ө.Жәнібековтың 95 жылдық мерейтойына арналған «Биологиядағы жасанды интеллект технологияларын интеграциялау: теория және тәжірибе» атты ғылыми-тәжірибелік семинар |
| 7 | География | «ҚР және Орта Азия аймағында ең алғашқы құрылған ЕҚА Ақсу-Жабағылы қорығына 100 жыл» |
| 8 | **Барлығы:107** | |

## 8.2 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ, ХАЛЫҚАРАЛАҚ ЖОБАЛАР: ERASMUS+, HORIZON, ҚР ҒЖБМ ҒК БАҒДАРЛАМАЛЫҚ-НЫСАНАЛЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША ЖОБАЛАР, ҚР ҒЖБМ ҒК ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША ЖОБАЛАР, СТАРТАП ЖОБАЛАР, ОНЫҢ ІШІНДЕ БАСТАМАЛЫҚ (ИНИЦИАТИВАЛЫҚ) ЖОБАЛАРДЫҢ САНЫ, ЖЕТЕКШІЛЕРІ МЕН ОРЫНДАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

**ҚР ҒЖБМ ҒК гранттық қаржыландыру бойынша жобалар бойынша**

- ҚР ҒЖБМ ҒК-нің 2025-2027 жылдарға арналған «ЖАС ҒАЛЫМ» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыру. ЖТН AP25794379 «Қазақ тілін оқы-туда корпустық лингвистиканы қолдану арқылы лексикалық дағдыларды қалыптастыруды зерттеу және оның әдістемесін әзірлеу». Жоба жетекшісі: А.Н. Ораз, ғылыми жетекші: Қ.Т.Маликов. (29 524 450 мың тенге).

- ИРН AP19678229 по теме «Ұжымдық конструктивті оқытудың міндетті нәтижелері негізінде педагог-математиктерді даярлау сапасын арттыру» Әмірбекұлы А.,Қадырбаева Р.И. Ибашова А.Б. Джаманкараева М.А. Алимкулова Б.Т.( 35 289 920 тн.).

- ИРН AP19680169 Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда LMS-те оқыту стратегияларын болжау үшін машиналық оқытуды интеграциялау Сулейменова Л.А. Керимбеков Е.Р. Адылбекова Э.Т. (56 156 441 тн.).

- ИРН AP19677375 Білім беруді цифрландыру жағдайында жаратылыстану пәндері бойынша болашақ мұғалімдердің STEM-құзыреттерін қалыптастыру АбдрахмановаХ.К. Кадирбаева Р.И. Байсеитова Н.М. Орманова Г.К. Кудайбергенова К.Б. Жармуханбетов С.Б Жарылкасын А. Рахматулла З. (44 614 737,00 тн.).

- AP 19175630 «STEM білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының метапәндік білігін қалыптастырудың жүйесін әзірлеу» Жетекшісі: Есназар А.Ж. (22 031 355 теңге).

- AP 19679879 «Разработка технологии микрокапсулирования пробиотиков для обогащения функциональных напитков на основе отходов молочной промышленности» (договор №228/23-25 от 03.08.2023г.). Ғылыми жетекші: Ғылыми-жетекші х.ғ.к., профессор Мәдібекова Ғ.М. (72 071,478 теңге).

- 23.09.2025 ж түзілген 249/25-27 ПЦФ келісім шарт негізінде «BR28713505 Қазақстан Республикасындағы ауылдық және шағын жинақты мектептерді дамытудың тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу» **Жоба жетекшісі: Шертаева Н.Т. (**450 000 000 теңге**).**

- № 287/25-27 ГФ 29.09.2025 ж. AP26102613 – 2025–2027 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру (Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі)

- «Білім беру үдерісінде интегративті тәсілді іске асыру контекстінде химия мен биология пәндерін оқытуда виртуалды және толықтырылған шынайылық технологияларын қолданудың әдістемелік аспектілерін әзірлеу» **Жоба жетекшісі: Шертаева Н.Т.(** 46 959 498 теңге**).**

- № 287/25-27 ГФ 29.09.2025 ж. «AP26197921 Білім беру процесінде оқушылардың әлеуметтік-эмоционалдық жағдайын талдау және болжау үшін жасанды интелектті пайдалана отырып, мұғалімдердің зерттеу құзіреттіліктерін дамыту» **Жоба жетекшісі: Абдуразова П.А. (**89 195 655 теңге**).**

**ҚР ҒжБМ ҒК бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша жобалар:**

23.09.2025 ж түзілген 249/25-27 ПЦФ келісім шарт негізінде «BR28713505 Қазақстан Республикасындағы ауылдық және шағын жинақты мектептерді дамытудың ұжырымдамалық негіздерін әзірлеу» Жоба жетекшісі: Шертаева Н.Т. (**450 000 000 теңге**).

**ҚР ҒЖБМ ҒК-нің 2025-2027 жылдарға арналған «ЖАС ҒАЛЫМ» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыру:**

ҚР ҒЖБМ ҒК-нің 2025-2027 жылдарға арналған «ЖАС ҒАЛЫМ» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыру. ЖТН AP25794379 «Қазақ тілін оқы-туда корпустық лингвистиканы қолдану арқылы лексикалық дағдыларды қалыптастыруды зерттеу және оның әдістемесін әзірлеу». Жоба жетекшісі: А.Н. Ораз, ғылыми жетекші: Қ.Т.Маликов. (29 524 450 тенге).

Орта мектепте информатиканы аралас оқытуды жүзеге асыру үшін геймификация элементтері бар ақпараттық-білім ортасын әзірлеу. М.Бедебаева (23 965 342,00 тн.).

Робототехника негізінде бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру**.** Н.Қаратаев (29 909 013, 00 тн.).

## 8.3 ЖАРИЯЛАНЫМДАР: БАСПАДАН ШЫҒАРЫЛҒАН МОНОГРАФИЯЛАР, ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР, КОНФЕРЕНЦИЯ ЕҢБЕКТЕРІ (АТАУЫ, АВТОРЛАРЫ, ЖАРИЯЛАНҒАН ОРНЫ (CLARIVATE ANALYTICS, SCOPUS БАЗАЛАРЫНДАҒЫ), КӨЛЕМІ)

| № | Кафедра | Монографиялар ОҚПУ-нің ғылыми кеңесі шешімімен бекітілген | Clarivate Analytics, Scopus мақалалар | | | | Журнал мақалалары | | | Конференция еңбектері | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 1 Quartile (Квартиль) (процентиль 99-76%) | 2 Quartile (Квартиль) (процентиль 75-51%) | 3 Quartile (Квартиль) (процентиль 50-25%) | 4 Quartile (Квартиль) (процентиль 24-1%) | ҚР ҒЖБМ Комитет ұсынған тізім бойынша отандық басылымдар | «ILIM» журналы | Басқа ғылыми журналдар | Clarivate Analytics және Scopus базаларында индекстелетін конференция материалдар | Халықаралық, республикалық конференциялар |
| **1** | Өнер және білім факультеттінің | | | 2 | 1 | - | 7 | - | 18 | - | 37 |
| **2** | Филология факультеті | 4 | 6 | 4 | 2 | 2 | 34 | 1 | 47 | 1 | 332 |
| **3** | Физика-математика факультеті | | 2 | 7 | 4 | 1 | 24 | 1 | 24 | 4 | 92 |
| **4** | Тарих және педагогика факультеті | 4 | 8 | 8 | | | 50 | 2 | 42 | | 156 |
| **5** | Дене шынықтыру және спорт факультеті | 4 | | | | 8 | | 4 | 5 | | 65 |
| **6** | Жаратылыстану факультеті | 3 | 13 | 17 | 1 | - | 42 | 1 | 18 | - | 190 |
| | **Университет бойынша** | **19** | **29** | **38** | **8** | **11** | **157** | **9** | **154** | **5** | **872** |

## 8.4 ПАТЕНТТЕР ЖӘНЕ АЛДЫҢҒЫ ПАТЕНТТЕР, ИНОВАЦИЯЛЫҚ ПАТЕНТТЕР, АВТОРЛЫҚ ТУЫНДЫЛАР (ӨНЕРТАБЫСТАРДЫ), ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ОБЬЕКТІСІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕЛУІНІҢ БОЛУЫ, ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ӨНДІРІСКЕ ЕНГІЗІЛГЕНІ, ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ АКТІЛЕР (САНЫ ЖӘНЕ АКТІНІҢ КӨШІРМЕСІ).

**Зияткерлік меншік объектілері және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін енгізу**

Филология факультеті бойынша 21 зияткерлік меншік объектісіне авторлық куәлік алынған. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері өндіріске және оқу үдерісіне енгізіліп, олардың енгізілгенін растайтын тиісті актілер рәсімделген.

Тарих және педагогика факультеті бойынша 17 зияткерлік меншік объектісіне авторлық куәлік алынған. Факультетте орындалған ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері өндіріске және оқу үдерісіне енгізіліп, енгізу нәтижелері тиісті актілермен расталған.

Дене шынықтыру және спорт факультеті бойынша 2 зияткерлік меншік объектісіне авторлық куәлік алынған. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері оқу үдерісіне және практикалық қызметке енгізіліп, енгізу туралы тиісті актілер бар.

Жаратылыстану факультеті бойынша 23 зияткерлік меншік объектісіне авторлық куәлік алынған. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері өндіріске және оқу үдерісіне енгізіліп, аталған нәтижелерді енгізу туралы тиісті актілер рәсімделген.

Жалпы төрт факультет бойынша **63 зияткерлік меншік** объектісіне авторлық куәлік алынған. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін практикалық қызметке және оқу үдерісіне енгізу жұмыстары жүргізіліп, олардың нәтижелілігі енгізу туралы актілермен расталған.

## 8.5 ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ ОПҚ ЖЕТІСТІКТЕР МЕН МАРАПАТТАР (ҚР САЛАЛЫҚ МИНИСТРЛІГІМЕН БЕКІТІЛГЕН РЕСМИ ТІЗІМІ БОЙЫНША): ЕЛЕУЛІ ЖЕТІСТІКТЕРІ

**Ғылым саласындағы оқытушы-профессорлар құрамының жетістіктері мен марапаттары**

Университеттің оқытушы-профессорлар құрамы ғылым, білім беру және қоғамдық қызмет салаларындағы жетістіктері үшін мемлекеттік және ведомстволық төсбелгілермен, ордендермен, медальдармен, құрмет грамоталарымен, дипломдармен, алғыс хаттармен және халықаралық бағдарламалардың стипендияларымен марапатталған.

«Үздік ғалым» байқауының жеңімпаздары: Музыкалық білім кафедрасының оқытушылары Кужагулова Г.Е., Куленова И.М., Исабекова Г.Т., Смаилова М.С., Нұрлыбек Т.Н. **«Үздік ғалым» байқауының жеңімпаздары атанды.**

Мемлекеттік және ведомстволық төсбелгілермен, медальдармен және ордендермен марапатталғандар:

Құрбанов А.Г. – «Ахыска» газетінің 25 жылдығына арналған медальмен марапатталған, куәлік №35, 07.11.2025 ж.;

Сапарбаева Қ. – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған, №00285, 29.09.2025 ж.;

Пазылова А. – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған, №00285, 14.04.2026 ж.;

Алтынбеков Қ. – қоғамның дамуына қосқан айрықша еңбегі үшін «Құрметті зейнеткер» төсбелгісімен марапатталған, куәлік №041, желтоқсан 2025 ж.;

Нұрпейісов Н. – еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі және жоғары кәсіби біліктілігі үшін «Жыл адамы» орденімен марапатталған, куәлік №03-410, желтоқсан 2025 ж.;

Мусабекова Г.Т. – «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған;

Нарожная В.Д. – Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін төсбелгімен марапатталған;

Исабекова Г.Е. – Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін төсбелгімен марапатталған;

Шертаева Н.Т. – «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған, куәлік №01352, 25.09.2025 ж.;

Мәдібекова Ғ.М. – «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісімен марапатталған, №439, 30.03.2026 ж.;

Жылысбаева А.Н**.** – «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған, №01285, 22.08.2025 ж.

**Басқа да кәсіби және қоғамдық жетістіктер:**

Кадеева М.И. – «Amanat» партиясының Алғыс хатымен марапатталған;

Киясова К.К. – ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің Құрмет грамотасымен марапатталған;

Рамбердиева Ғ.С. – «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері;

Аширбаева А.Б**.** – ҚР Президентінің Алғыс хатымен марапатталған;

Мамраев С. – ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы «Ғылым үздігі» Құрмет дипломымен марапатталған, 2025 ж.;

Мамадалиев С.Т**.** – «Үздік жас ғалым – 2026» марапатына ие болған;

Рамашов Н.Р. – жоғары білім және ғылым саласына қосқан үлесі үшін марапатталған, 2026 ж.;

Маханова Ж.К. – «Жыл адамы – 2025» республикалық байқауының I дәрежелі дипломымен марапатталған, диплом №I-14122025040, куәлік №028;

Байниязов А.Ж. – «Жыл адамы – 2025» республикалық байқауының I дәрежелі дипломымен марапатталған, диплом №I-14122025042, куәлік №031;

Дилдабекова А.К. – «Жыл адамы» байқауының I дәрежелі дипломымен және орденімен марапатталған, диплом №I-14122025037, куәлік №026.

Сонымен қатар университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлерінің кәсіби, ғылыми және қоғамдық қызметтегі нәтижелерін ынталандыру мақсатында **Университет Басқарма төрағасы – ректордың 40 Алғыс хаты** табысталды.

Жалпы, аталған марапаттар оқытушы-профессорлар құрамының ғылыми-зерттеу, білім беру және қоғамдық қызмет салаларындағы жоғары кәсіби жетістіктерін, сондай-ақ университеттің дамуына қосқан елеулі үлесін көрсетеді.

## 8.6. ҒЫЛЫМИ АТАҚ АЛУ (ҚР ҒЖБМ НЕМЕСЕ ОҚПУ ДИПЛОМЫН АЛҒАН ЖАҒДАЙДА)

**Ғылыми атақ алу**

Дене шынықтыру және спорт факультетінің оқытушысы п.ғ.к. Н.Р. Рамашовқа 2025 жылғы 13 шілдедегі №931 бұйрық негізінде профессор ғылыми атағы берілді.

Физика-математика факультетінің оқытушысы п.ғ.к. Э.Т. Адылбековаға 2025 жылғы 11 қыркүйектегі №1567 бұйрық негізінде 50300 – «Білім» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор ғылыми атағы берілді.

Жаратылстану факультетінің оқытушысы Ғ.М.Мадыбековаға Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің профессоры ғылыми атағы берілді.

## 8.7. ҚОРЫТЫНДЫ.

2025–2026 оқу жылында университет факультеттерінде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, ОПҚ-ның ғылыми әлеуетін арттыру, ғылыми жобаларды іске асыру, гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысу, ғылыми жарияланымдар санын көбейту, зияткерлік меншік объектілерін қалыптастыру және ғылыми нәтижелерді білім беру процесіне енгізу бағыттарында нақты жұмыстар атқарылды.

Факультеттер бойынша ОПҚ құрамының ғылыми дәрежелілік көрсеткіштері әртүрлі деңгейде қалыптасқан. Жоғары ғылыми әлеует Дене шынықтыру және спорт факультетінде – **72,8%**, Жаратылыстану факультетінде – **65,7%**, Тарих және педагогика факультетінде – **61,7%** көрсеткіштермен сипатталады. Филология факультетінде ғылыми дәрежелілік **53,2%**, ал Өнер және білім факультетінде **43,2%** құрады.

Жас ғалымдарды қолдау және ғылыми кадрларды даярлау бағытында да тиісті жұмыстар жүргізілді. Филология факультетінде – **22**, Өнер және білім факультетінде – **12**, Дене шынықтыру және спорт факультетінде – **7**, Жаратылыстану факультетінде – **7** жас ғалым ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартылды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелілігі ғылыми жарияланымдар көрсеткішінен де көрінеді. Есепті кезеңде Филология факультетінде – **429 мақала**, Жаратылыстану факультетінде – **282 мақала**, Тарих және педагогика факультетінде – **270 ғылыми еңбек**, Физика-математика факультетінде – **159 мақала**, Дене шынықтыру және спорт факультетінде – **75 мақала**, Өнер және білім факультетінде – **65 мақала** жарияланды. Жарияланымдардың қатарында халықаралық рецензияланған журналдардағы, Scopus базасында индекстелетін басылымдардағы, отандық ғылыми басылымдардағы мақалалар, халықаралық және республикалық конференциялар материалдары, монографиялар және басқа да ғылыми еңбектер бар.

Факультеттерде ғылыми-зерттеу нәтижелерін коммерцияландыру және зияткерлік меншік объектілерін қалыптастыру бойынша да жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, Физика-математика факультетінде **22 авторлық куәлік** алынып, ғылыми-зерттеу нәтижелерін оқу процесіне енгізу бойынша **3 акт** рәсімделді.

Гранттық қаржыландыру бағытында факультет ОПҚ-ның ғылыми жобаларға қатысу белсенділігі байқалады. Филология факультетінде жалпы сомасы **30 424 450 теңге** болатын гранттық жобалар іске асырылуда. Жаратылыстану факультетінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы бойынша ОПҚ ғылыми жетекшілік ететін **5 жоба**, оның ішінде **1 университетішілік жоба** жүзеге асырылуда. Физика-математика факультетінде **5 гранттық жоба**, оның ішінде **2 «Жас ғалым» жобасы** жұмыс атқаруда.

Ғылыми кадрлардың кәсіби және академиялық дамуына ерекше көңіл бөлінді. Физика-математика факультетінің төрт оқытушысы диссертациялық жұмыстарын сәтті қорғап, ғылыми дәрежелерге ие болды. П.ғ.к. Э.Т. Адылбековаға **қауымдастырылған профессор ғылыми атағы** берілді. Сонымен қатар ОПҚ-ның халықаралық ғылыми тағылымдамаларға қатысуы қамтамасыз етілді. Атап айтқанда, Б.С. Уалиханова Ұлыбританиядағы University College London университетінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша ғылыми тағылымдамадан өтті, ал Б.С. Қалдарова Германияның Constructor University университетінде ғылыми тағылымдамадан өтуде.

Факультеттерде ғылыми-әдістемелік семинарлар, ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, ғылыми-танымдық іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылды. Сонымен қатар докторанттардың диссертациялық зерттеулері талқыланып, шетелдік ғалымдар мен академиялық ұтқырлық аясында шақырылған мамандардың ғылыми семинарларға қатысуы қамтамасыз етілді.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы да оң динамика көрсетті. 2025–2026 оқу жылында факультет білім алушылары халықаралық және республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурстарына, олимпиадалар мен байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Жалпы алғанда, 2025–2026 оқу жылында университет факультеттерінің ғылыми-зерттеу қызметінде ғылыми жарияланымдарды арттыру, гранттық жобаларды іске асыру, жас ғалымдарды ғылыми қызметке тарту, ғылыми кадрлық әлеуетті күшейту, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту және ғылыми нәтижелерді оқу процесіне енгізу бағыттарында оң нәтижелер қалыптасты**.**

Сонымен бірге ғылыми-зерттеу қызметінің тиімділігін одан әрі арттыру үшін **S**copus және Web of Science базаларындағы жарияланымдар үлесін көбейту, гранттық жобаларға қатысуды кеңейту, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты күшейту, ғылыми-зерттеу нәтижелерін коммерцияландыру, ОПҚ мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту және жас ғалымдарды қолдау тетіктерін жетілдіру қажет.

Осы бағыттарды жүйелі түрде іске асыру университеттің ғылыми әлеуетін арттыруға, халықаралық ғылыми кеңістікке интеграциялануына және ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелілігін одан әрі жоғарылатуға мүмкіндік береді.

### 8.8. Ұсыныстар.

1. **Ғылыми жарияланымдарды арттыру.** Оқытушы-профессорлар құрамының (ОПҚ) халықаралық рецензияланатын журналдарда, оның ішінде Scopus және Web of Science деректер базаларында индекстелетін басылымдарда ғылыми мақалалар жариялау белсенділігін арттыру. Осы бағытта нақты индикаторлар мен мерзімдерге негізделген жоспар әзірлеу және оның орындалуына тұрақты мониторинг жүргізу.

2. **Ғылыми жобаларға қатысуды жандандыру.** ОПҚ-ның ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің және басқа да ғылыми қорлардың гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысу белсенділігін арттыру. Университеттің ғылыми әлеуетін ескере отырып, кешенді ғылыми тақырыптар бойынша ұзақ мерзімді ғылыми жобаларды әзірлеу және іске асыру.

3. **Ғылыми кадрлық әлеуетті күшейту.** Ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар оқытушыларды жұмысқа тарту, жас оқытушылардың магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша білімін жалғастыруына жағдай жасау және олардың болашақта кафедралардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

4. **Ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру.** ОПҚ-ның ғылыми-зерттеу жұмыстарын, ғылыми жарияланымдарын, гранттық жобаларға қатысуын және ғылыми нәтижелерін арттыруға бағытталған ынталандыру тетіктерін жетілдіру.

5. **Ғылыми-академиялық ұтқырлықты дамыту.** ОПҚ мен білім алушылардың Қазақстандағы және шетелдік жоғары оқу орындарындағы ғылыми тағылымдамаларға, халықаралық және республикалық конференцияларға, ғылыми семинарлар мен басқа да ғылыми іс-шараларға қатысуын одан әрі жандандыру.

6. **Халықаралық тәжірибе алмасуды кеңейту.** ОПҚ-ның халықаралық деңгейде біліктілігін арттыруын, қайта даярлаудан өтуін және шетелдік ғалымдармен бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуін ұйымдастыру. Әлемдік ғылыми бағыттар бойынша озық тәжірибені зерделеу және оны университеттің ғылыми-зерттеу қызметіне енгізу.

7. **Университет пен мектептер арасындағы ғылыми байланысты күшейту.** Білім беру ұйымдарымен ғылыми-зерттеу бағытындағы өзара ынтымақтастықты дамыту, бірлескен ғылыми жобалар, тәжірибелік зерттеулер, ғылыми-әдістемелік семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру.

8. **Білім беру мен ғылыми зерттеулердің цифрлық инфрақұрылымын дамыту.** Білім беру және ғылыми қызмет үшін заманауи оқу-зертханалық базаны, ғылыми инфрақұрылымды және цифрлық ресурстарды жетілдіру. Электрондық оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу және оқу процесінде кеңінен қолдану, интернет-ресурстарды дамыту.

9. **Ғылыми ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті кеңейту.** ОПҚ мен білім алушылардың Scopus, Web of Science және басқа да халықаралық ғылыми деректер базаларына тұрақты қолжетімділігін қамтамасыз ету.

10. **Ғылыми нәтижелерді білім беру процесіне енгізу.** Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу процесіне енгізуді, оның ішінде электрондық оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, авторлық әзірлемелер және басқа да ғылыми-әдістемелік өнімдер арқылы жүзеге асыруды күшейту.

**11. Оқу құралдары мен оқулықтарды әзірлеуді қолдау.** ОПҚ-ның оқулықтар, оқу құралдары мен ғылыми-әдістемелік еңбектер әзірлеуіне және жариялауына университет тарапынан қаржылық және ұйымдастырушылық қолдау көрсету.

## 8.9. SWOT-талдау

| **S (strength) – күшті жақтары** | • **W (weakness) –әлсіз жақтары** |
|---|---|
| • ОПҚ біліктілігін арттыру динамикасының оң болуы, ғылыми тағылымдамалардан, біліктілікті арттыру курстарынан және халықаралық бағдарламалардан өту мүмкіндіктерінің кеңеюі.<br>• Ғылыми-әдістемелік семинарлар мен ғылыми іс-шаралардың жүйелі ұйымдастырылуы, білім алушылар мен ОПҚ-ны ғылыми-зерттеу қызметіне тартудың қалыптасқан тәжірибесі.<br>• Диссертациялық жұмыстарды орындау және ғылыми кадрларды даярлау жүйесінің дамуы, докоранттардың диссертация қорғауы және ғылыми дәрежелерге ие болған ОПҚ санының артуы.<br>• Білім алушылардың ғылыми-зерттеу белсенділігінің жоғарылауы, олардың халықаралық және республикалық олимпиадаларға, ғылыми жобалар мен конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болуы.<br>• ОПҚ мен білім алушылардың бірлескен ғылыми және Start-up жобаларын іске асыру тәжірибесінің қалыптасуы.<br>• Халықаралық ынтымақтастықтың дамуы, шетелдік жоғары оқу орындарымен және ғылыми ұйымдармен келісімдердің болуы, шетелдік ғалымдарды ғылыми іс-шараларға тарту мүмкіндігінің қалыптасуы.<br>• Ғылыми-зерттеу нәтижелерін білім беру процесіне енгізу, авторлық куәліктер алу, оқу-әдістемелік құралдар әзірлеу және ғылыми | • Scopus және Web of Science деректер базаларында индекстелетін халықаралық жоғары импакт-факторлы журналдардағы жарияланымдар санының жеткіліксіздігі.<br>• ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған басылымдардағы ғылыми жарияланымдар санының кейбір факультеттерде төмендеуі.<br>• ОПҚ-ның гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысу және гранттарды жеңіп алу белсенділігінің жеткіліксіздігі.<br>• Халықаралық гранттық бағдарламаларға, оның ішінде Erasmus+, Horizon Europe және басқа да халықаралық ғылыми жобаларға қатысудың төмен деңгейі.<br>• Кейбір кафедраларда ғылыми әлеуетінің төмен болуы, оның ішінде ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар ОПҚ үлесінің жеткіліксіздігі.<br>• Ғылыми дәрежесі жоқ жас ОПҚ үлесінің болуы және олардың докторантураға түсуі мен диссертация қорғау белсенділігінің төмендігі.<br>• ОПҚ-ның шетелдік жоғары оқу орындарында дәріс оқу, халықаралық ғылыми тағылымдамалардан өту және бірлескен зерттеулер жүргізу мүмкіндіктерінің шектеулілігі.<br>• Зияткерлік меншік объектілерін алу, патенттеу және ғылыми әзірлемелерді |

| | |
|---|---|
| нәтижелерді практикада қолдану жұмыстарының жүргізілуі. | коммерцияландыру жұмыстарының жеткілікті деңгейде жүргізілмеуі.<br>• Постдокторантура бағдарламалары бойынша кадрларды даярлау деңгейінің төмендігі, факультеттерде постдокторанттар санының аз болуы.<br>• Ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру және ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізу көрсеткіштерінің төмендігі. |
| **O (opportunity) –мүмкіндіктері** | • **T (threat) – қауіп-қатерлер** |
| • Мемлекеттік ғылыми гранттық қаржыландыру көлемінің ұлғаюы және ғылыми жобалар конкурстарының тұрақты өткізілуі.<br>• ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларына ОПҚ қатысу мүмкіндіктерінің кеңеюі.<br>• Халықаралық ғылыми бағдарламаларға қатысу мүмкіндіктерінің артуы, оның ішінде Horizon Europe, Erasmus+ және басқа да халықаралық жобаларға өтінім беру.<br>• ОПҚ мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми тағылымдамалардан өту мүмкіндіктерін кеңейту.<br>• Жас ғалымдарды қолдау және ғылыми кадрларды даярлау мүмкіндіктерінің артуы, докторантура және постдокторантура бағдарламаларына тарту.<br>• Университет ғалымдарының халықаралық ғылыми беделін арттыру, H-index көрсеткіші бар ғалымдардың үлесін ұлғайту.<br>• Ғылыми және инновациялық Start-up жобаларды дамыту, білім алушылар мен ОПҚ-ның бірлескен жобаларын гранттық және инвестициялық қаржыландыруға ұсыну.<br>• Шетел тілдерін меңгеру деңгейінің артуы және бұл мүмкіндікті халықаралық ғылыми жарияланымдар мен жобаларға қатысу үшін пайдалану.<br>• Ғылыми инфрақұрылымды, зертханалық базаны және цифрлық ғылыми ресурстарды одан әрі дамыту мүмкіндігі. | • Ғылыми дәрежесі бар тәжірибелі ОПҚ-ның орташа жасының ұлғаюы және зейнеткерлік жасқа жақындауы, бұл ғылыми сабақтастыққа қауіп төндіруі мүмкін.<br>• Жас оқытушылардың ғылыми дәреже алу үшін диссертация қорғауға шығу белсенділігінің төмендігі, ғылыми кадрлар сабақтастығының әлсіреу қаупі.<br>• Жоғары білікті ғылыми кадрлардың басқа жоғары оқу орындарына немесе ғылыми ұйымдарға ауысу қаупі.<br>• Халықаралық ғылыми жарияланымдарға қойылатын талаптардың күрделенуі, жоғары импакт-факторлы журналдарда жариялану бәсекелестігінің артуы.<br>• Ғылыми жобаларды іске асыруға қажетті қаржыландырудың жеткіліксіз болуы немесе қаржыландыру тетіктерінің өзгеруі.<br>• Шетел тілдерін жеткілікті деңгейде меңгермеу, халықаралық ғылыми жобаларға, шетелдік басылымдарға және ғылыми ынтымақтастыққа қатысуды шектеуі мүмкін.<br>• Ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерцияландыру деңгейінің төмен болуы, ғылыми әзірлемелердің практикалық және экономикалық тиімділігінің толық пайдаланылмау қаупі.<br>• Ғылыми дәрежесі жоқ ОПҚ үлесінің сақталуы, бұл ұзақ мерзімді перспективада факультеттердің ғылыми-кадрлық әлеуетіне әсер етуі мүмкін. |

## 9.МАТЕРИАЛДЫҚ БАЗА ЖӘНЕ ОҚУЛЫҚТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

### 9.1. Білім беру бағдарламаларына арналған зертханалық және арнайы кабинеттер

| р/с. | Лаборатория орналасқан кабинет | Лабораторияның/ компьютерлік сыныптың/ шеберхананың атауы | Ауданы ($м^{2)}$/ Сыйымдылығы (орны) | Лабораторияда жүргізілетін жұмысқа қысқаша сипаттама |
|---|---|---|---|---|
| **Биология кафедрасының лабораториялары** | | | | |
| 1. | № 100 | Зоология | 27,0 м² | Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың сыртқы және ішкі құрылыстарын, тіршілік ету түрін және өзіне тән ерекшеліктерін зерттейді. Микроскоп арқылы ылғалды дайын |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | препараттарды зерттеп, қарап тәжірибелер жасайды. |
| 2. | № 105 | Микробиология, биотехнология, цитология және гистология | 47,8 м² | Кез- келген жасушада болатын ерекшелікті анықтау үшін лабораториялық жұмыс жасауға арнайы жабдықталып жасалған аудитория. Термостаттарды пайдалану арқылы түрлі-түсті жасушаларды көруге болады. |
| 3. | № 106 | Адам анатомиясы, адам және жануарлар физиологиясы | 38,0 м² | Адам анатомиясын зерттеу арқылы адамның ішкі құрылысын, физиологиялық дамуы мен жасушалардың дамуы арқылы болатын ерекшеліктерді зерттейді. Дайын препараттар арқылы адам организміндегі жасушаларды көру арқылы ерекшеліктерін анықтайды. |
| 4. | № 108 | Ботаника, өсімдіктер физиологиясы | 27,0 м² | Гербарийлерді пайдаланып өсімдіктердің систематикалық топтарын анықтау. Өсімдіктердің морфологиялық және анатомиялық құрылысын микроскоппен зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Өсімдіктердегі физиологиялық процестерге, өсу және дамуына арналған тәжірибелер жасалады. |
| **Химия кафедрасының лабораториялары** | | | | |
| 1. | № 401 | Биохимия және жоғары молекулалық қосылыстар химиясы зертханасы | 31,6 м$^2$ | Ақуыздарға тән сапалық және түсті реакциялар; Витаминдерге, гормондарға тән сапалық реакциялар жасалады. Ақуыздарды диализ арқылы тазалайды. Ортаның pH-ының амилаза ферментіне әсерін зерттейді. Лактозаны (сүт қантын) рефрактометрия әдісімен анықтайды. Полимерлердің құрылымы мен алу әдістерін, қасиеттерін анықтайды. |
| 2. | № 402 | Физикалық және коллоидтық химия, химия технология зертханасы | 31,9 м$^2$ | Химиялық процестер заңдылықтары пәні: Кристаллогидраттың еру жылуын; Химиялық реакцияның жылдамдық константасын; Реакция жылдамдығының температураға тәуелділігін; Тотығу тотықсыздану реакцияларын зерттеу Индикаторлы электродтар арқылы pH; Калориметр тұрақтысын анықтайды. Нафталин-азабензол жүйесін термиялық анализдейді. Фенол-су немесе анилин-су системасының өзара ерігіштік диаграммасын құрады. Гомогенді жүйелердегі химиялық тепетеңдікті; Гетерогенді жүйедегі химиялық тепе теңдікті анықтайды. |
| 3. | № 405 | Химияны оқыту әдістемесі және химияны оқытудың инновациялық тәсілдерін қолдану кабинеті | 48,6 м$^2$ | Химияны оқыту әдістемесі, мектепте химиядан эксперимент жүргізу әдістемесі, химиядан типтік есептер шығару әдістемесі пәндерінен сабақтар жүргізіледі. |
| | № 407 | Органикалық химия және химиялық синтез лабораториясы | 48,1м$^2$ | Органикалық сұйық заттарды тазалау: жай айдау, су буымен айдау, фракциялық айдау, экстракция. Органикалық қатты заттарды тазалау: Возгонка, қайта кристалдау, балқу температуралары анықталады. Метан алу, ацетилен алу, этилен алу, майлар алу, сабын алу. Спирттер және оның қасиеттері зерттеледі. |
| 3. | № 412 | Бейорганикалық | 64,4 м$^2$ | Газ тәрізді заттардың молекулалық массасын, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | және жалпы химия зертханасы | | жай және күрделі заттардың эквиваленттік молярлық массасын анықтауға; Оксидтер мен қышқылдарды, негіздерді алады. Химиялық реакциялардың жылдамдығының температурасына әсерін зерттейді. Әртүрлі концентрациялы ерітінділер дайындайды. Ерітінділердің pH, тотығу-тотықсыздану реакцияларын және ерітінділер мен балқыламалардың электролизін анықтайды. |
| 4. | № 420 | Аналитикалық химия және химиялық анализдеу әдістері зертханасы | 80,9м$^2$ | 1,2,3,4,5,6 топ катиондарының қоспасын талдау. 1-6 топ қоспасына жүйелік анализ; Аниондардың 1,2,3 топтарының сапалық реакцияларын жүргізеді. Қағаз бетіндегі хроматография. Құрғақ тұздар қоспасын анализдейді. Тұздарды еріту, Бөлшектік анализ, Жүйелік анализ жұмыстары жасалады. |
| **Физика кафедрасының лабораториялары** | | | | |
| 1. | № 302 | “Механика және молекулалық физика” зертханасысы | 66 м$^2$/20 | Механика зертханасында материалдық денелердің қозғалысын және олардың арасындағы өзара әсерлесуді анықтайтын құрылғылар, сонымен бірге механикада денелердің қозғалысын немесе олардың бөліктерінің кеңістіктегі салыстырмалы орналасуының уақыт бойынша өзгеруін анықтайды.<br>Молекулалық зертханада физика заттардың құрылымы мен қасиеттерін молекулалық-кинетикалық концепцияларға сүйене отырып негізделген. |
| 2. | №313 | Электр және магнетизм, радиоэлектроника» зертханасы | 71,5 м$^2$/20 | Электр және магнетизм зертханасындағы құрылғылар статикалық электр, электр тогы және магниттік құбылыстар туралы білімді зерттейді. |
| 3. | №320 | Оптика, Атом және Атом ядросы физикасы зертханасы | 21,4м$^2$ | Атомдық физикадан зертханалық қондырғылар - атомдардың құрылысы мен қасиеттерін зерттейді. Атомдық физика – атом ядросының құрылысы ядролық физиканы зерттейді. |
| 4. | №322 | Т.ғ.к., доцент Арипов Абдулла Әлімбайұлы атындағы Физиканы оқыту әдістемесі зертханасы | 49,00м$^2$ | Зертханалық практикум теориялық материалды бекіту және эксперименттік зерттеулерді өз бетінше орындау дағдыларын игеру және өлшенетін параметрлерді цифрлық индикациядан өткізіп, қазіргі заманғы аспаптық құралдарды пайдалану мақсатында жүргізіледі. |
| 5. | №310 | Астрономия дәрісханасы | 30,24м$^2$ | Жоғарғы оқу орындарында астрономия пәнінен практикалық сабақ-тардың жүргүзүінің негізгі мақсаты – студенттердің теориялық білімдерін тереңдетіп, практикалық дағдыларын қалыптастыру. Орта мектеп мұғалім-дерінің білімі сапалы болуы үшін, олар қажетті құралдармен, астрономия-лық жылнамаларымен, арнаулы планшетермен және тізімдермен жұмыс істей білуі керек.<br>Осы мақсатта жазылған «астрономия пәнінен практикалық сабақтарға оқу дісемелік құрал» II тақырыптан құрылған. Осының |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | ішіндегі 4 тақырып астрономиялық бақылауларға арналған, оларда керекті құралдардың сипат-тамалары берілген. Қалған тақырптардың 5-і сфералық және пратикалық астрономиялық программасын қамтиды. 2 тақырып астрофизикалық мәсе-лелерді шешуге арналған.<br>Әрбір практикалық сабаққа қажетті қысқаша теориялық мәліметтері, жұмысты орындау реті және бақылау сұрақтары берілген. Оқу -әдістмелік құралдың соңында қажетті астрономиялық мәліметтер келтірілген. |
| 6. | №307 | Бүкіл әлемдік банкпен қаржыландырылған педагогикалық бағыттағы физикалық зертхана кабинеті | 82,00м$^2$ | Зертханалық практикум заманауи талапқа сай интерактивті панельді пайдалана отырып, педагогикалық бағыттағы теориялық материалды бекіту және эксперименттік зерттеулерді өз бетінше орындау дағдыларын игеру және өлшенетін параметрлерді цифрлық индикациядан өткізіп, қазіргі заманғы аспаптық құралдарды пайдалану мақсатында жүргізіледі. Оптика бойынша 6 дана VR шлемі, Электрмагнетизм бойынша 6 дана шлемі бар. Аталған виртуалды зертханада студенттер VR көзілдіріктері арқылы 7D форматта жұмыстар жасай алады әрі физикалық құбылыстарды жетік меңгеруге қосымша дағдыға ие болады. |
| 7. | №239,242 | Роботехника, STEM кабинеті | | Университетте роботты Lego mindstorms education бағдарламасы арқылы жасайды. Ең алдымен робототехниканың қырсырын меңгеріп, кішкентай бөлшектерді жинақтап, кейін роботты құрастырып, жүргізеді. Бұдан бөлек, 3D модельдеу, сәулет, дизайн, анимация, бағдарламалау және веб-сайтты құру жұмыстарын үйренуде.<br>Lego Mindstorm EV3 (комплект) - 7 данасы бар, базалық роботтармен жабдықталған робототехника кабинеті сәтті жұмысқа қосылып зертханалық сабақтарда пайдаланып, көптеген көрмелер мен олимпиадаларға жобалар дайындалған болса, жаңа келіп түскен роботтар аталған бағдарламаның мүмкіндігін бірнеше есе кеңейте түсті.<br>Қолымыздағы зертханалық жабдықтар ортақ идеяларды жүзеге асыруға, білім беру сапасын арттыруға және жалпы өңірдің дамуына үлес қосуда. |
| **Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының шеберханалары** | | | | |
| 1. | № 2С | Металды механикалық өңдеу шеберханасы | 20,4 м2/10 | Металды механикалық жолмен өңдеу шеберханасында целиндр пішінді дайындамалардың целиндрлік, конустық, фасондық беттерін өңдейді. |
| 2. | № 6С | алды қолмен өңдеу шеберханасы | 34,2 м2/30 | Металды қолмен өңдеу шеберханасында жұқа, қалың қаңылтырларды сымтемірлерді өңдейді |
| 3. | № 8 С | Ағашты қолмен өңдеу шеберханасы | 20,4 м2/10 | Ағашты сүргілейді, кеседі, теседі және шабақты қосылыстарды орындайды |
| 4. | № 10 С | Ағашты механикалық өңдеу | 39,2 м2/30 | Ағаштың целиндрлік, конустық және фасондық беттерін өңдейді. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | шеберханасы | | |
| 5. | № 11С | алды механикалық деу шеберханасы | 48,1 м2/30 | Металды механикалық жолмен өңдеу шеберханасында целиндр пішінді дайындамалардың целиндрлік, конустық, фасондық беттерін өңдейді. |
| 6. | № 4 С | Қолөнер шеберханасы | 21,8 м2/5 | Ағашты, теріні өңдеу, бұйымдар жасау |
| 7. | № 101С | Тігін шеберханасы | 37 м2/20 | Бұйымдарды пішу, өңдеу, тігу және бумен жатқызу |
| 8. | № 103С | Тігін шеберханасы | 37 м2/20 | Бұйымдарды пішу, өңдеу, тігу және бумен жатқызу, әдіптеу |
| 9. | № 111С | Мультимедиалық дәрісхана | 37 м2/30 | |
| 10. | № 108С | Мультимедиалық дәрісхана | 37 м2/30 | |
| 11. | № 105 С | Тағам әзірлеу технологиясы дәрісханасы | 37 м2/30 | Үй және тамақтану мәдениеті пәнінен практикалық сабақтар, тамақ әзірлеу |
| 12. | № 315 С | Академиялық сурет дәрісханасы | 37 м2/30 | Тапсырмаға байланысты натюрморт қойылады, адам бейнесі салынады, краскімен және акварель, гуашь, тушпен жұмыс жасалынады. |
| 13. | № 321 С | Ұлттық қол өнер шеберханасы | 37 м2/30 | |
| 14. | № 317 С | имедиалық дәрісхана | 37 м2/30 | |
| 15. | № 318 С | Сызу және сызба геометриясы дәрісханасы | 37 м2/20 | Сызба жұмыстары жүргізіледі |
| 16. | № 319 С | ндік қолданбалы ер шеберханасы | 37 м2/30 | |
| 17. | № 322 С | Академиялық кескіндеме шеберханасы | 18,5 м2/6 | натюрморт қойылады, адам бейнесі салынады, краскімен және акварель, гуашь, тушпен жұмыс жасалынады. |

**9.2. ББ бойынша қажетті кітап қоры және кітап қорын толықтыру**

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Әбсаттар Дербісәлі атындағы ғылыми кітапхана университеттің оқу үрдісін және ғылыми зерттеулерін құжаттармен және ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ететін университеттің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Кітапхананың негізгі мақсаттары: ақпараттық ресурстар мен кітапхана қорын толықтыру; пайдаланушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, кітапханалық қызмет көрсетуді жетілдіру; ақпараттық ресурстарға еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету; жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізінде кітапханалық қызметті ұйымдастыру.

Оқырмандарға қызмет көрсету үшін кітапхананың жеті бөлімшелерінде (бас оқу залы, ғылыми оқу залы, электронды оқу залы, №1 салалық оқу залы, №2 оқу залы, №3 оқу залы, абонемент) қызмет көрсетеді.

2025-2026 оқу жылына оқырмандардың саны – 7600 жоспарланған, оқырман санының орындалғаны – 7612, яғни 12 оқырманға (100%) артық орындалды.

2025-2026 оқу жылына келушілер саны 56000 жоспарланған, келушілер санының орындалғаны – 56557, яғни 557 келушілер (101%) жоспардан артық орындалды.

2025-2026 оқу жылына кітаптың берілу саны - 68000 жоспарланған, кітаптың берілу санының орындалғаны – 67523, яғни 523 кітаптың берілуі (101%) жоспардан артық орындалды.

**Электрондық кітапхана бойынша пайдаланушыларға қызмет көрсету**

Электронды оқу залында және ғылыми оқу залында студенттер, профессор-оқытушылар құрамы және қызметкерлер Интернет желісіне Wi-Fi арқылы 100 мбит/сек жылдамдықпен кіре алады.

Ғылыми кітапхананың пайдаланушылары оқу процесі мен ғылыми зерттеулеріне қажетті ақпаратты іздеу және өз бетінше жұмыс істеу үшін Интернет желісін қолдана алады, оның ішінде:

- ОҚПУ кітапханасының сайты: http://library.okmpu.kz
- «Web.ИРБИС» электрондық каталог: http://irbis.okmpu.kz
- «Alemlibrary» электрондық кітапхана -http://alemlibrary.kz

**«Alemlibrary» электрондық кітапханасы**

«Alemlibrary» электрондық онлайн кітапхананың 700 атауы қазақ және орыс тілдерде білім салалары бойынша мультимедиялық оқулықтар мен оқу құралдары сатып алынды. ОПҚ және білімалушылар оқу әдебиеттерін электронды форматта және бейне дәрістерді білім беру мақсатында пайдалана алады.

**Кітапхана қорын толықтыру, кітап қорымен жұмыс, есепке алу, өңдеу және жүйелеу.**

Университеттің оқу үрдісін және ғылыми зертеулерін ақпаратпен толық қамтамасыз ету үшін кітапхана қорын қалыптастыру жұмыстары үздіксіз жүргізіледі. Кітапхана қорында барлық білім салалары бойынша дәстүрлі және электронды түрде оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттер бар.

2025-2026 оқу жылында бірыңғай кітапхана қоры 86 324 атау, 477 826 бірлікті құрайды, оның ішінде:

- *басылым тілдер бойынша:* қазақ тілінде – 302 066 дана, орыс тілінде – 133 975 дана, шет тілінде – 41 784 дана;
- *басылым түрлері бойынша:* оқу әдебиеттері – 292 917 дана, оқу-әдістемелік әдебиеттер – 69 114 дана, ғылыми әдебиеттер – 115 784 дана.

2025-2026 оқу жылына кітапханаға жалпы әдебиеттер саны 161 атау, 3362 дана оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер түсті,

- *басылым тілдер бойынша:* қазақ тілінде - 2263 дана, орыс тілінде - 995 дана, шет тілінде - 104 дана.
- *басылым түрлері бойынша:* оқу әдебиеті – 1119 дана, оқу-әдістемелік әдебиеті - 547 дана, ғылыми әдебиет – 1 696 дана түсті.

**Оқытушы-профессорлар құрамының еңбектері**

Университеттің оқытушы-профессорлар құрамының еңбектері 3191 атау, 16 974 дананы құрайды. Кітапхананың кітап және электронды қорын толықтыру үшін оқытушы-профессорлар құрамының баспадан шығарылған оқу құралдарының 5 данасын және электронды нұсқасы (PDF форматта) кітапханаға тапсырады.

2025-2026 оқу жылы оқытушы-профессорлар құрамы кітапханаға 247 атау, 775 дана оқу-әдістемелік құралдарын және 38 атау электронды оқулықтарын сыйға тартты.

**Электронды басылымдар қоры.**

Қазіргі заман талаптарын сай қашықтықтан оқу мақсатында кітапхананың электронды басылымдар қоры үнемі толықтырылып отырады, оның ішіне: мультимедиялық электрондық оқулықтар, электрондық түрде (PDF формат), баспа басылымдарының электрондық көшірмелері (СД диск). Жалпы кітапхананың электронды басылымдар қоры 3665 атау, 6151 дананы құрайды. 2025-2026 оқу жылында 38 атау, 41 дана электронды басылымдар түсті.

**Білім беру бағдарламасы мамандығы бойынша пәндері бойынша оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету.**

Жыл сайын барлық білім беру бағдарламасы мамандығы бойынша кітаптармен қамтамасыз етілу жұмысы референттерімен тығыз байланыста жүргізіледі. 6 факультеттің 19 кафедрасынан 53 бакалавриат, 19 магистратура, 13 докторатура ББ мамандықтары бойынша пәндері бойынша оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету картасын кітапханаға өткізеді. Референттер оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету

картасын электрондық каталог және жаңа әдебиеттердің бюллетендері негізінде толтырады.

Ғылыми кітапханада оқырмандарға мәдени, ақпараттық, эстетикалық тәрбие беру мақсатында бірінші курс студенттер арасында кітапхананы пайдалану ережелері туралы әңгімелер, атаулы күндерге тақырыптық және ашық кітап көрмелері, университетте өтетін іс-шараларға кітап көрмелерін ұйымдастырып отырады.

2025-2026 оқу жылына – 11 кітап көрмесі қойылды, көрмеге қойылған кітап саны - 1515, келушілер саны – 3371, оның ішінде:

- тақырыптық кітап көрме-4, қойылған кітап саны - 348; келушілер саны -744;
- ашық кітап көрмесі -2, қойылған кітап саны - 496, келушілер саны -1355.
- мерейтой иелеріне - 4, қойылған кітап саны – 175, келушілер саны -417.
- жаңа кітап көрмесі - 1, қойылған кітап саны – 161, келушілер саны -246.

2025-2026 оқу жылына көпшілік іс-шаралар – 21, қатысқан оқырман саны – 1148, оның ішінде:

- жазушымен кездесу-1, қатысқан оқырман саны – 80;
- әңгіме – 16, бірінші курс студенттерін кітапхананы пайдалану ережесімен таныстыру экскурсиясы өтті, қатысқан оқырман саны - 826;
- оқырмандар конференциясы - 1, «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы балалар жазушысы Тәкен Әлімқұловтың шығармашылығына оқырмандар конференциясы өтті, қатысқан оқырман саны – 56;
- семинар – 2, қатысқан оқырман саны – 126;
- дөңгелек үстел - 1, келушілер саны – 60;

2025-2026 оқу жылына ауызша библиографиялық анықтамалардың орындалғаны – 2205, оның ішінде тақырыптық - 1670, кеңес беру – 535. Кітапханаға келіп түскен жаңа әдебиеттерге 4 бюллетень құрастырылды.

**Кітапхананың материалдық - техникалық базасы.**

2025-2026 оқу жылында кітапхананы заманауи технологиялармен қамтамасыз ету мақсатында RFID жүйесі орнатылды. RFID-технологиясын енгізу арқылы қордағы кітаптардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сөредегі кітаптардың орналасуын реттеу, ашық қолжетімді қор ұйымдастыру, рұқсат етілмеген кітаптарды алып кетуден қорғау, кітаптың айналымы мен оқырманның сұранысын бақылау сияқты маңызды функцияларды жүзеге асырады, өзіне-өзі қызмет көрсету станциялары мен арнайы электронды карталарын пайдалану оқырмандарға кітаптарды өз бетінше алуға және тапсыруға мүмкіндік береді.

Кітапхананың инженер бағдарламашысы оқырмандардың студенттік картасын және кітапхананың электронды каталогін RFID жүйесіне енгізді. Қазіргі уақытта RFID жүйесіне 12716 атау, 197071 дана кітап енгізілді.

Кітапханашылар әр бір кітапқа RFID меткасын жабыстырып, меткадағы кодты RFID жүйесінің базасына енгізеді. Қазіргі уақытта RFID меткасы 56951 дана кітапқа жабыстырылды. Алдағы уақытта әрбір кітаптқа RFID жүйесінің меткасын ендіру жұмыстары жалғасуда.

**Әлеуметтік желілерде жарияланым.**

(Fecebook, Instagram) ресми парақшаларында кітапхананың жұмысы, кітапханада өтіп жатқан іс-шаралар мен семинарлар, хабарламалар, іс-шаралар, виртуалды көрмелер, презентациялар және баспасөз беттеріндегі мақалалар үнемі қойылып келеді. Қазіргі уақытта 45 пост жарияланды.

**9.3. Студенттік жатақханалардағы енгізілген төсек-орындардың саны**

| Жатақханалардың атауы, мекен - жайлары | Жалпы сыйымдылығы (орын саны) | Жатақханада қаралған мүмкіндіктері мен жеңілдіктері (асхана, интернет, үйірме т.б) | Жалдау құны (теңге) | | Факультет/тапсырыс |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | айына | жылына | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| №1 студенттер үйі, Байтұрсынов көшесі 13 | 500 | 2 адамдық бөлмелер, Асхана әр қабатта, санторап өз бөлмесінде, Wi-Fi интернет, оқу залы, үйірмелер, coworking орталық | 15 000 | 150 000 | 1 курс грант, «Алтын белгі» иегерлері, арнайы білім қажет ететін студенттер, тұл жетімдер, GPA 3.5-тен жоғары белсенді студенттер |
| №2 студенттер үйі, Рысқұлбеков көшесі 8 | 424 | 4 адамдық бөлмелер, Асхана әр қабатта, Wi-Fi интернет, оқу залы | 10 000 | 100 000 | Шетел студенттері, дене шынықтыру және спорт факультетінің студенттері |
| №3 студенттер үйі Иляев көшесі 25 | 500 | 4 адамдық бөлмелер, Асхана әр қабатта, санторап өз бөлмесінде, интернет, оқу залы, кинозал | 20 000+ай сайынғы комуналдық қызметтер ақысы | 200 000 | ЖООКББИ білім алушылары |
| №4 студенттер үйі Төменгі Отырар м.а. №139 ғимарат | 350 | 4 адамдық бөлмелер, Асхана әр қабатта, интернет, оқу залы | | | |
| №5 студенттер үйі Нұрсат м.а. №131Б | 241 | 4-5 адамдық бөлмелер, Асхана әр бөлмеде, санторап өз бөлмесінде, интернет, оқу залы, жаттығу залы | 17 000 | 170 000 | |
| №6 студенттер үйі (Тұмар) Байтұрсынов көшесі 75/13 | 100 | 2-4 адамдық бөлмелер, Асхана әр қабатта , санторап өз бөлмесінде, интернет, оқу залы | 20 000+ай сайынғы комуналдық қызметтер ақысы | 200 000 | Филология, өнер және білім факультеттерінің студенттері |
| №7 студенттер үйі, Иляев көшесі, 12/1 | 500 | 4 адамдық бөлмелер, Асхана әр қабатта, Wi-Fi интернет, оқу залы | 19 000 | 190 000 | Физика-математика, Жаратылыстану, Тарих және педагогика факультеттерінің студенттері |
| №8 студенттер үйі, Иляев көшесі, 12/1 | 500 | | 19 000 | 190 000 | |

## 9.4. ҚОРЫТЫНДЫ

2025–2026 оқу жылында Әбсаттар Дербісәлі атындағы ғылыми кітапхана университеттің білім беру және ғылыми-зерттеу қызметін оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен, сондай-ақ электрондық ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыс жүргізді.

Кітапхананың бірыңғай қоры 86 324 атау, 477 826 дананы құрап, есепті кезеңде қор 161 атау, 3 362 данамен толықтырылды. Оның ішінде қазақ тіліндегі әдебиеттердің үлесі басым болып, 2 263 дана, орыс тілінде – 995 дана, шет тілдерінде – 104 дана жаңа әдебиет келіп түсті. Сонымен қатар ОПҚ тарапынан 247 атау, 775 дана оқу-әдістемелік құрал және 38 атау электронды оқулық кітапхана қорына тапсырылды.

Білім беру бағдарламаларын оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету жұмыстары 6 факультеттің 21 кафедрасымен бірлесіп жүзеге асырылып, 53 бакалавриат, 19 магистратура және 13 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша әдебиеттермен қамтамасыз ету карталары қалыптастырылды. Бұл оқу процесін қажетті әдебиеттермен жүйелі қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Электрондық кітапхана ресурстарын дамыту бағытында «Alemlibrary» электрондық кітапханасынан 700 атау оқу әдебиеті мен оқу құралдары сатып алынып, білім алушылар мен ОПҚ-ның электрондық ресурстарға қолжетімділігі кеңейтілді. Кітапхананың электрондық басылымдар қоры 3 665 атау, 6 151 дананы құрайды.

Кітапхананың пайдаланушыларына қызмет көрсету көрсеткіштері де жоспарлы деңгейде орындалды. Есепті кезеңде оқырмандар саны 7 612 адамды, келушілер саны 56 557 адамды, кітап берілуі 67 523 дананы құрады. Электронды және ғылыми оқу залдарында Wi-Fi арқылы Интернетке қолжетімділік қамтамасыз етілген.

Кітапхана қорын басқару және қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында RFID технологиясы енгізілді. Қазіргі уақытта RFID жүйесіне 12 716 атау, 197 071 дана кітап енгізіліп, 56 951 дана кітапқа RFID-метка жапсырылды. Бұл кітап қорының сақталуын, қозғалысын бақылауды және оқырмандарға өзіне-өзі қызмет көрсету мүмкіндігін жетілдіруге жағдай жасады.

Кітапхана білім алушылардың ақпараттық және мәдени қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында 11 кітап көрмесін және 21 көпшілік іс-шараны ұйымдастырды. Сонымен қатар 2 205 библиографиялық анықтама орындалып, жаңа әдебиеттер бойынша 4 ақпараттық бюллетень әзірленді.

Жалпы алғанда, 2025–2026 оқу жылында ғылыми кітапхананың кітап қорын толықтыру, білім беру бағдарламаларын қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету, электрондық ресурстарды дамыту, оқырмандарға кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету және кітапхана қызметін цифрландыру бағыттарында оң нәтижелер қалыптасты. Кітапхана қорының тұрақты толықтырылуы, электрондық ресурстардың кеңеюі және RFID технологиясының енгізілуі университеттің білім беру және ғылыми-зерттеу қызметін ақпараттық қамтамасыз ету деңгейін арттыруға мүмкіндік берді.

Сонымен бірге алдағы кезеңде білім беру бағдарламалары бойынша қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету деңгейін одан әрі арттыру, қазақ тіліндегі және шетел тілдеріндегі заманауи ғылыми әдебиеттер қорын толықтыру, Scopus және Web of Science сияқты халықаралық ғылыми ресурстарға қолжетімділікті кеңейту, электрондық кітапхана қорын ұлғайту және RFID жүйесіне кітап қорының қалған бөлігін толық енгізу жұмыстары жалғастырылуы қажет.

### 9.5. ҰСЫНЫСТАР:

- Кітапхананың жұмыс уақытын кеңейту. БСҚТА сыртқы сарапшыларының мамандандырылған аккредиттеу қорытындысы бойынша берілген ұсынымдарды іске асыру және анықталған ескертулерді жою мақсатында білім алушылардың кітапхана ресурстарына тәулік бойы қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін кітапхананың жұмыс уақытын 24/7 режиміне кезең-кезеңімен көшіру мүмкіндігін қарастыру.
- Кітап қорын сақтау инфрақұрылымын кеңейту. Кітап қорының жыл сайынғы өсуіне байланысты кітаптарды сақтау және орналастыру үшін қосымша үй-жай бөлу, сондай-ақ кітап қорын жүйелі әрі қауіпсіз орналастыруға арналған заманауи стеллаждар мен сақтау жабдықтарын сатып алуды қарастыру.
- Кітапханашылардың кәсіби біліктілігін арттыру. Кітапхана қызметкерлерінің кәсіби құзыреттерін тұрақты дамыту мақсатында оларды біліктілікті арттыру курстарына,

республикалық және халықаралық конференцияларға, семинарларға, тренингтерге және тәжірибе алмасу іс-шараларына жүйелі түрде қатыстыру.

- Кітапхананың кадрлық әлеуетін күшейту. Кітапхана жұмысының көлемі мен өндірістік қажеттіліктерін ескере отырып, басқару және ұйымдастыру қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында кітапхана басшысының орынбасары лауазымын енгізу және тиісті маманды жұмысқа қабылдау мүмкіндігін қарастыру.
- Білім беру бағдарламаларын әдебиеттермен қамтамасыз етуді жетілдіру. ББ пәндері бойынша негізгі және қосымша оқу әдебиеттерінің өзектілігіне жыл сайын талдау жүргізіп, оқу жоспарларындағы өзгерістерге сәйкес жаңа басылымдармен толықтыруды жүйелі түрде жүзеге асыру.
- Халықаралық және ұлттық ғылыми дерекқорларға қолжетімділікті кеңейту. ОПҚ, білім алушылар, магистранттар мен докоранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қажетті халықаралық және отандық ғылыми ақпараттық ресурстарға қолжетімділігін кеңейту.
- ОПҚ мен білім алушылардың ғылыми-ақпараттық сауаттылығын арттыру. Ғылыми ақпаратты іздеу, электрондық каталогтар мен халықаралық дерекқорларды пайдалану, библиографиялық ақпаратпен жұмыс істеу және ғылыми жарияланымдарды іздеу бойынша практикалық семинарлар ұйымдастыру.
- Кітапхананың сыртқы және ішкі серіктестігін дамыту. Қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарының кітапханаларымен тәжірибе алмасуды, бірлескен жобаларды және кітапханааралық ынтымақтастықты дамыту.

**9.6. SWOT- талдау**

| **Strengths ( күшті жақтары)** | **Weaknesses (әлсіз жақтары)** |
|---|---|
| 1. Электрондық ресурстардың дамуы, оның ішінде «Alemlibrary» электрондық кітапханасының 700 атауы және кітапхананың электрондық басылымдар қорының қалыптасуы.<br>2. Web.ИРБИС электрондық каталогінің жұмыс істеуі және кітапхана ресурстарына онлайн қолжетімділіктің болуы.<br>3. Кітапхана қызметінің цифрландырылуы және RFID технологиясының енгізілуі.<br>4. ОПҚ еңбектерінің кітапхана қорын толықтыруға тұрақты енгізілуі: оқу-әдістемелік құралдар мен электрондық оқулықтардың кітапханаға тапсырылуы.<br>5. Библиографиялық және ақпараттық қызметтердің қалыптасқан жүйесі.<br>6. Кітапхана жұмысының әлеуметтік желілерде тұрақты жарияланып, ақпараттық ашықтықтың қамтамасыз етілуі. | 1. Кітап қорының ұлғаюына байланысты кітап сақтау орындарының және стеллаждардың жеткіліксіздігі.<br>2. Кітапхананың өндірістік қажеттіліктерін ескере отырып, басшының орынбасары лауазымының болмауы.<br>3. Заманауи шетелдік ғылыми әдебиеттер мен халықаралық электрондық ресурстарды толықтыру қажеттілігі.<br>4. Кітапхана қорындағы мазмұны ескірген және оқу процесінде сұранысы төмен әдебиеттерді жүйелі жаңарту қажеттілігі.<br>5. Кітапхана қызметкерлерінің цифрлық технологиялар мен заманауи кітапханалық сервистер бойынша біліктілігін тұрақты арттыру қажеттілігі.. |
| **Opportunities (мүмкіндіктері)** | **Threats (қауіп-қатерлер)** |
| 1. Кітапханаға RFID жүйесін енгізу арқылы оқырмандардың кітапхана қорына толық қолжетімділікті қамтамасыз ету мүмкіндігі.<br>2. Кітапханашылар кәсіби біліктілігін арттыру бойынша тәжірибе алмасуға шетелдерге іс-сапарға жіберу мүмкіндігі.<br>3. Кітапхананы 24/7 форматында ұйымдастыру арқылы білім алушылар мен ОПҚ-ның ақпараттық ресурстарға | 1. Интернет желісінде білім беру ресурстарының және ақпараттық қызметтердің басым болуы салдарынан оқырмандар санының азайуы.<br>2. Кітапханашы мамандығының беделінің төмендеуіне байланысты кітапхана мамндарының жетіспеуі.<br>3. Цифрлық технологиялардың жылдам жаңаруы кітапхананың техникалық және бағдарламалық құралдарын тұрақты |

| | |
|---|---|
| қолжетімділігін кеңейту.<br>4. Электрондық кітапхана қорын кеңейту және заманауи цифрлық кітапханалық сервистерді енгізу.<br>5. Кітапхана қорын білім беру бағдарламаларының өзгерістеріне сәйкес жыл сайын жаңарту және өзектендіру. | жаңартуды талап етеді.<br>4. Білім алушылардың дәстүрлі кітап қорын пайдалану белсенділігінің төмендеп, цифрлық ресурстарға тәуелділігінің артуы. |

## 10.САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

### 10.1. Сапа менеджменті жүйесін жақсарту жұмыстары туралы

**Даму бағдарламасының негізгі көрсеткіштерін орындау**

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған (*2025 жылғы 8 қыркүйектегі №5-05-02-17/5508-И хатымен*) жаңартылған түйінді көрсеткіштер тізімі бойынша, «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасына енгізілді.

2025 жылы аталған бағдарламаның іске асырылу барысы, оның ішінде негізгі мақсаттар мен міндеттердің орындалу деңгейі талданып, есептік деректер Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне тапсырылды.

Даму бағдарламасы университетімізді одан әрі жетілдіруді, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды және білім беру қызметі мен ғылыми зерттеулердің сапасын жаңа деңгейге көтеруді көздейді.

Даму бағдарламасы аясында 46 негізгі көрсеткіш белгіленді, оның:

42- толық орындалды, яғни 91,3%, 4 көрсеткіш орындалмады.

**Сапа менеджмент жүйесі құжаттарының (процедуралар) жаңа нұсқалары:**

| № | Құжаттың сәйкестендіру коды | Құжаттың атауы | Нұсқа, ендірілген мерзімі | әзірлеуші |
|---|---|---|---|---|
| 1. | СМЖ ОҚПУ Е 6.10-2025 | Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің оқытушы – профессорлар құрамының рецензияланатын журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау туралы ереже | №4/167, 24.09.2025, нұсқа 01 | Сансызбаев А.С. |
| 2. | СМЖ ОҚМПУ Е 6.12-2025 | Ақпараттық қауіпсіздік туралы ереже | №3, 16.10.2025, нұсқа 01 | Инкарбеков С.А., Байырбекова Л.М. |
| 3. | СМЖ ОҚПУ Е 6.13-2025 | Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ ішкі тәртіп ережесі | №3, 16.10.2025, нұсқа 01 | Мельдешева А.С., Аманкулова Б.С. |
| 4. | СМЖ ОҚПУ Е 6.14-2025 | Қызметкерлердің дербес деректерін жинау, өңдеу және қорғау туралы ереже | №3, 16.10.2025, нұсқа 01 | Мельдешева А.С., Аманкулова Б.С. |
| | СМЖ ОҚПУ Е 6.15-2025 | Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті жұмыскерлерінің жұмыс уақытын есепке алу табелі туралы ереже | №3, 16.10.2025, нұсқа 01 | Мельдешева А.С., Аманкулова Б.С. |
| 5. | СМЖ ОҚПУ Е 8.06-2025 | Оқытушы-профессорлар құрамы, кафедралар мен факультеттердің қызметін рейтингтік бағалау туралы ереже | №4, 19.12.2025, нұсқа 02 | Турлыбекова А.А. Омарова Р. |
| 6. | СМЖ ОҚПУ Е 7.10-2026 | Түлектерді жұмыспен қамту туралы ереже | №4/055. 18.03.2026 | Коразбекова К.У. Жылысбаева А.Н. |

## 10.2 ІШКІ АУДИТ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

Ішкі аудит университеттің барлық негізгі процесстің қызметін бағалаудың маңызды құралы болып табылады. Мұқият және объективті жүргізілген ішкі тексерулер университеттің тиімді және сапалы жұмыс істеуі үшін қажетті ақпаратты береді.

Ішкі аудит Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ Басқарма төрағасы - Ректордың 2025 жылдың 05-қыркүйектің №4/141 «Ішкі аудиторлар құрамын құру туралы» бұйрығы бойынша Ішкі аудиторлар құрамы бекітілді. ОҚПУ-тің 2025-2026 оқу жылына арналған ішкі аудит өткізу кестесіне сәйкес өткізілді.

**Аудиттің мақсаты:** жұмыс істеу нәтижелілігін бағалау және сапа менеджменті жүйесін жақсарту мүмкіндіктері мен жолдарын анықтау.

Ішкі аудиттің кестесінде жоспарланған факультеттер, кафедралар және құрылымдық бөлімдер ішкі аудиттен өтеді.

Аудиторлық топтар тексерілген құрылымдық бөлімдердің іс-номенклатурасына сәйкес ішкі аудит бойынша анықтамалар мен есептер дайындады. Ішкі аудит барысында елеусіз сәйкессіздік анықталып, барлық сәйкессіздіктер бойынша түзету іс-әрекеттері орындалып, растайтын құжаттар стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөліміне өткізіледі.

**Аудит критерийлері:** өмірлік циклдің барлық процестерін жоспарлау және орындау (Оқу, оқу-әдістемелік, тәрбиелік, ғылыми-зерттеу), процестердің сапасын бақылау, дипломдық жұмыстардың (жобалардың) сапасын тексеру, ОПҚ біліктілігін арттыру, студенттердің білімін бағалау және берешектерді жою, өндірістік практика және түлектерді жұмысқа орналастыру, оқу зертханалары, сабақтарды өткізу сапасын тексеру, тәрбие процесінің кураторлық сағаттары мен іс-шараларын өткізу сапасын тексеру.

**30.10.2025ж, №29-өкімімен** (Өнер және білім факультеті: *Музыкалық білім кафедрасы, Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы, Мектепке дейінгі және арнайы педагогика кафедрасы;* Жаратылыстану факультеті: *биология кафедрасы, география кафедрасы, химия кафедрасы;* Филология кафедрасы: *Қазақ тілі мен әдебиет кафедрасы, Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы, Ағылшын тілі кафедрасы, Шетел тілдері кафедрасы;* Тарих және педагогика факультеті: *Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасы, Педагогика кафедрасы, Психология кафедрасы, Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасы, Әлем тарихы және дінтану кафедрасы)* және **09.02.2026ж., №02-өкімімен** (Физика-математика факультеті: *Математика кафедрасы, Физика кафедрасы, Информатика кафедрасы;* Дене шынықтыру және спорт факультеті: *Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасы, Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру кафедрасы.)*) Ішкі аудиттің кестесінде жоспарланған **6- факультет, 21-кафедралар** ішкі аудиттен өтті.

**Сәйкессіздіктерді, түзетуші әрекеттерді жүзеге асыруды талдау**

| № | Факультет, кафедралар атауы | Бас аудитор | Кемшіліктер: | Ұсыныстар |
|---|---|---|---|---|
| | **Өнер және білім факультеті** | | | |
| 1 | **Музыкалық білім кафедрасында** | **Есентуреева Г.Д.** | Кафедра мәжілісінің жоспары мен хаттамаларындағы күн тәртібі арасында сәйкессіздік анықталған. | Кафедра мәжілістерінің хаттамаларын жүргізу сапасына тұрақты бақылау орнатып, анықталған сәйкессіздіктердің қайталануына жол бермеу. |
| 2 | **Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасында** | **Есентуреева Г.Д.** | Кафедра мәжілісінің хаттамасы тексеру кезінде ұсынылмады | Кафедра құжаттарының толықтығын тұрақты мониторингтен өткізіп, хаттамалар мен есептердің электрондық архивін қалыптастыру. |
| | | | 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық есеп бекітілмеген және мөр басылмаған | Кафедралардың жоспарлау және есептік құжаттарын рәсімдеу сапасын күшейтіп, барлық құжаттардың уақытылы бекітілуін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | және талапқа сай рәсімделуін қамтамасыз ету. |
| | | | Электронды оқу құралы мен онлайн курс әзірлеу жоспарда қарастырылмаған. | Барлық кафедраларда электронды оқу құралдары мен онлайн курстар әзірлеуді жылдық жоспарларға енгізу және олардың орындалуын бақылау. |
| | | | Кафедра филиалы бойынша келісімшартты жаңарту қажет | Кафедра филиалдары бойынша келісімшарттарды жаңарту және филиалдары жоқ кафедралар үшін жаңа филиалдар ашу жұмыстарын жеделдету. |
| | | | 6В02101 – «Дизайн» білім беру бағдарламасы бойынша мамандыққа сәйкес жұмысқа орналасу көрсеткіші 57% болып, нормативтік талаптан (60%) төмен. | «Дизайн» білім беру бағдарламасы түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткішін арттыру мақсатында жұмыс берушілермен байланыстарды күшейтіп, дуальды оқыту мен өндірістік тәжірибе базаларын кеңейту. |
| | | | Патенттер, авторлық құқықтар және зияткерлік меншік объектілерін тіркеу көрсеткіштері жеткіліксіз. | Авторлық құқық, патент және зияткерлік меншік объектілерін тіркеу бойынша оқытушыларға әдістемелік қолдау көрсету |
| | | | Гранттық қаржыландыру жобалары қарастырылмаған | ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысатын ғылыми жобалар санын арттыру және кафедралардың ғылыми белсенділігін күшейту. |
| **3** | **Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы кафедрасы** | **Есентуреева Г.Д.** | Кафедра мәжілісінің жоспары бекітілмеген және мөр басылмаған | Кафедра мәжілістерінің хаттамаларын жүргізу сапасына тұрақты бақылау орнатып, анықталған сәйкессіздіктердің қайталануына жол бермеу. |
| | | | Кафедра филиалын құру туралы келісімшарт жасалмаған. | Кафедра филиалдары бойынша келісімшарттарды жаңарту және филиалдары жоқ кафедралар үшін жаңа филиалдар ашу жұмыстарын жеделдету. |
| | | | гранттық қаржыландыру жобалары қарастырылмаған. | Оқытушылардың гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысу белсенділігін арттыру және ғылыми жобалар санын көбейту бойынша жұмыстар жүргізу. |
| | **Жаратылыстану факультеті** | | | |
| **4** | Деканат | Қуанышбаева З.Б. | Жаппай ашық онлайн курстардың (ЖАОК) саны жеткіліксіз және оларды әзірлеу жұмыстарын жүйелеу қажет. | Әрбір білім беру бағдарламасы бойынша жаппай ашық онлайн курстарды әзірлеу және оқу-әдістемелік кешендерді толықтыру жұмыстарын күшейту. |
| | | | | Білім алушылардың әлеуметтік мәртебесіне қатысты құжаттарды Platonus ақпараттық жүйесіне толық енгізуді қамтамасыз ету. |
| | | | | Студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін дамыту мақсатында ғылыми үйірмелер жұмысының тиімділігін арттырып, ғылыми жобалар мен конференцияларға қатысу белсенділігін көтеру. |
| **5** | Биология, география, химия | Қуанышбаева З.Б. | Халықаралық ғылыми жобалар, бірлескен және қосдипломды бағдарламалар бойынша келісімшарттар жоқ | Халықаралық ғылыми жобаларға қатысу, ТОП-700 рейтингіндегі жоғары оқу орындарымен бірлескен және қосдипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | бойынша нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеу. |
| | | | ERASMUS+, HORIZON, гранттық қаржыландыру, стартап жобалары қарастырылмаған | Ғылыми гранттар, халықаралық жобалар және стартап-жобалар конкурстарына қатысу белсенділігін арттыру. |
| | | | Патенттер, авторлық құқықтар және зияткерлік меншік объектілері бойынша жұмыстар қарастырылмаған | Патенттерді, авторлық құқық объектілерін және зияткерлік меншік нәтижелерін тіркеу жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру. |
| | | | Университеттің стратегиялық жоспарына сәйкес жұмысқа орналастыру көрсеткішін арттыру үшін жұмыссыз түлектермен жұмысты күшейту қажет | Бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру көрсеткіштерін арттыру мақсатында жұмыс берушілермен байланыстарды нығайтып, жұмыссыз түлектермен жүйелі жұмыс жүргізу. |
| **6** | Биология | Қуанышбаева З.Б. | БОӨЖ өткізу кестесі бекітілгенімен, бекіту мерзімі көрсетілмеген. | Оқу -әдістемелік құжаттарын рәсімдеу кезінде барлық құжаттардың бекіту мерзімдерін толық әрі нақты көрсетуді қамтамасыз ету. |
| | | | Дуальды оқытуды кафедра филиалдарының базасында ұйымдастыру жұмыстары жеткілікті деңгейде жолға қойылмаған. | География және Биология кафедраларында дуальды оқытуды кафедра филиалдарының базасында ұйымдастыру жұмыстарын жетілдіру. |
| | География | | Дуальды оқытуды кафедра филиалдарының базасында ұйымдастыру жұмыстары жеткілікті деңгейде жолға қойылмаған. | |
| | | | ғылыми әлеуеті мен ғылыми дәрежелі оқытушылар үлесін арттыру қажеттілігі бар. | ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында ғылыми дәрежесі бар мамандарды тарту және ғылыми кадрларды даярлау жұмыстарын күшейту. |
| | **Филология факультеті** | | | |
| **7** | **Деканат және барлық кафедралар** | Халикова Г.С. | Факультет бойынша халықаралық ғылыми жобалардың саны шектеулі, қазіргі таңда негізінен бір ғана Erasmus+ жобасы жүзеге асырылуда | 1)Халықаралық ғылыми жобаларға қатысу белсенділігін күшейтіп, халықаралық гранттар санын көбейту.<br>2)Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыру, патенттеу және халықаралық рейтингтік журналдарда жариялау көрсеткіштерін арттыру бойынша жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру. |
| | | | ОҚ-тың сыртқы шығыс академиялық ұтқырлығы төмен деңгейде, тек бір оқытушының академиялық сапары тіркелген. | 1)ОПҚ-тың халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуын кеңейтіп, шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты нығайту.<br>2) Халықаралық қос дипломды білім беру бағдарламаларының санын көбейтіп, жаңа серіктес жоғары оқу орындарын тарту жұмыстарын жалғастыру. |
| | | | Сыртқы кіріс академиялық ұтқырлық | Шетелдік студенттерді тарту бағытындағы жұмыстарды |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | бойынша шетелдік студенттерді тарту көрсеткіші төмен немесе тіркелмеген. | күшейтіп, сыртқы кіріс академиялық ұтқырлық көрсеткіштерін арттыру. |
| | | | Университеттің стратегиялық даму жоспары бойынша жұмыспен қамту көрсеткішіне қол жеткізу үшін жұмыссыз және жұмыс орны нақтыланбаған түлектермен жұмысты күшейту қажет. | Бітіруші курс студенттерімен және жұмыссыз түлектермен тұрақты мониторинг жүргізіп, жұмыспен қамту көрсеткіштерін университеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестендіру. |
| **8** | **Аударма ісі және шетел тілдері кафедрасында** | Халикова Г.С. | Ғылыми әлеует көрсеткіші 24%-ды ғана құрайды, бұл факультеттегі басқа кафедралармен салыстырғанда төмен деңгейде. | Кафедрада ғылыми дәрежесі бар оқытушылар үлесін арттыру және ғылыми кадрларды даярлау жұмыстарын күшейту. |
| | | | 6В02301 «Аударма ісі» білім беру бағдарламасы бойынша мамандық бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші 35% ғана. | Түлектердің мамандық бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіштерін арттыру мақсатында жұмыс берушілермен байланысты күшейту және дуальды оқыту мүмкіндіктерін кеңейту. |
| **9** | **Ағылшын тілі кафедрасында** | Халикова Г.С. | Ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі 33,3%-ды құрайды, кафедраның ғылыми әлеуетін арттыру қажеттілігі байқалады. | Кафедрада ғылыми дәрежесі бар оқытушылар үлесін арттыру және ғылыми кадрларды даярлау жұмыстарын күшейту. |
| | | | Халықаралық ғылыми жобалар (ERASMUS+, HORIZON) бойынша қатысу көрсеткіштері жоқ, стартап және бастамалық ғылыми жобалар жүзеге асырылмаған. | Ғылыми жобаларға (ERASMUS+, HORIZON), гранттық қаржыландыру және стартап жобаларға қатысуды арттыру бойынша нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеу. |
| | | | 6В01703 «Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші 58,86%, ал мамандық бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші небәрі 21,4% құрайды. | Түлектердің мамандық бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіштерін арттыру мақсатында жұмыс берушілермен байланысты күшейту және дуальды оқыту мүмкіндіктерін кеңейту. |
| | **Тарих және педагогика факультеті** | | | |
| **10** | Деканат және барлық кафедралар | | ҚР салалық министрлігімен бекітілген ресми тізімі бойынша Ғылыми жобалар конкурсында, конференцияларда және пәндік олимпиадаларда жүлделі орын алуға білім алушылармен жетекшілікті, халықаралық және ұлттық деңгейде жұмысты арттыру керек | 1) Білім алушылардың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатыстыру жұмыстарын күшейту.<br>2) Бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру жұмыстарын ілгерілету. |
| | | | Әр кафедра өзіндік | 1) Барлық кафедраларда жас |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары бойынша кафедрада өткізілетін ғылыми конференцияларды және семинарларды бір бірімен үйлестіру қажет. | ғалымдармен және білім алушылармен ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары бойынша жұмысты арттыру жолдары жүргізілуін қарастыру.Ғылыми жобаға қатысу шеңберін ұлғайту, шетелдік ғалымдарды тарту (коллаборация);<br>**2)** Республикалық, халықаралық жобаларға: ERASMUS+, HORIZON, ҚР ҒжБМ ҒК бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша жобаларға, ҚР ҒжБМ ҒК гранттық қаржыландыру бойынша жобаларға, Стартап жобаларға, оның ішінде бастамалық (инициативалық) жобалардың санын арттыру. |
| | | | ОПҚ ғылыми жұмыстары бойынша мәліметтер (ғылыми еңбектер тізімі) жаңартуды қажет етеді (актуализация). | 1)Ғылыми жобалар конкурсында, конференцияларда және ҚР салалық министрлігімен бекітілген ресми тізімі бойынша пәндік олимпиадаларда жүлделі орын алған білім алушылар санын көбейту.<br>2)7М01601- Тарих педагогін даярлау, 7М01901- Арнайы педагогика, 7М01301- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы магистранттарды көбейту. |
| **11** | Арнайы педагогика | | Кафедра филиалын құру қарастырылмаған | кафедра филиалын құруды қарастыру қажет. |
| | | | Кафедра бойынша ғылыми дәрежесі мен атағы бар оқытушылардың үлесі-35% | Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар үлесін арттыру және ғылыми кадрларды даярлау жұмыстарын күшейту. |
| **12** | Психология | | кафедрасы дуальды оқыту мәселелерін қарастырулары қажет | Кәсіптік практика бағдарламаларында көрсетілген педагогикалық практика бойынша пәндік-әдістемелік тапсырмаларды орындауға арналған нұсқаулықтарды алдағы уақытта дайындау.<br>Білім алушылардың практикалық дайындығын жетілдіру үшін «Психология» кафедрасы дуальды оқытуды қолға алу қажет. |
| | **Физика-математика факультеті** | | | |
| **13** | Деканат және барлық кафедралар | **Косауова А.К.** | Erasmus+ жобалары мен халықаралық гранттарды көбейту. | Республикалық, халықаралық жобалар: ERASMUS+, HORIZON, ҚР ҒжБМ ҒК бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша жобалар, ҚР ҒжБМ ҒК гранттық қаржыландыру бойынша жобалар, Стартап жобалар, оның ішінде бастамалық (инициативалық) жобаларға қатысу. |
| | | | Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік сарапшылар мен профессор-оқытушыларды шақыру төмен | ОПҚ-ның сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатыстыру жұмыстарын күшейту «Болашақ» және басқа да халықаралық бағдарламаларға қатысуды жандандыру |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | Халықаралық ғылыми жобалар мен қосдипломды бағдарламаларды іске асыру жұмыстарын күшейту |
| | | | Білім алушылардың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатыстыру төмен | Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік сарапшылар мен профессор-оқытушыларды шақыру жұмыстарын жандандыру |
| **14** | «Информатика» | | Дуальды оқыту жүзеге асырылмайды. Мектепте компьютерлік класстарда сабақтардан босамайтындықтан дуальды оқытуды іске асыру мүмкіндігі аз. | Дуальды оқытудың мүмкіндіктерін қарастырған жөн. |
| | **Дене шынықтыру және спорт факультеті** | | | |
| **15** | Деканат | Қоразбекова Қ.У. | Микроквалификация білім беру бағдарламаларын енгізу. | Еңбек нарығының сұранысына сәйкес қысқа мерзімді микроквалификация бағдарламаларын (fitness тренер, спорт нұсқаушысы, әскери-патриоттық дайындық, спорттық менеджмент және т.б.) әзірлеп, білім беру процесіне енгізу арқылы студенттердің қосымша кәсіби дағдыларын қалыптастыру және жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттыру ұсынылады. |
| | | | Халықаралық ынтымақтастықты және академиялық ұтқырлық қызметті дамыту. | ОПҚ мен студенттердің сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатыстыру жұмыстарын күшейту.<br>Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік сарапшылар мен профессор-оқытушыларды шақыру жұмыстарын жандандыру<br>- «Болашақ» және басқа да халықаралық бағдарламаларға қатысуды жандандыру.<br>Халықаралық ғылыми жобалар мен қосдипломды бағдарламаларды іске асыру жұмыстарын күшейту. |
| | | | Талапкерлерді тарту және кәсіптік бағдар беру жұмыстарын күшейту | Талапкерлерді тарту тиімділігін арттыру мақсатында 2025-2026 оқу жылының соңына дейін кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүйелі түрде күшейтіп, мақсатты мектептермен тұрақты байланыс орнату, кәсіби бағдар беру іс-шараларының ауқымын кеңейту және олардың нәтижелілігін мониторингтеу ұсынылады. |
| **15** | Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі | Қоразбекова Қ.У. | Түлектерді жұмысқа орналастырудың төмен тиімділігі. Жалпы жұмысқа орналасу деңгейі нормативтен төмен (59%), ал мамандық бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші өте төмен (19%). Жұмыссыз түлектер саны жоғары | Жұмыс берушілермен (мектептер, спорт ұйымдары) тұрақты серіктестік орнатып, мақсатты келісімшарттар жасау, дуальды оқытуды кеңейту және бітірушілерді алдын ала жұмыс орындарымен қамтамасыз ету тетіктерін енгізу қажет. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | (113 адам). | |
| | | | Ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі бакалавриат бағдарламаларында 46,78% деңгейінде қалып отыр, бұл кафедраның ғылыми әлеуетін күшейту қажеттігін көрсетеді. | Ғылыми дәрежесі мен атағы бар оқытушылардың үлесін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру, жас мамандарды ғылыми қызметке тарту. |
| **16** | Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру | Қоразбекова Қ.У. | Мамандық бойынша жұмысқа орналастырудың төмен көрсеткіші. Жалпы жұмысқа орналасу деңгейі нормативке сәйкес болғанымен (68%), мамандық бойынша жұмысқа орналасу үлесі төмен (21%), бұл білім беру бағдарламасының еңбек нарығымен байланысының әлсіздігін көрсетеді. | Жұмыс берушілермен (мектептер, спорт ұйымдары) тұрақты серіктестік орнатып, мақсатты келісімшарттар жасау, дуальды оқытуды кеңейту және бітірушілерді алдын ала жұмыс орындарымен қамтамасыз ету тетіктерін енгізу қажет. |
| | | | Ғылыми-зерттеу қызметінің төмен деңгейі. Кафедрада ғылыми жобалар шеңберінде қаржыландырылатын зерттеулер, халықаралық жобалар (ERASMUS+, HORIZON) және гранттық жобалар жоқ. | Оқытушыларды гранттық (ҚР ҒЖБМ, ERASMUS+, HORIZON) және қолданбалы ғылыми жобаларға тарту, кафедралық ғылыми бағыттар бойынша жобалар әзірлеуді жолға қою қажет. |
| | | | Материалдық-техникалық базадағы мәселелер. «Тұмар» ғимаратындағы спорт залы жылумен қамтамасыз етілмеген, қыс мезгілінде сабақ сапасына кері әсер етеді. | Құжаттарды рәсімдеу сапасын тұрақты бақылау, материалдық-техникалық базадағы кемшіліктерді (спорт залдардың жағдайы) жою қажет. |
| **17** | | | Оқытушы-профессорлар құрамындағы ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі бакалавриат деңгейінде 46,6% құрайды, бұл талап етілетін көрсеткішті толық қамтамасыз етпейтінін көрсетеді. | Ғылыми дәрежесі мен атағы бар оқытушылардың үлесін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру, жас мамандарды ғылыми қызметке тарту. |

**Сапа саласындағы мақсаты**

2025-2026 оқу жылында университеттің **сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты** және **сапа саласындағы мақсаты** әзірленіп, Ғылыми кеңесінде 28.10.2025ж № 4 хаттамада қарастырылды және бекітілді.

Университеттің **сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты** – халықаралық және ұлттық сапа стандарттарына, аккредиттеу талаптарына, білім алушылардың, жұмыс берушілердің және қоғамның үміттілектеріне сәйкес үздіксіз даму мен жетілдіруді қамтамасыз етуге бағытталған.

## 10.3. АККРЕДИТТЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

2026 жылдың 27-30 сәуір аралығында университетте Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттігі (IQAA) сыртқы сарапшылар тобының қатысуымен институционалдық және бағдарламалық аккредиттеуден өтті.

Аталған аккредиттеу нәтижесінде университетіміз институционалдық аккредиттеуден сәтті өтіп, 22 білім беру бағдарламасы 20 ББ бакалавриат, 1 ББ магистратура, 1 ББ докторантура 5 жыл мерзімге аккредиттеліп, тиісті сертификаттарға ие болды. Бұл жетістік университеттің білім беру сапасы, академиялық көрсеткіштері мен ішкі сапа менеджменті жүйесінің жоғары деңгейде екенін дәлелдейді.

IQAA сарапшылары оқу орнының стратегиялық даму бағытына, оқытушылар құрамының әлеуетіне, инфрақұрылымына және студенттерге жасалған жағдайларға жоғары баға берді.

Университет ұжымы бұл жетістікті сапалы білім мен үздіксіз жетілдіру бағытындағы бірлескен еңбектің нәтижесі деп бағалайды.

| | **ББ атауы** |
|---|---|
| 1 | 6B01102 Психология (IP) |
| 2 | 6B01202 Мектепке дейінгі білім (IP) |
| 3 | 6B01302 Бастауыш білім (IP) |
| 4 | 6B01409 Денешынықтыру және спорт (IP) |
| 5 | 6B01410 Музыкалық білім (IP) |
| 6 | 6B01514 Физика (IP) |
| 7 | 6B01517 Химия (IP) |
| 8 | 6B01518 География (IP) |
| 9 | 6B01802 Әлеуметтік педагогика (IP) |
| 10 | 6B01519 Химия-Биология |
| 11 | 6B01523 География-Тарих |
| 12 | 6B01604 Тарих-Дінтану |
| 13 | 6B05101 Биология |
| 14 | 6B01520 Математика-Физика |
| 15 | 6B02101 Дизайн |
| 16 | 6B02301 Аударма ісі |
| 17 | 6B02302 Филология |
| 18 | 7M01401 Бастапқы әскери дайындық педагогін даярлау |
| 19 | 8D01703 Шетел тілі: екі шет тілі педагогын даярлау |
| 20 | 6B01508 Математика-Физика мұғалімін даярлау |
| 21 | 6B01507 Химия-Биология мұғалімін даярлау |
| 22 | 6B01511 География-Тарих мұғалімін даярлау |

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ "Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі" мемлекеттік емес мекемесімен (БСҚТА) институционалдық аккредитациясы, бакалавр 20 ББ, магистратураның 1 ББ, докторантураның 1 ББ бойынша постаккредитациялық мониторинг жүргізілді.

**ҰЛТТЫҚ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГТЕР**

Білім беру сапасын қамтамасыз ету тәуелсіз агенттігінің **(НАОКО)** Бас институционалдық рейтингі – IQAA-Ranking рейтингінде педагогикалық университеттер арасынан 1-орынға ие болды.

Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттігі (IQAA) **«Қазақстанның жетекші педагогикалық жоғары оқу орындарының 2026 жылғы ұлттық рейтингі»** нәтижесінде Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті педагогикалық жоғары оқу орындары арасында 1-орынды иеленді. Аталған рейтинг еліміздің педагогикалық жоғары оқу орындарының академиялық көрсеткіштері, ғылыми-зерттеу жұмыстары, интернационалдандыру деңгейі және жұмыс берушілер арасындағы беделі сияқты бірқатар маңызды критерийлер бойынша жүргізілді.

Бұл жетістік – университет ұжымының сапалы білім беру, ғылыми-зерттеу мен халықаралық әріптестікті дамыту бағытында жүргізген жүйелі жұмысының нәтижесі.

### 10.4. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ОПҚ-ның KPI ЖҮЙЕСІ

Аккредитация және мониторинг бөлімі 2026 жылдың маусым айында ОҚПУ профессор-оқытушыларының 2025-2026 оқу жылындағы индикативтік көрсеткіштердің орындалуы және оқытушы-профессорлар құрамы, кафедралар мен факультеттер рейтингісінің қорытындылары анықталды. Жалпы саны 374 ОПҚ-ның 304 ОПҚ еңбектерін енгізіп, 70 ОПҚ ендірмеген.

Ғылыми кеңеске ақпарат, баяндама және есептер әзірленді. Рейтингі жоғары алғашқы 10 оқытушы-профессорлар анықталып, 1, 2 және 3-орындарды иеленген факультет декандары мен кафедра меңгерушілерін, алғашқы 10 оқытушы-профессорлары алғыс хатпен марапатталды және дайындалған рейтинг нәтижесі бойынша 43 оқытушы-профессорлардың 2025-2026 оқу жылының жалақыларына қосымша (санатына байланысты) үстеме жалақы қосылды.

2025-2026 оқу жылына оқытушы-профессорлардан «Оқытушы-профессорлар құрамының индикативтік жоспарының (KPI жүйесі)» 2026 жылдың қыркүйек айында комиссияға 22 ұсыныс түсіп қаралды, 16 ұсыныс мақұлданып көрсеткіштерге қосылды. «Оқытушы-профессорлар құрамының индикативтік жоспарының (KPI жүйесі)» жаңа Ережесінің қазақ және орыс тілдерінде үлгілері дайындалып, 117 көрсеткіштері қазақ және орыс тілдерінде ААЖ-ға енгізілді. KPI жүйесінің жаңа версиясы https://okmpu.edu.kz сайтына 2026 жылының қаңтар айында енгізілді.

«Оқытушы-профессорлар құрамының KPI» көрсеткіштері үш бағытта анықталады: академиялық-23 түрлі көрсеткіштер; ғылыми-61 түрлі көрсеткіштер; тәрбие және жастар саясаты-23 түрлі көрсеткіштер.

«Кафедра меңгерушілерінің жұмысын бағалайтын KPI» көрсеткіштері-10.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің оқытушы-профессорлар құрамы, кафедралар мен факультеттердің қызметін бағалау туралы» ережесінің 6.2.7 тармағына сәйкес 2025-2026 оқу жылына арналған «Оқытушы-профессорлар құрамының индикативтік жоспарының (KPI жүйесі)» орындалуына мониторинг жүргізу барысында туындайтын даулы мәселелерге байланысты және жалпы рейтингті қорытындылауға, сонымен бірге 2025-2026 оқу жылының «Оқытушы-профессорлар құрамының индикативтік жоспарына (KPI жүйесі)» өзгерістерді енгізу үшін ішкі рейтинг жұмыс комиссиясы құрылу үшін Басқарма төрағасы-ректордың атына қызметтік хат дайындалды.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің оқытушы-профессорлар құрамы, кафедралар мен факультеттердің қызметін бағалау туралы» ережесінің 6.2.8 тармағына сәйкес 2025-2026 оқу жылына арналған «Оқытушы-профессорлар құрамының индикативтік жоспарының (KPI жүйесі)» көрсеткіштерін 2025-2026 оқу жылы. аралығында тексеру және растау үшін жұмыс тобын құру үшін Басқарма төрағасы-ректордың у.м.а. атына қызметтік хат дайындалды. «Оқытушы-профессорлар құрамының индикативтік жоспарының» (KPI жүйесі) жұмыс жасау кестесі құрылып, оқытушы-профессорлар құрамына, кафедралар меңгерушілері мен факультеттердің деканларына хабарланды:

1. KPI жүйесіне Оқытушы-профессорлар құрамы еңбектерін енгізу – 2025-2026 оқу жылы аралығында.
2. Растаушылардың бағалау мерзімі-2025-2026 оқу жылы аралығында.
3. Шағымдарды қарастыру мерзімі–01.08-05.08. 2025 ж.
4. Қорытынды есеп – 06.08.2025 ж.




### 10.5. МОНИТОРИНГ

Университеттің білім беру үдерісінде сыртқы тұтынушылар, ОПҚ мен студенттердің ЖОО-да оқыту сапасына қанағаттануына бағалаулар жүргізілді.

2025-2026 оқу жылында 25.11.2025-24.12.2025 аралығында **"Оқытушы студенттердің көзімен" сауалнамасын** талдау атты «Platonus» жүйесінде электронды сауалнамасы өткізілді.

Сауалнамаға жалпы университет бойынша 6024 білім алушы қатысты бұл 77% құрады. Оқытушылардың жалпы қанағаттану деңгейі жоғары-барлық критерийлер бойынша орташа баға 4,53 құрайды.

Ең жоғары бағаларды мектепке дейінгі және арнайы педагогика кафедрасы(4,74) және спорт факультетінің (4,8) оқытушылары алды, бұл олардың жоғары кәсіби дайындығы мен студенттермен өзара әрекеттесу тиімділігін көрсетеді.

**Мақсаты:** Оқу процесін басқару үшін ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасына тұтынушылардың қанағаттану деңгейін өлшеу.

Білім алушыларға электронды сауалнамада 9 сұрақ қойылып, нәтижесі көрсетілген. Сауалнаманың негізгі сұрақтары 5 балдық өлшем бойынша бағаланды.

Факультеттер бойынша жалпы балл

| Факультет | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | Орташа балл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Физика-математика | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,5 | 4,54 |
| Дене шынықтыру және спорт | 4,7 | 4,7 | 4,7 | 4,7 | 4,7 | 4,7 | 4,7 | 4,7 | 4,4 | 4,73 |
| Өнер және білім беру | 4,4 | 4,5 | 4,5 | 4,6 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,6 | 4,3 | 4,54 |
| Тарих және педагогика | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,3 | 4,56 |
| Жаратылыстану | 4,7 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | 4,5 | 4,56 |
| Филологиялық | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,4 | 4,5 | 4,5 | 4,4 | 4,50 |
| Жалпы көрсеткіш | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,5 | 4,3 | 4,53 |

*Зерттеу нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсыныстар:*

Филология факультеті ең төменгі жалпы көрсеткішке ие (4,50), бұл оқыту әдістемесін жетілдіру немесе оқушылармен өзара әрекеттесуді жақсарту қажеттілігін көрсетуі мүмкін. Оқытушылар пәнді меңгергені және ұқыптылығы үшін ең жоғары баға алды (4,7).Бұл тәжірибеге бағытталған оқытуды күшейту қажеттілігін көрсетеді.

Ұсыныстар: практикалық сабақтардың тиімділігін және болашақ мамандықпен байланысын арттыру. Материалдың қолжетімділігін жақсарту үшін заманауи оқыту технологияларын енгізу. Оқушылармен, әсіресе филология факультетінде жеке жұмысқа назар аудару.

Университет факультеттерінің оқу жылының орташа балдары салыстырмалы түрде көрсетілген. Салыстырмалы талдаудың нәтижесінде факультеттердің орташа балдары өткен жылға қарағанда төмендеген.

Декандар мен кафедра меңгерушілері ОПҚ жұмысын студенттердің бағалауының негізгі көрсеткіштеріне назар аударсын.

Кафедра меңгерушілері кафедра отырыстарында "Оқытушы студенттер көзімен" социологиялық сауалнамасы бойынша мәліметтерді талқылайды. Талқылау қорытындылары бойынша кафедралардың шешімдері 2026 жылғы ақпандағы кафедра отырысының хаттамаларында көрсетілсін.




**"Студенттердің ЖОО-дағы білім беру процесіне қызмет ету сапасына қанағаттануы" сауалнамасы**

Мамандықтар бойынша жалпы деректер студенттердің қолдау көрсетуге қанағаттануының және ЖОО-да жеке тұлғаны дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдай жасаудың оң динамикасын көрсетеді: ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етілуін, топ кураторымен өзара қарым-қатынасты, сабақтан тыс іс-шаралардың тиімділігін, СӨС-ке ықпал ететін жағдайларды, деканаттардың студенттермен, ЦОС-пен студенттермен жұмысын бағалауды, педагогикалық студенттерді әлеуметтік қолдау нысандары туралы ақпараттандырудың тиімділігі, Студенттік топтардың моральдық-психологиялық ахуалын бағалау – барлық көрсеткіштер бойынша 5 балдық шкала бойынша 4,7 балдан жоғары.

Зерттеу құралдарының сипаттамасы: университет Platonus жүйесінде электрондық форматындағы студенттердің жауаптарының жеке формасы Жалпы талдау: Ең жоғары қанағаттану: Университеттегі қоғамдық және мәдени өмірдің жалпы сапасын (83%) — бұл ең жоғары көрсеткіш, бұл студенттердің қанағаттанушылығының жақсы деңгейін көрсетеді. Университеттегі офис-регистраторларының жұмысына (77%) — бұл өте жоғары нәтиже, бұл офис регистраторларының жұмысы білім алушылардың сұранысын негізінен қанағаттандыратынын көрсетеді,. Жақсартуға арналған аймақтар: Интернетке қол жетімділік және компьютерлердің болуы (76,1%) —бұл компьютерлер мен интернетке қолжетімділік білім алушылардың қажеттіліктерін негізінен қанағаттандыратынын көрсетеді. Асханалардағы тамақтану сапасы (74%) — сауалнама нәтижелері университет асханасының жұмысы білім алушылардың сұранысын негізінен қанағаттандыратынын көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, университеттің әртүрлі қызметтері мен инфрақұрылымдары бойынша білім алушылардың қанағаттану деңгейі жоғары болып отыр. Басым көпшілігі кітапхана ресурстарына, деканат және офис-регистраторлардың қызметіне, медициналық бөлімшеге, білім алушыларға қызмет көрсету орталығына, университет асханаларына, жастар саясаты бөліміне, спорттық және шығармашылық үйірмелерге, компьютерлер мен интернетке қолжетімділікке, оқу ғимараттары мен ғылыми зертханаларға оң баға берген.

Атап айтқанда, толық қанағаттануды көрсеткен респонденттердің үлесі 71%– 83% аралығында болып, білім алушылардың университет қызметтерінен негізінен қанағаттанатынын айқын көрсетеді. «Кейде қанағаттандырады» деп жауап бергендер шамамен 13–23%, ал қанағаттанбайтындар мен жауап беруге қиналатындардың үлесі әр қызмет бойынша 1–5 % аралығында, бұл жалпы қызмет сапасының тұрақты екенін білдіреді.

*Ұсыныстар:* инфрақұрылым және ақпараттық қолжетімділік салаларында қосымша жақсарту шараларын енгізу арқылы білім алушылардың қанағаттану деңгейін одан әрі арттыруға болады

**"Білім алушының оқу нәтижелеріне қанағаттануы"сауалнамасы**

Әлеуметтік сауалнама қорытындылары бойынша есеп "ЖОО-ның 3,4 курс білім алушыларын білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін бағалау" Сауалнаманың мақсаты мен міндеттері: 3, 4 курс студенттерінің білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелеріне қанағаттануын, мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға дайындығын талдау. Талдаудың негізгі бірліктері: Сауалнама үлгісі: 1247 толтырылған сауалнама.

Мамандықтар бойынша жалпы деректер ЖОО-ның 3,4 курс студенттерінің білім беру бағдарламаларына оқыту нәтижелеріне қанағаттануының оң динамикасын көрсетеді: элективті пәндер бойынша алған білімдерінің сапасы, мамандық пәндері (таңдау бойынша) бойынша алған білімдерінің жаңалығы мен өзектілігі, мамандық бойынша алған теориялық білімдерінің көлемі, мамандық бойынша практикалық іскерліктер мен кәсіптік дағдылар, тізбеге сәйкестігі және кафедра ұсынатын таңдау пәндерін оқыту сапасы, қазіргі заманғы еңбек нарығының сұраныстары, кафедра ұсынатын элективті пәндер мазмұнының (таңдау бойынша) еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігі – барлық көрсеткіштер бойынша 5 балдық шкала бойынша 4,7 балдан жоғары. ЖОО-ның 3,4 курс студенттерінің білім беру бағдарламаларына жалпы университет бойынша оқу нәтижелеріне қанағаттануының жалпы орташа балы-4,77 балл (95,4%). ОҚМПУ бойынша факультеттердің негізгі рейтингі білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелерінің 4 курс студенттерінің қанағаттануы: Жаратылыстану ғылымдары-4,85 Филологиялық-4,85 Дене шынықтыру және спорт-4,80 Өнер және білім беру – 4,78 Физика-математика – 4,70 Тарих және педагогика– 4,68.

ЖОО-да білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелері бойынша респонденттер бөлетін қанағаттанудың негізгі көрсеткіштері: Мамандық бойынша алынған теориялық білім көлеміне қанағаттану – 4,80 балл Кафедра ұсынатын элективті пәндер мазмұнының (таңдау бойынша) еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігі-4,80 балл Мамандықтың элективті пәндері бойынша алған білімдерінің жаңалығы мен өзектілігі (таңдау бойынша) – 4,79 балл Элективті ( таңдау бойынша) пәндерді оқыту сапасы-4,78 балл Кафедра ұсынатын таңдау бойынша пәндерді оқыту тізбесі мен сапасының қазіргі еңбек нарығының сұраныстарына сәйкестігі - 4,78 балл Мамандығы бойынша практикалық дағдылар мен кәсіби дағдыларға қанағаттану - 4,77 балл. Элективті пәндер бойынша алынған білім сапасы (таңдау бойынша) – 4,75 балл Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін мамандық бойынша жұмыс істеуге дайындық-4,73 балл.

*Социологиялық зерттеу қорытындылары мен ұсынымдары:* ЖОО-да білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелері бойынша 3,4 курс студенттері 5 балдық шкала бойынша 4,7 балдан жоғары бөлетін қанағаттанудың негізгі көрсеткіштері.

ЖОО кафедраларына білім беру бағдарламаларының мазмұнын сапа мен жаңашылдық бағытына қайта қарау ұсынылады.

Практикалық дағдылар мен дағдылар ЖОО білім алушыларының мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға дайындығын анықтайды, сондықтан өндірістік практика бағдарламасын дуальды оқыту элементтерін оқу процесіне тереңдету керек.

**«Білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа көзқарасы»**

**Зерттеу мақсаты:** білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру; Оқу-білім беру үдерісінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, болдырмау.

**Зерттеудің объектісі:** 1-4 курс білім алушылары және магистранттар мен докторанттар. 6824 респондент.

**Сауалнама технологиясы:** «гугл тест» жүйесі негізінде жүргізілді.

**Сауалнама құрылымы:** 9 сұрақтан тұрады.

**Сауалнама түрі**: жабық сұрақты (дайын жауап нұсқаларымен), анонимді.

Білім алушылардың сыбайлас жемқорлық жайлы ойын білу мақсатында *«Университетте өзіңіз жеке сыбайлас жемқорлық фактілеріне тап болдыңыз ба?»* деген сұраққа 6825 респондент жауап берді. Зерттеу нәтижелері бойынша жауап берушілердің басым көпшілігі – 96,6% – университетте сыбайлас жемқорлық фактілеріне кездеспегенін атап өтті. Ал респонденттердің өте аз бөлігі ғана, шамамен 3,2%, мұндай жағдайларға тап болғанын көрсетті.

*«Басқа студенттерден сыбайлас жемқорлық фактілері туралы естідіңіз бе?»* деген сұраққа алынған жауаптарды талдау барысында респонденттердің басым көпшілігі, атап айтқанда 89,3%-ы (5613 адам) мұндай жағдайлар туралы естімегенін білдірді. Дегенмен, қатысушылардың 10,7%-ы (672 адам) басқа студенттерден мұндай фактілер туралы естігендерін атап өткен. Бұл көрсеткіш ақпараттық түсіндіру жұмыстарын әрі қарай күшейту қажеттігін нұсқайды.

«*Сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтаған жағдайда қайда жүгіну керектігін білесіз бе?»* деген сұраққа қатысушылардың 80,5%-ы оң («Иә») жауап берді. Бұл студенттердің тиісті органдар мен ішкі қызметтер туралы хабардарлық деңгейінің жоғары екенін кәрсетеді. Дегенмен, респонденттердің 19,5%-ы әлі де мұндай жағдайдағы іс-қимыл алгоритмін білмейтінін көрсетті.

*«Университеттің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарының тиімділігін қалай бағалайсыз?»* деген сұраққа университеттің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарының тиімділігін бағалау бойынша қатысушылардың басым бөлігі оң пікір білдірген. Жалпы жауап берушілердің 63,8% жоғары деңгейде тиімді деп бағаласа, 29,3% орташа деңгейде бағалаған. Ал қалғаны төмен деңгейде деп көрсеткен.

*«Егер сыбайлас жемқорлық фактісіне тап болсаңыз, оны хабарладыңыз ба?»* деген сұраққа университеттегі сыбайлас жемқорлық фактілеріне қатысты қатысушылардың тәжірибесі әртүрлі болып шықты. Қатысушылардың 79,9% “болған жоқ” деп жауап берсе, 11,4% шын мәнінде сыбайлас жемқорлық фактісіне тап болып, хабарлағанын (“Иә”) көрсетті. Ал қалған қатысушылар хабарламағанын немесе хабарлауға қорыққанын атап өтті.

*«Егер хабарламаған борлсаңыз себебі неде?»* Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, университетте сыбайлас жемқорлық фактілерін хабарламаған қатысушылардың себептері әртүрлі болып шықты. Қатысушылардың 8,6% сенімсіздік, 9,6% қорқыныш себептерін атап көрсеткен. Басқа себеп деген жауапты 76% қатысушы атаған.

*«Университеттегі пара немесе сыйлық талап етілген жағдайлар туралы естідіңіз бе?»* деген кезекті сұраққа білім алушылардың пікірі келесідей болды: 6% “Иә, естідім” деп жауап берсе, 76,8% “Жоқ, естімедім” деп жауап берген. Ал 17,1% қатысушы “Естігенмін, бірақ нақты білмеймін” деп көрсеткен.

*«Егер сізден немесе танысыңыздан сыйлық не ақша сұралған болса, бұл қай жағдайға байланысты болар еді?»* деген сұраққа респонденттердің 18% жауап берген “Емтихан немесе баға қою” жағдайында сыйлық немесе ақша сұралған. Ал Жатақхана мәселесі бойынша – 2,2%, Құжат рәсімдеу бойынша – 2% қатысушы таңдаған. “Басқа

себептерді” (мысалы, қосымша қызметтер, материалдық қолдау немесе жеке мүдде) – 77,8% қатысушы көрсеткен.

*«Университетте сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпаратты жасырмай, қауіпсіз түрде хабарлауға мүмкіндік бар деп ойлайсыз ба?»* деген сұраққа білім алушылардың 60% “Иә” деп жауап берген, яғни олар хабарлау жүйесінің сенімді және қауіпсіз деп есептейді. 11% қатысушы “Жоқ” деп көрсеткен, яғни хабарлау мүмкіндігі жеткіліксіз немесе сенімсіз деп санайды. Ал 29% қатысушы “Білмеймін” деп жауап берген, бұл университеттің хабарлау жүйесі туралы ақпараттың жеткіліксіздігін немесе хабарлауға сенімсіздікті білдіреді.

Университеттегі сыбайлас жемқорлықты төмендететін факторлардың маңыздылығын респонденттер келесідей көрсеткен:




**Зерттеу нәтижелері бойынша ұсыныстар:**

Жүргізілген сауалнама нәтижелері университетте сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмен екенін және академиялық адалдық қағидаттарының басым екенін көрсетеді. Респонденттердің 96,6%-ы сыбайлас жемқорлық фактілеріне жеке өзі тап болмағанын, ал 89,3%-ы басқа студенттерден де мұндай жағдайлар туралы естімегенін көрсетті. Бұл деректер университетте академиялық адалдық пен ашықтық мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптасқанын дәлелдейді. Бұл оқу орнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасқанын және алдын алу шараларының белгілі бір деңгейде тиімді екенін айғақтайды. Сонымен қатар студенттердің көпшілігі сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда қайда жүгіну керектігін білетінін көрсеткенімен, белгілі бір бөлігінің бұл мәселеде әлі де толық хабардар еместігі байқалады. Университеттің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары жалпы оң бағаланғанымен, кейбір қатысушылар тарапынан орташа немесе төмен баға беруі аталған бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Сауалнама деректері сыбайлас жемқорлық фактілерін хабарламаудың негізгі себептері ретінде сенімсіздік пен қорқыныш факторларын, сондай-ақ өзге де себептерді көрсеткенін аңғартады. Бұл жағдай студенттер арасында сенім деңгейін арттыру, анонимді әрі қауіпсіз хабарлау тетіктері туралы ақпараттандыруды күшейту қажеттігін дәлелдейді. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың оң әсерін көрсеткенімен, ақпараттық түсіндіру жұмыстарын кеңейту, хабарлау жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру арқылы студенттердің белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру маңызды екендігін көрсетеді.

**ҚОРЫТЫНДЫ**

2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде білім беру сапасын арттыруға, ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге, цифрлық трансформацияны жеделдетуге және білім алушыларға қолайлы академиялық орта қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстар атқарылды.

Университеттің кадрлық әлеуеті 425 профессор-оқытушы қызмет атқарып, олардың ғылыми дәрежесі мен атағы бар үлесі 52,4%-ды құрады. Білім алушылардың жалпы контингенті 8282 адамды құрады. Университетте бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлері бойынша білім беру бағдарламалары іске асырылуда.

2025-2026 оқу жылында **8D01403 – «Музыкалық білім», 8D01506 – «География педагогтерін даярлау», 8D01402 – «Дене шынықтыру және спорт педагогтерін даярлау»** білім беру бағдарламалары бойынша докторантура ашылып, реестрге тіркелді.

2025-2026 оқу жылында Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті педагогикалық білім беру сапасын күшейту мақсатында Дүниежүзілік Банктің **«Орта білім беруді жаңғырту»** жобасы шеңберінде келесі инновациялық білім беру бағдарламалары енгізілді: 6B01102 Психология; 6B01202 Мектепке дейінгі білім; 6B01302 Бастауыш білім; 6B01409 Дене шынықтыру және спорт; 6B01410 Музыкалық білім; 6B01514 Физика; 6B01517 Химия; 6B01518 География; 6B01802 Әлеуметтік педагогика.

Барлық білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесіне «Өзбекәлітану» пәні 3 кредитпен (2 лекция) енгізілді.

Барлық білім беру бағдарламалары дайындық бағытының ерекшеліктеріне байланысты 30 пайыздан аспайтын өзгерістер енгізіп Реестрге тіркелді.

2026-2027 оқу жылында қабылданған білім алушыларға арналған білім беру бағдарламаларына кіріктірілген және дербес «Микробіліктілік» бағдарламалары енгізілді.

Бітірушілердің жұмысқа орналасу бойынша 2025 жылдағы көрсеткіш 83 пайыз. Жалпы 2025 жылы бітірген 1995 түлектің, 1647 түлегі жұмыспен қамтылған .

**Тәрбие және әлеуметтік жұмыс бағытында** білім алушылардың азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, құқықтық және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған кешенді іс-шаралар жүзеге асырылды.

**Ғылыми-зерттеу қызметі бойынша** 13 ғылыми жоба іске асырылып, ғылыми жобалардың жалпы қаржыландыру көлемі 1 млрд теңгеден асты. Ғылыми кадрлардың әлеуетін арттыру, диссертациялық кеңестердің қызметін дамыту, халықаралық және республикалық конференциялар өткізу бағыттарында нәтижелер қалыптасты.

Университетте **4 диссертациялық кеңес** ашылды «Информатика педагогін даярлау», «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау», «Математика педагогін даярлау», «Химия педагогін даярлау», олардың шешімімен **3 докторантқа PhD дәрежесі** берілді.

**Интернационалдандыру дамыту бойынша** академиялық ұтқырлық, шетелдік ғалымдарды тарту, халықаралық келісімдер мен қосдипломды білім беру бағдарламаларын дамыту бойынша жұмыстар жүргізілген.

Халықаралықтандыру бағытында академиялық ұтқырлық бағдарламалары кеңейтіліп, шетелдік ғалымдар тартылды, халықаралық келісімдер саны артты. Университеттің халықаралық рейтингтердегі позицияларын жақсарту бойынша талдау жұмыстары жүргізіліп, QS Sustainability рейтингіне қатысуға дайындық басталды.

Сонымен қатар есеп нәтижелері университеттің одан әрі жетілдіруді қажет ететін бағыттарын да көрсетті. Атап айтқанда, кейбір білім беру бағдарламаларын лицензиялау, қосдипломды бағдарламаларды кеңейту, ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру, халықаралық рейтингтердегі позицияны жақсарту және қабылданған басқарушылық шешімдердің орындалуын толық қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыстарды күшейту қажет.

**ҰСЫНЫСТАР:**

Университет білім беру сапасын арттыруға, ғылыми әлеуетті дамытуға, білім беру кеңістігін интернационалдандыруға, тәрбие жұмысын жетілдіруге және материалдық-техникалық инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған негізгі қызмет бағыттары бойынша мынадай міндеттерді айқындайды:

**Стратегиялық даму бойынша:**

1. «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2023–2029 жылдарға арналған даму бағдарламасының негізгі түйінді көрсеткіштерінің орындалуын қадағалау (*Жауапты:сала проректорлары)*.

**Академиялық қызмет бойынша**

2. Оқытушы-профессорлар құрамының ғылыми әлеуетін күшейту, әр білім беру бағдарламалары бойынша ғылыми дәрежесі бар ОПҚ санын 50% -бен қамтамасыз ету (*Жауапты: Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Академиялық істер департаменті, кафедра меңгерушілері*);
3. Еңбек нарығының сұранысына сәйкес жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу, реестрден өткізу және тиісті лицензияларды алу (*Жауапты: Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Академиялық істер департаменті);*
4. Білім беру бағдарламаларын жаңарту және жетілдіру, халықаралық стандарттарға сәйкес қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын көбейту (*Жауапты: Академиялық істер департаменті, кафедра меңгерушілері);*
5. Жасанды интеллект технологияларын білім беру процесіне тиімді енгізу – оқыту мен бағалауда AI құралдарын академиялық адалдық талаптарын сақтай отырып қолдану және білім алушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту (*Жауапты: Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімі, кафедра меңгерушілері);*
6. Жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК) мен пәндер бойынша бейнелекциялар әзірлеу және түсіру жұмыстарын күшейту (*Жауапты: Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімі, кафедра меңгерушілері) ;*
7. Кәсіптік практика базаларын кеңейтіп, жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жетілдіру процесіне қатысуын күшейту (*Жауапты: Академиялық істер департаменті, кафедра меңгерушілері).*

**Тәрбие және әлеуметтік жұмысы бойынша:**

8. Университеттің барлық құрылымдары тәрбие жұмыстарында ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың жолдаулары мен Ұлттық құрылтайларда баяндаған «Әділетті Қазақстан», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан», «Адал адам» т.б. идеялары және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысына қойылатын талаптар, университеттің даму басымдықтары және Өзбекәлі Жәнібековтің ұлттық мәдениет, тарих, руханият және тарихи-мәдени мұраны сақтау бағытындағы идеялық мұраларын қолдану (*Жауапты: Ректорат, деканаттар, Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті, ОПҚ*).
9. ОПҚ мен білімалушылардың цифрлық, құқықтық, қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру бағытындағы жұмыстарды жандандыру. *(Жауапты: IT департаменті, Коплеанс-офицер, Деканаттар, Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті).*
10. Университеттің барлық білім алушыларына, соның ішінде бакалавриаттың I курсы үшін әлеуметтік жиынтық iGPA балл туралы түсіндіру және Platonus жүйесіне енгізу бағытындағы жұмыстарды одан ары ілгерілету (Жауапты: Деканаттар, жастармен жұмыс бөлімі).
11. Студенттердің өзін өзі басқару ұйымдарының және «Мұра» ұлттық шығармашылық орталығының жұмыстарын жандандыру және мәдени, спорттық және өнер, қолөнер үйірмелеріне қатысушылар санын арттыру бойынша жұмыстар жүргізу *(Жауапты: Деканаттар, мәдениет бөлімі, жастармен жұмыс бөлімі, «Мұра» ұлттық шығармашылық орталығы).*

**Ғылыми-зерттеу қызметі бойынша:**

12. Ғылымның өзекті, қазіргі таңда жоғары сұранысқа ие іргелі және қолданбалы бағыттарына сәйкес жобаларға және түрлі деңгейдегі гранттық жобаларға белсене қатысу *(Жауапты: кафедра меңгерушілері, ғылыми зерттеулер департаменті);*

13. Жас ғалымдарды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту жұмыстарын күшейту *(Жауапты: ғылыми зерттеулер департаменті);*

14. Университет профессор-оқытушы құрамының ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен және халықаралық рецензияланатын басылымдарда жарияланымдар санын арттыру (*Жауапты: кафедра меңгерушілері, ғылыми зерттеулер департаменті);*

15. Профессор-оқытушы құрамының зияткерлік меншік құқығын алу жұмыстарын күшейту *(Жауапты: кафедра меңгерушілері, ғылыми зерттеулер департаменті);*

16. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін коммерциализациялау конкурстарына қатысу белсенділігін арттыру *(Жауапты: Академиялық артықшылдық және коммерциализация офисі);*

17. 4 диссертациялық кеңес ашу *(Жауапты: сала проректоры, тиісті құрылымдық бөлімдер).*

**Интернационалдандыруды дамыту бағыты бойынша:**

18. Университеттің халықаралық рейтингтердегі позициясын жақсарту: QS World University Rankings, QS Asia Rankings, QS by Subject, Times Higher Education (THE), QS Sustainability Rankings және басқа да халықаралық рейтингтердің негізгі индикаторлары бойынша жүйелі мониторинг пен талдау жүргізу, рейтингтік көрсеткіштердің оң динамикасын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды әзірлеу және іске асыру *(Жауапты: сала проректоры, тиісті құрылымдық бөлімдер).*

19. Шетелдік жоғары оқу орындарымен және ғылыми ұйымдармен стратегиялық ынтымақтастықты кеңейту, оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларына, халықаралық ғылыми жобалар мен гранттық конкурстарға қатысу белсенділігін арттыру *(Жауапты: кафедра меңгерушілері, тиісті құрылымдық бөлімдер);*

20. Білім беру бағдарламаларын интернационалдандыруды жетілдіру мақсатында ағылшын тілінде оқытылатын пәндердің үлесін арттыру, шетелдік профессорларды оқу процесіне тарту және бірлескен/қос дипломды білім беру бағдарламаларын дамыту *(Жауапты: кафедра меңгерушілері, тиісті құрылымдық бөлімдер);*

21. Шетелдік білім алушыларды тарту және халықаралық рекрутинг жүйесін жетілдіру: университеттің білім беру бағдарламаларын халықаралық білім беру кеңістігінде ілгерілету, «Study in Zhanibekov University» ақпараттық алаңының жұмысын дамыту, шетелдік талапкерлерге ақпараттық-консультациялық қолдау көрсету, ағылшын тіліндегі ақпараттық контенттің қолжетімділігін арттыру және шетелдік талапкерлерді қабылдау процесін жетілдіру *(Жауапты: сала проректоры, тиісті құрылымдық бөлімдер).*

**SWOT—ТАЛДАУ**

| **S (strength) – күшті жақтары** | **W (weakness) –әлсіз жақтары** |
|---|---|
| – Инновациялық, бірлескен және қосдипломды білім беру бағдарламаларын дамыту бойынша тәжірибе жинақталған.<br>– Университеттің халықаралық академиялық ұтқырлық және ғылыми ынтымақтастық бағытындағы серіктестік желісі кеңейіп келеді.<br>– Ғылыми-зерттеу жобаларын қаржыландыру және ғылыми кадрларды даярлау бойынша оң динамика қалыптасқан.<br>– Цифрлық білім беру ресурстары, | – Кейбір стратегиялық және басқарушылық шешімдердің толық әрі белгіленген мерзімде орындалмауы.<br>– Қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларының санын арттыру қарқынының жеткіліксіздігі.<br>– Кейбір жоспарланған жаңа білім беру бағдарламалары бойынша лицензиялау жұмыстарының аяқталмауы.<br>– Ғылыми зерттеу нәтижелерін |

| | |
|---|---|
| Coursera, AI-Sana, Platonus және Documentolog сияқты цифрлық құралдарды қолдану тәжірибесі бар.<br>– Кәсіптік практика мен дуальды оқыту элементтерін іске асыру үшін жұмыс берушілермен тұрақты байланыс қалыптасқан.<br>– Білім алушыларды жатақханамен қамтамасыз ету мүмкіндігі жоғары деңгейде. | коммерцияландыру және стартап жобаларды дамыту деңгейінің жеткіліксіздігі.<br>– Университеттің халықаралық рейтингтердегі позициясының әлі де жетілдіруді қажет етуі.<br>– Халықаралық білім беру көрмелері мен кәсіби бағдар беру іс-шараларына қатысу белсенділігін одан әрі арттыру қажеттілігі. |
| **O (opportunity) –мүмкіндіктері** | **T (threat) – қауіп-қатерлер** |
| – Гази университетінің филиалын ашу университеттің халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциясын күшейтуге мүмкіндік береді.<br>– Шетелдік жетекші жоғары оқу орындарымен жаңа қосдипломды және бірлескен бағдарламаларды іске қосу.<br>– QS және басқа да халықаралық рейтингтерге жүйелі түрде қатысу арқылы университеттің халықаралық танымалдығын арттыру.<br>– AI, цифрлық педагогика және EdTech бағыттарының дамуы жаңа білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.<br>– Халықаралық гранттар мен жобаларға қатысу арқылы ғылыми зерттеулердің қаржыландырылуын арттыру.<br>– Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру және стартаптарды дамыту арқылы университеттің қосымша кіріс көздерін қалыптастыру.<br>– Жұмыс берушілермен және білім беру ұйымдарымен серіктестікті кеңейту арқылы білім беру бағдарламаларының практикалық бағыттылығын күшейту. | – Жетекші шетелдік университеттердің рейтингтік және академиялық талаптарының жоғары болуы.<br>– Ғылыми жобаларды коммерцияландыру үшін сыртқы қаржыландыру көздерінің жеткіліксіздігі.<br>– Қаржылық және материалдық ресурстардың шектеулі болуы стратегиялық жобалардың іске асырылу мерзіміне әсер етуі мүмкін.<br>– Білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды тарту және ұстап қалу мәселесінің өзектілігі.<br>– Білім алушылардың демографиялық және әлеуметтік өзгерістерге байланысты контингентінің өзгеруі. |